№28 (1548)
16 – 22 шілде
2020 жыл

ISSN 1999-5857

ANA TILI

1990 жылғы наурыздың 22-сінен бастап шығады

Ұлт Газеті

Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады

www.anatili.kz www.facebook.com/anatilikaz www.twitter.com/anatilikz e-mail: anatili_gazeti@mail.ru 16+

КӨЗІҢНІҢ ҚАРАШЫҒЫНДАЙ

АҒАЙЫННЫҢ АУЫЛЫ АМАН БА?

Қарағөз СІМӘДІЛ
«Ana tili»

«Бір алыстан, бір жақыннан ғажап әуен мені қораның төбесіне шегелеп тастады. Сәлден кейін әннің сөзін ажырата бастадым:
Қараймын қарайғанға қабан ба деп,
Атымды қамшылаймын шабам ба деп.
Сұраймын өткеннен де, кеткеннен де,
Ауылы бауырымның аман ба деп?!
Ол кезде амандықтан артық бақыт жоқ еді...
...Сол ызыңдаған ән әлсін-әлсін құлағыма әлі естіледі. Көзіме жас үйіріледі...»
Белгілі қаламгер, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Бексұлтан Нұржеке-ұлының «Ақжазықтың адамдары» атты шығармасында осы жолдар бар еді. Бүгін де сондай жайтты бастан өткереміз деп кім ойлаған? Әлеуметтік желілерде, газет беттерінде әлдебір танысының суреті шыққа, жүрек зырқ ете қалатын күй кешіп жүрміз. «Сұраймын өткеннен де, кеткеннен де, ауылы бауырымның аман ба деп?» деген әннің қадірі артып тұр. Жөн сұрасқанда да ең алдымен «амандықтың» жайынан бастайтын болдық.

Кім-кімге де өз жаны аяулы, өз өмірі қадірлі. Күллі әлемді жалмап бара жатқан дерт сол қадірлінді жоқ қылаын ойласан, жүрек сыздайды. Күніге арғы беттің кемесіне мінеп кеткендердің хабарын естіген сайын сол жүрек тіпті сыздай түспей ме? Олардың да өмір сүргісі келмеді деп кім айтты? Олардың да арманы, мақсаты, жоспары бар еді ғой. Өмір құны – бір жұтым ауа, өмір бояуы – иіс пен дәм сезу екенін осы күні барша адам түсініп келе жатқандай.

Келместің кемесіне әр адамды мінгізіп жіберген сайын бергі бетте мұңайып қалғандардың амандығын тілейсің. Амандықтан қадірлі ештеңе қалмағандай қазір.

Карантин тағы созылды. Тағы екі апта үйге қамалып, сырттағы ел-жұрттың амандығын тілейтін күн келді. Бастысы, үйге қамалған апталардан соң бейбіт, мамыражай күн орнаса дейсің. Осы сәттері күн-түн демей ауру жұқтырған жанның қасында өмір мен өлім күресінде арпалысып жүрген, әр жанның дертіне дауа ізделп шарқ ұрған дәрігер қауымның да амандығын тілейсің. Айлап жұмыс істеп, дерттің дауасын табу үшін жұмыс істеп жүрген ғалымдардың да аман болуын ойлайсың. Күллі жұрт, адамзат баласы осы дерттен аман шығып, бұрысыңғысынша бақуатты да бақытты ұмыры қайта орнайтынына және ол өмірдің қол созым жерде, таяу тұрғанына да сенесің...

Ағайынның ауылы аман болсын!

БҮГІНГІ САНДА:

Хан Жәңгірдің тоғайы жайрап жатыр 3-бет

Жаны ізгі жақсы аға 7-бет

Көмековтің Шоқаны 9-бет

АШЫЛМАҒАН АРАЛДАР

ИЕ мен КИЕ

Иә, топырағынан даналар мен дарындар мол шыққан көгілдір тау-лы бұл өлкеде кезінде осы жердің құты, айбары секілденген үш-төрт дегдар қариялар бар еді. Олар: Нүсіпбек Әшімбаев, Сейдін Сатаев, Сәрсенбай Байғұлов, Әлнұр Мейірбеков сияқты ел ағалары болатын. Ол кісілердің көзі тірісінде бұл аймақ берекелі, жері құйқалы-тын. Малы мыңғырып, ауылдары дәулетті де сәулетті көрінетін. Алдымен өмірден Сейдін қария озды. Содан соң Сәрсенбай ата кетті. Іле-шала Нүсекең де бақилыққа жол тартты. Ең соңынан Әлнұр ағаның да мәңгілік сапарға аттанғанын естідік. Қандай өкінішті... Қазіргі күйбең тірліктен есеңгіреп кеткен ауыл шалдарында шалғайдағы бір өңірге ие мен кие бола білген жоғарыдағы ардақты ата-ағаларымыздың жұғыны қалды ма екен, әлде қалмады ма екен. Әй, қайдам...

6-бет

АЙДЫҢ ТАСА БЕТІ

АУРУ МЕН ІНДЕТ:
ғасыр бұрын басталған күрес

ҚАЗАҚ АКСР-ы ҚҰРЫЛҒАНҒА ДЕЙІН

1916 жылы 25 маусымдағы ақ патшаның жарлығы қазақ даласында дүрбелеңге жол ашты. Қара жұмысқа адам беруден бас тартқан қазақ халқы кейбір аймақтарда ашық бас көтеріп, қолына қару алып атқа қонды. Әсіресе, мұның салдары көтерілістің Жетісудағы ошағы үшін орасан қайғылы болды. Сондай-ақ, Сырдария облысына қарасты кейбір уездердегі жазалау шаралары халықтың басына қара бұлт үйірді. Ақ патшаның жазалаушы әскері үйірген қайқы қылыш бастан кетпей жатып, 1917 жылғы Қос төңкеріс қазақ халқын әрісәрі етіп қойды. Қазақ оқығандарының бір бөлігі Түркістан автономиясын жақтаса, екінші бір бөлігі Алаш автономиясы үшін алашапқын болып, құрылмаған автономияның Алашорда атты үкіметін сайлады. 1918 жылы басталған азамат соғысы барысында қазақ оқығандары тағы да халықты дал етіп қойды. Бір бөлігі қазақтың ата жауы – ақ казақтармен ауыз жаласып жатса, екінші бір бөлігі большевиктер жағын қолдады. Мұндай көрсоқыр саяси күштердің оралымсыз әрекеттері қазақ халқы үшін орны толмас әлеуметтік апат алып келді.

1918 жылдың басында Сырдария облысының қазақтары арасында ашаршылық басталды. Бұл аштық 1918 жылдың жазында Түркістан Республикасына қарасты көшпелі және жартылай көшпелі қазақ болыстарын түгел қамтып, халық жаппай қырыла бастады. «Жұт жеті ағайынды болады» демекші, аштықтан жілік майы жұқарған халық арасында жұқпалы аурулар мен індеттер тарап, 3 миллионға жуық адам аштық азабын тартса, соның 1 миллионнан астамы опат болды. Осындай жағдайда, халық арасынан суырылып шыққан қайраткер Т.Рысқұлов өзі жүргізген саяси күрес нәтижесінде 1918 жылы 5-15 қазан аралығында Ташкентте өткен Түркістан кеңестерінің төтенше VI съезінде ТАКСР ОАК мүшесі болып сайланып, республиканың Денсаулық сақтау халық комиссары қызметіне тағайындалады. Т.Рысқұловтың күш салуымен комиссариаттың жұмысы қайта құрылып, барлық күш халық арасында кең тараған жұқпалы ауруларды жою мен олардың алдын-алу шараларын ұйымдастыруға жұмылдырылды. Бірақ, Денсаулық сақтау халкоматының жұмысы алға баспады. Аштыққа ұшырап, аурудан қырылып жатқан халықтың жағдайын жақсарту ісі көптеген кедергілерге тап болды. Аштық жайлаған халық арасында міндетті түрде жұқпалы аурулар тарап, өлім-жітімнің екі еселенетіні әлімсақтан белгілі.

«Жұқпалы аурулардың аштық топырағынан нәр алып отырғанына көз жұмып қарамау керек» деген Т.Рысқұлов 1918 жылы 28 қарашада комиссарлық қызметтен бас тартып, Аштықпен күресетін Орталық Комиссия құрады. Ол кезде Т.Рысқұлов небәрі 24 жаста болатын. Жастығына қарамастан қысқа уақыт ішінде үкімет құрамында үлкен бедел жинап, Түркістанға танымал қайраткерге айналады. Т.Рысқұловтың ұйымдастырушылық талантының арқасында орыс большевиктері мұсылман жұртшылығы ортасындағы сұрапыл ашаршылықты мойындап, азық-түлік пен ақша бөлуге мәжбүр болады. Аштықпен күрес комиссиясының республикалық, облыстық, уездік, болыстық және қалалық бөлімшелері ашылып, бүкіл республикада 1200-дей қоғамдық тамақтандыру орындары, жетім балалар үйлері, жұқпалы ауруларға арналған емханалар ашылады. Т.Рысқұловтың шақыруымен Түркістан өлкесінің 11 000 отаншыл жастары комиссия бөлімшелеріне тартылды. Бес-алты айға созылған арпалыстан кейін 1919 жылдың көктеміне қарай Түркістанда ашаршылықтың беті қайтты. Төніп тұрған ажал тырнағынан статистикалық деректердің мәліметінше тура 1 000 000 адам құтқарылды. Аштықпен күрес дегеніміз, ең алдымен ұлттың тұқымын сақтау жолындағы арпалыс болатын.

Бұл кезде, әлемді шарпыған пандемия – «испан вирусы» дуние жүзінің халқын баудай түсіріп жатқан екі. 1918 жылы 8 миллион испанды тұралатқан бұл вирус – 1918-1919 жылдары әлемнің 400 миллионнан астам тұрғынына таралып, оның ¼-і опат болды. Ресми деректер бойынша, кеңестік Ресейде бұл індеттен 3 миллионнан астам адам каза тапқан (халықтың 3,4 %-ы). «Испан вирусының» қазақ даласына таралуы туралы нақты мәліметтер жоқ. Себебі, азамат соғысы етек алған өлкеде 1918-1919 жылдары қандай аурулардың болғанын тіркейтін статистикалық жұмыстар дұрыс жүргізілмеді. Мұның барлығы алдағы уақытта арнайы зерттеу жұмысын жүргізуді қажет етеді.

1920 жылы 26 тамыздағы РКФСР Бүкілресейлік ОАК мен ХКК-нің «Автономиялы Қырғыз (Қазақ) Социалистік Кеңестік Республикасын құру туралы» декретіне сәйкес ҚАКСР-дегі істерді басқару үшін құрылуы тиіс халкоматтармен бірге денсаулық сақтау халкоматын құру көзделді. Оған дейін ҚАКСР-ын құру жұмыстарына дайындық жүргізген Қазревком құрамында денсаулық сақтау бөлімі жұмыс істеп, оған 1919 жылдың қарашасынан 1920 жылдың 13 қыркүйегіне дейін А.А.Демченко, одан кейін С.Арғыншиев басшылық жасаған болатын. Денсаулық сақтау бөлімі құрамында емдеу, санитарлық-эпидемиялық, фармацевтикалық, статистикалық, бухгалтерлік және жалпы кеңсе бөлімшелері жұмыс істеген еді. Бөлім азамат соғысы жылдары күйреген емханаларды қалпына келтіре отырып, Қазревкоммен байланысы жақсы Орал, Ақтөбе, Торғай облыстары мен Темір аймағындағы емдеу ісін ұйымдастыруға баса назар аударды. Ал Қазақстанның басқа аймақтары бақылаусыз қалды.

(Жалғасы 4-бетте)

ТОЛЫҚ ШЫНДЫҚ...

Баршаңызға мәлім, жақында ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының «Ана тіліне» берген сұхбаты қоғамда үлкен сілкініс туғызды. Үлкен талқылаулар болды. Еліміздегі негізгі жеткеші теле және радиоарналар, республикалық, облыстық басылымдар, әсіресе әлеуметтік желілер мен сайттар, интернет порталдар апта бойы осы сұхбатты тармақ–тармаққа жіктеп отырып, талдады, таразылады. Журналистер қауымы «ел басшысының сұхбатында айтылған негізгі бағыттардың орындалуын, жүзеге асуын әрбір ақпарат құралы тікелей назаға алу керек, өзімз сәт сайын қозғау салып отыруымыз қажет» деген де байламдарын жазып жатты. Әртүрлі әлеуметтік ортадан құралған Қазақ қоғамындағы ел ертеңі мен ұлттың болашағына бей-жай қарай алмайтын негізгі топ мемлекет басшысының сұхбатын нақты бағдарлама, тұжырымдама ретінде қабылдау керектігін баса айтты. Зиялы қауым өкілдері, тілші ғалымдар баса назар аударды. Тиісті ведостволар мен мемлекеттік құрылымдар, рухани бағытқа жауапты құзырлы орындар өз тараптарынан атқарылуы тиіс міндеттерді жүйелей бастағаны да даусыз.

Жанарбек ӘШІМЖАН,
«Ana tili»

Әрине, демінен демократияның лебі есіп тұрған дәл қазіргі қоғамда пікірдің бәрі бір арнада тоғысуы мүмкін емес. «Қанша адам болса сонша пікір бар» десек те, үлкен жақтан алғанда негізгі ортақ құндылыққа келгенде басым пікірдің бір арнадан табылғаны лазым.

Бұл сұхбатты «атты адам түсіп, жаяу аядам жатып тұрып» жүз пайыз кос қолын көтеріп қолдады деуден аулақпыз. Бірді-екілі жөнді-жөнсіз пікірлер де айтылды. Мәселе – мемлекеттік тілдің конституциялық мәртебесіне қатысты. Осы орайда, қоғам белсендісі, тіл жанашыры Дос Көшімнің қазақ тілінің жай-күйіне алаңдаушылығын білдірген «Жас Алаш» газетінде жарияланған (***Жартылай шындық өтірікпен тең, 30.06.2020***) пікіріне арнайы тоқталғанды жөн көрдік. Саясаттанушы сұхбатта айтылған тілдік және ұлттық мәселені төрт жікке бөліп, өз үнін жеткізіпті.

Дос Қалмаханұлы – Тәуелсіздік дәуірінен бергі кезеңде кейбір ұлттық мәселелерге, әсіресе Қазақ тілінің ахуалына байланысты тұрақты түрде, түрлі форматта қоғамдық ой-санаға ықпал ету үшін өз үнін, іс-қимылын таныпын келе жатқан белсенді тұлға. Арнайы қоғамдық ұйым құрып ұлттық бағыттағы жанайқайын конструктивті жолмен дәлелдеуге күш салып келеді. Әсіресе, қоғамдық ұйымдарға бөлінетін түрлі гранттарды пайдаланып солтүстік өңірлердегі өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту, үйрету үшін арнайы жоба жасап, бірнеше жыл сол аймақтарда жата-жастана жұмыс жүргізгенін біледі. Бұдан басқа да саяси жобалармен айналысып жүр. Және ұзақ жылдардан бері қоғамды сауықтыру, ағарту ниетімен белсенділ келеді.

Сұхбатты күллі жұрт оқыды деуге болады. Сондықтан мемлекет басшысының сұхбатынан ұзын-сонар ұзінділер келтіріп, артық қадамға бармай-ақ қоялық. Онсыз да қоғам белсендісі мақаласында бес ұзінді келтіріпті (оның төртеуі мемлекеттік тіл – қазақ тіліне қатысты, біреуі телевизиялық бағдарламаларға байланысты) және бәріне өз көсібіне сай сараптама жасапты.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: **«Біріншіден, қазақ тілінде сөйлеу мақтанып болуы үшін қоғамда оған деген қажеттілікті арттырған жөн. Мемлекеттік қызметке, оның ішінде, халықпен тығыз жұмыс істейтін лауазымға тағайындау кезінде кәсіби біліктілігіне қоса, қазақ тілін жақсы білетін азаматтарға басымдық беру керек. Парламентте немесе баспасөз мәслихаттарында мемлекеттік тілде сөйлеп, пікір алмаса алмайтын мемлекеттік қызметкер ұғымы, ең алдымен, қазақ азаматтарының арасында – анахронизмге айналуға тиіс», –** деп ашық айтты.

Бұл үзіндіні арнайы алып отырмыз. Не үшін? Түсінген жанға сұхбаттың негізгі түйіні, басты ұстанымы, болашаққа деген бағдары осы тұстан бастау алатындықтан! Бұдан артық қалай айтуға болады? Ал **Анахронизм –** ауыспалы мағынада ескіннің қалдығы, жаңа заман дүниетанымымен сәйкеспейтін, көнерген, күні өткен көзқарас деген ұғым біддіретінін кітап тауысқан сіз білесіз, Дос мырза! Күллі ғылыми ортаға екібастан мәлім. Дәл сол сұхбат жарық көрген күндері қарапайым халықтың дәл осы атасы басқа сөздің тегін қазып, түбін қопарып, мағынасын іздегені даусыз. Көзін де жеткізді, көңілін де сендірді!

Өзіңіз оңтүстік өңірде туғанмен солтүстік аймақтарда әлгі жоба-жоспармен жүрген «соқтықпалы сокпақсыз» жолыңызда тілдік мәселеңіз қаншалықты нәзік нәрсе екенін жанжүйеңізбен сезіндіңіз, оған дау жоқ. Ол туралы жекелеген сұхбаттарыңызда да сан рет айттыңыз. Олай болса, ең үлкен мінбеден айтылған «Анахронизм» ұғымын алға сала отырып, тіл саясатын айқайға сүрең коспай, баппен, нақты қадамдармен, алыстағы сан соққан елдер мен жақындағы там соққан жұрттың тәжірибесін ой елегінен өткізе отырып жүзеге асырған дұрыс-ақ. Тіл саясаты тізгінсіз кетсе, бірінші кезекте бесіктегі сабидей өбектеп отырған Тәуелсіздікке қауіп төнетіні айдай ақиқат. Құдай сақтасын, «жер астынан жік, кос құлағы тік шықсын» деп осы қоғамның қоламтасына ши жүгіртіп отырған ниеті бөтен, ойы бұзықтар аз емес. Дос Көшім «Тіл мәселесі – саяси мәселе емес. Бұл – лингвистикалық мәселе», – деп тұжырыпты. Нақты логикалық шешімге салса солай-ау, алайда отқа май құйып, ұлтаралық жік тудырып, бөгде жалау ұсатып, көпке алау тұтатып, мәлім де беймәлім саяси сарапшыларға баға бергізіп, алыс-жақын елдердің ішіндегі «жоба топтарды» ұйыстырып, тілді саясатқа айналдырғаннан Құдай сақтасын! Атын атап, түсін түстеп, бәле шақырмай-ақ қоялық, оған алысқа бармай-ақ Достастық елдеріндегі шоқ басқан мысалдар аз емес. Дәл осы арада ел Президентінің:

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ ТАРИХ ТАРАЗЫСЫНДА ТҰР

(Мемлекет басшысының республикалық «Ана тілі» газетіне арнайы берген сұхбаты)

«Шындығында, тілдік проблеманың үлкен саяси мәні мен маңызы бар. Тіл мәселесіне бей-жай қарап, немқұрайдылық танытатын болсақ, мемлекеттігіміз бен ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіріп алуымыз мүмкін. Бұған Украинаны мысалға келтірсек те жеткілікті деп ойлаймын. Мемлекеттік тілді дамыту ісінде қызбалыққа салынып, оның қолдану аясын күшпен кеңейтуге ұмтылудың кері әсері болары анық. Өйткені оның соңы ұлтаралық араздыққа дейін жетуі мүмкін. Сонымен қатар бұл тұрғыда геосаяси жағдайды да назардан тыс қалдырмауымыз керек. Әсіресе Ресеймен арадағы шекарамыздың әлемдегі ең ұзын шекара екенін де әсте естен шығармаған жөн. География – геосаясаттың маңызды факторының бірі. Бірақ бұл мемлекеттік тілге қатысты жұмыстарды тоқтатып қою керек дегенді біддірмейді. Қайта оны ыншынсыз, айғайламай, қызбалыққа салынбай, бірақ табанды түрде жалғастыра беру қажет», – деген сөзін мысалға алмасқа лажымыз жоқ.

Сонымен қатар, қазақ тілін жақсы білетін өзге ұлт өкілдерін неге қолдамаска? Президент айтқандай, **«Мұндай азаматтар қазақ тілінің деңгейін ұлтаралық қолданыс дәрежесіне көтеруге көмектеседі».** Бұл – ұлт пен ұлыстарды тілі мен діліне қарай бөлшектеу емес қой... «Әрине, бұл пікіріңізді саяси тәсіл ретінде қолдаймын», – деген Дос Көшімнің өзі айтып тұрғандай, айла-амал, тәсіл ғой. «Сөзіңді біреу сөйлесе...» деп сырттай сүйсініп, өз қам-қарекетімізді неге жасай бермеске?

Ел-халық Дос Көшімді кез келген саясиәлеуметтік мәселеге ғылыми тұрғыдан баға беріп, қоғамды да соған үндеп жүрген азамат ретінде, ұлтшыл азамат ретінде біледі.

Өзі де жоғарыда айтылған мақаласның әр бөлігін сараптар тұста «Өте тамаша және нақты дұрыс пікір. Бұл менің 32 жыл бойы айтып жүрген сөзім», «Өте дұрыс пікір. 100 пайыз қолдаймын. Орыстандыру саясаты өтіп кеткен Қазақ елінде бір-бірімізге түсініктіпен қарағанға не жетсін?» – деген емеурін танытыпты.

Мемлекеттік тілдің мәртебесі жолында ұзақ уақыттан бері еңбек етіп келе жатқан Дос Көшім мырза, бір сұхбатыңызда:

– Жалпы, біз Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетімен бірлесіп орыстілді қауым көп шоғырланған өңірлерге барып, мемлекеттік тілдің мәнін, маңызын түсіндіру ісімен төрт жылдан бері айналысып келеміз. Солтүстік Қазақстан мен Қостанай облысында бірнеше жиын ұйымдастырыдық. Қазір Ақтөбе облысында жүрміз. Ақтөбеден кейін Батыс Қазақстан, Павлодар облыстарын аралаймыз. Кездесу болғаннан кейін әртүрлі пікірталастар болып қалуы заңдылық. Десе де қазір сонау тоқсаныншы жылдардағыдай біржақты сынарезулеп кету жоқ. «Орыстілділерге мемлекеттік тілді меңгерту үшін не істеу керек?» деген секілді сұрақтарға жауап іздеп, оларға ой салатындай әңгіме айтуға тырысамыз. Лингвистиканы ұлттық мәселеге айналдыруға болмайтынын, ұлтаралық жанжал тұғызуды зардаптарын тігісін жазып түсіндіреміз. Біз барған елдімекендерде 25/30 пайызы ғана – қазақтар. Тілдік орта жоқ. Олар осыны алға тартып, ақталуға тырысады. Десе де, мемлекеттік тіл қазақ тілі екенін, қазір еліміздегі қазақ тілді аудиторияның үлес салмағының артып келе жатқанын мысалдар келтіре отырып, болашақты да ойлау керектігін алға тартамыз, – деп еңіледі.

Тіл жолындағы күрес осылай өзіңіз айтқандай суды тұбіне жасырған шыныраулы инемен қазғандай тірлік емес пе?

Ал мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ұлт зиялылары мен тіл жанашырларына, жаңа бұын жас ұрпаққа, мемлекеттік қызметшілерге, жалпы қоғамға бағдаршам ретінде арнайы «Ана тілі» арқылы берген толық шындыққа құрылған сұхбатының түп мақсаты не деп ойлайсыз?

ДЕНСАУЛЫҚ

ОҚШАУЛАНУ МЕН ОНЛАЙЫН ЖҰМЫС ЖАЛҒАСАДЫ

Елімізде короновирус жұқтырғандар саны сегіз мыңға жуықтап, одан қайтыс болғандар төрт жүзге жетіп қалды. Эпидемиялық ахуалдың ушығып бара жатқанына аландаған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев карантин режімін тағы екі аптаға созатынын хабарлады. Бұл туралы Ол өзінің Twitter-дегі парақшасында жазып, осы екі аптада Үкіметке карантиндік шаралар жүзеге асыруға нақты–нақты тапсырмалар берді.

«Еліміздегі эпидемиялық ахуалға байланысты карантин режімі тағы екі аптаға созылып, шілденің соңына дейін жалғасады. Ертең Үкіметтік комиссия шешім қабылдайды. Азаматтарымыз денсаулығын сақтау үшін карантиннің негізгі талабы өзін өзі оқшаулау шарасын қатаң ұстануы қажет» делінген Президенттің хабарламасында. Сондай-ақ Мемлекет басшысы Twitter-дегі парақшасына: «Қазір жағдайдың реттеле бастағанынның алғашқы нышанда-ры байқалады. Ахуалды толық тұрақтандыру үшін алдағы екі аптаның маңызы зор. Мұқтаж жандарға Үкімет шілде айына 42,5 мың теңге төлейді» деп атап өтті.

Енді осы екі аптада оқшаулануды қағаз жүзінде емес, іс жүзінде барлық деңгейдегі әкімшіліктер мен жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыруы тиіс.

Н.АБАЙҰЛЫ

ДЕР КЕЗІНДЕ АЙТЫЛҒАН ҰЛЫҚ СӨЗ, ҰЛАҒАТТЫ ОЙ

Мемлекет басшысының мәлімдемесін оқудан туған ой

Сөз сиқыр жазады ғой жараны да

Мағжан Жұмабаев

«Шын сөз – құдіретті сөз» депті Мұхаммед пайғамбар. «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал» дейді хакім Абай. Тәтті өтіріктен ащы шындық артық. Әлемді әбігерге салған тәжтажал – короновирустан қазақ даласы қара жамылды. Бұл індеттің тоқтайтын түрі жоқ. Күн сайын емес, сәт сайын өршелене өршіп, жылан қайғы жүректі аяусыз шағып, улап жатыр. Ел басына күн туған осындай аса қиын кезеңде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев тағы да мәлімдеме жасап былай деп қадап айтты:

«Өкінішке қарай, біздің елдегі жағдай да оңай болып тұрған жоқ. Мемлекеттік комиссияның шешімімен 5 шілдеден бастап елімізде екі апталық мерзімге карантин шаралары енгізілді. Бұл аса қажетті шешім болды. Жағдайдың тұрақталатыны сөзсіз. Оның алғашқы белгілері де бар. Сондықтан, алдағы екі апта біздің болашақ қадамдарымыз үшін шешуші кезең болмақ. Барлық азаматтарды тағы да карантин ережелерін қатаң сақтауға шақырамын. Індетпен күрестің нәтижелі болуы, ең алдымен, барша жұрттың саналы әрекеті мен жауапкершілігіне байланысты».

Мемлекет басшысының мәлімдемесінде де кезінде айтылған ұлық сөз, ұлағатты ой көп. «Індетпен күрестің нәтижелі болуы, ең алдымен, барша жұрттың саналы әрекеті мен жауапкершілігіне байланысты» деген сөзі Ибн Синаның:

Үрей – дерттің жарымы,
Сабыр – емнің жарымы,
Тәзім – сауығудың басы, – деген ұлы ой, ұлағатты сөзімен үндесіп тұрған жоқ па?!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың:

«Үкімет пен әкімдер халқты барлық қажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету үшін шұғыл жұмыс жүргізіп жатыр. Ауруханалар үшін 30 мыңға жуық науқасқа арналған дәрі-дәрмек қоры сатып алынды. Бұл қазіргі қажеттіліктен 70%-дан көп (шамамен 18 мың адам ауруханаға жатқызылған жағдайда). Жұмыс жалғасуда. Бөлшек сауда желісіне қажетті дәрі-дәрмектер жеткізілуде: 800 мың қаптама парацетамол жеткізілді, аптаның соңына дейін тағы 900 мың қаптама жеткізіледі. Дәріханалар желісіне 150 мың қаптама антибиотиктер жіберілді. Санаулы күндердің ішінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету проблемасы шешімін табады. Азаматтардан тағы да өтінерім: дәрі-дәрмекті артық сатып алып, шу мен сұраныс тудырмасаңыздар екен» деген сөзімен қалай келіспессіз? Тоқаевтың:

«Дәрі-дәрмектерді, өкпені жасанды желдету құрылғыларын сатып алуға, медицина қызметкерлерін ынталандыруға және басқа да шұғыл шараларға кем дегенде 150 млрд теңге бөлінеді, сондай-ақ бұл қаржының жұмсалуы ерекше бақылауда болады», - дегені де жүдеген жүректерде үміт отын жақты.

Мемлекет басшысының: «2020 жылы 13 шілде коронвирус індетінен қайтыс болған азаматтарды еске алу жалпыұлттық аза тұту күні болып жарияланғанын» деген жарлығы дер кезінде қабылданғанын дұрыс шешімдердің бірі. Біздің бұған қосар ұсынымыз:

Елде төтенше жағдай жариялау керек!

Карантин режимін күшейту керек.

Барлық қонақ үйлер мен әскери госпиталдар, жатақханалар ауруханаға айналуы тиіс.

Медицина саласының ардагерлері мен студент жастарды дәрігерлер сапына қосу қажет.

Қажетті дәрілер мен жедел жәрдем көліктерін шұғыл сатып алу керек.

Жедел жәрдем жасайтын дәрігерлік топтар көбейсін.

Қоғамдық көліктерде тексерушілер, көшелерде полицейлер сақтық шараларын сақтамаған азаматтарды тәртіпке шақырыуын күшейту шарт.

Хосе Ортега-и Гассет айтқандай: «Өмір сұру үшін нендей хал кешпекті таңы да шешпек керек». «Сол кеппен шығар күн, сол кеппен батар мұнар күн...»

«Құрметті отандастар! Біз – талай зобалаң мен сынақты бастан өткерген, тарихтың талай дауылына бой бермеген халықпыз. Батыр бабалардың жолын жалғаған бүгінгі ұрпақ та қазіргі қиындыққа төтеп береді деп сенемін. Бәлкім, бұл біздің бірлігімізді байқау үшін берілген сынақ шығар. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ұйымдаса білсек, бұл сыннан да өтеріміз. «Денсаулық – зор байлық» деген халқымыздың дана сөзінің қадірін білейік.Әр азаматтың амандығы үшін күресейік! Баршаңызға мықты денсаулық, мызғымас береке-бірлік тілейімін!» деді Мемлекет басшысы мәлімдеменің соңында.

Құлтегіннің үлкен жазуында айтылғандай:

Көкте Тәнірің бүлінбесін де,
Табанда Жерің тілінбесін де...

Алла өзі сақтасын, үмітімізді ақтасын. Ақырзаман болмаса Мемлекет басшысы айтқандай: «Біз бұл сыннан шыңдалып шығамыз»

Біз біргеміз,
Сызат түсіп сөгілмейді іргеміз!
Аман болайық!

Сәбит ДОСАНОВ,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

АЛМАТЫ

ҚҰРМЕТ

Дәрігерлер – Еңбек Ері

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 13 шілдені коронавирустан қайтыс болғандар үшін ұлттық аза тұту күні деп жариялағаны белгілі. Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы жарлығы негізінде қайтыс болғаннан кейін дәрігер Олег Исаев пен Қалихан Қозбағаров марапатталды. Марқұмдарға жоғары дәреже – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы мен ерекше белгі – «Алтын жұлдыз» және «Отан» ордені берілді.

Олег Исаев – Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы Көкшетау қалалық көп салалы ауруханасының бөлім меңгерушісі. Ал Қалихан Қозбағаров – Ақтөбе облыстық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасының бас дәрігері болып қызмет атқарған.

Қазақстан президенті қызметтік борышын үлгілі атқарып, азаматтардың денсаулығын сақтаудағы табанды еңбегі үшін медицина саласының маркұм болған тағы бірқатар қызметкерлерін «Барыс», «Парасат» және «Құрмет» орденімен наградтады. Олардың қатарында өңірлердегі мамандандырылған ауруханалар мен медициналық орталықтардың дәрігерлері, бөлім меңгерушілері, инфекционистері, сонымен қатар медициналық жедел жәрдем станциясының дәрігерлері, фельдшерлер, санитарлар, қатардағы қызметкерлер мен көлік жүргізушілері де бар.

Коронавирус пандемиясының құрбандарын ұлттық аза тұту күні Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой осы індеттің салдарынан жақындарынан, туған-туыс, бауырларынан, әріптестерінен айырылған еліміздің барша тұрғындарына көңіл айтты.

«Осы күндері менің әріптестерім – дәрігерлер мен медицина қызметкерлері өмірден озды, мәңгілікке көз жұмды, олар күтпеген қауіп-қатермен бетпе-бет келді, соңы демдері қалғанша күресті. Бұл қайғылы жағдай біз үшін орны толмас қаза. Олар өмірінің соңына дейін дәрігерлік борышын жанқиярлықпен атқарды. Біздің есімізде олар мәңгі нағыз батыр болып қалады» деді А.Цой.

Үкімет медициналық ұйымдарға және дәріханаларға қажетті дәрі-дәрмектерді жеткізу бойынша шұғыл шаралар қабылдауда, қосымша төсек орындар ұйымдастырылуда, шетелдік сарапшылармен бірлесіп коронавирусты емдеу әдістері жан-жақты зерделенуде және жетілдірілуде. «Біз біргеміз, панедмияны жеңіп шығу үшін барлық күш-жігерімізді жұмылдырамыз. Біз бұл қиындықты жұмыла отырып, және алатынымызға сенімдімін» деп атап өтті бас дәрігер Алексей Цой.

Айта кетейік, еліміздің Денсаулық сақтау министрлігі Ұлттық аза тұту күнінде коронавирус індетімен күрес жолында бақылық болған барлық дәрігерлердің тізімін жариялады.

Н.БАТЫР

БІЗ БІРГЕМІЗ!

МЕДИЦИНА
қызметкерлеріне көмек

«Qolda» шұғыл көмек жобасы аясында COVID-19 күресін жатқан медицина қызметкерлеріне көмек көрсетілді. AqJúrek жобасы басталғалы төрт ай ішінде 19 клиника мен медициналық орталыққа көмек көрсетілген еді.

AqJúrek бастамасының мақсаты – COVID-19 пандемиясы кезінде медицина қызметерлерін ыстық тамақпен, азық-түлікпен, жеке қорғаныс және гигиена құралдарымен қамтамасыз ету. Дағдарыс уақытында тамақты жеткізу және сатып алу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, жеке қорғаныс құралдарын өндіретін цех жұмысын ұйымдастыру арқылы жұмыс орындарын сақтауға және ашуға ықпал ету.

«Qolda» шұғыл көмек жобасы аясында Еуразия Орталық Азия Қоры және «Шеврон» компаниясымен серіктестікте 2306 түскі ас және 500 қорғаныс экраны жеткізілді. Ыстық тамақпен Изатима Жекенова атындағы қалалық клиникалық аурухана, Қазақстан санаторийі, ІІМ Госпиталі, Орталық қалалық клиникалық аурухана, №2 Балалар қалалық клиникалық аурухана қызметкерлері қамтылды. Қорғаныс экрандары Орталық қалалық клиникалық аурухана мен Шу қалалық клиникалық ауруханаға жеткізілді.

2020 жылы 23 наурыз бен 28 маусым аралығында «Тауасар» қоғамдық қоры Еуразия Орталық Азия Қоры және «Шеврон» компаниясымен серіктестікте ұйымдастырып жатқан «Qolda» шұғыл көмек жобасы аясында 2230000 теңге, Халықаралық фармацевтикалық компаниялар қауымдастығынан 2000000 теңге, Сорос-Қазақстан Қорынан 10455000 теңге, Kusto қорынан – 3582300 теңге, 458 жеке тұлғадан 7543333 теңге көлемінде қаражат жиналды.

Қаржы коронавирус індетімен күресін жатқан медицина қызметкерлеріне ыстық тамақта (түскі және кешкі ас), азық-түлік, жеке қорғаныс және гигиена құралдарын алуға жұмсалды.

«AqJúrek акциясына көмек қолын созған жомарт жандардың және ұйымдардың арқасында жүздеген дәрігерлер, санитарлар, мейірбикелер, жедел жәрдем қызметкерлері және басқа да медицина саласындағы қызметкерлер ыстық тамақ, ЖКҚ ғана қамтылған жоқ, олар қазақстандықтардың қамқорлығын, қолдауын сезінді» дейді «Тауасар қоры» КҚ атқарушы директоры, AqJúrek жобасының үйлестірушісі Ажар Жандосова.

AqJúrek қайырымдылық бастамасы инфекциялық және провизорлық клиникалардағы медицина қызметкерлеріне көмек көрсетумен шектелмеді. Жоба барысында карантин кезінде жұмыс орындарын сақтап қалуға және жаңа мүмкіндіктер беруге ықпал етті. Мәселен, AqJúrek бастамасы аясында клиникаларға берілген жеке қорғаныс құралдарын алматылық кәсіпкер, AqJurek тобының мүшесі Жандос Сейіт дайындады. Ол қолданыстағы стандарттарға сәйкес жеке қорғаныс құралдарын дайындаумен және тігумен айналысты цех жұмысын іске қосты.

Естеріңізге сала кетейік, AqJúrek бастамасына Орталық Азияның Еуразия Қоры «Шеврон» компаниясымен бірге карантиннің халыққа тигізетін кері әсерін төмендету, қоғамдық және еріктілер ұйымдарын қолдау, БАҚ арқылы халықты ақпараттандыру мақсатында ұйымдастырып жатқан «Qolda» шұғыл көмек жобасы аясында қаржылай қолдау көрсетілген болатын.

С.ӘБДІҒАППАР

ҚР ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІНІҢ
және БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІГІНІҢ НАЗАРЫНА!

ХАН ЖӘҢГІРДІҢ ТОҒАЙЫ ЖАЙРАП ЖАТЫР

Бөкей Ордасы десе, алдымен аспанмен таласқан қарағайлар көзге елестейді. Ғасыр жасаған алып теректер соңғы кездері көркінен айырылып, сұрықсыз кейіпке енген. Тәкаппар басын бұлттармен таластырған қарағайлардың бүгінде халі мүшкіл. Қысы-жазы өңін бермейтін келбеті өзгеріп, жапырақтары құрап, құлап жатыр. Жанды ауыртатын көрініс. Қаны бөкейлік жұртшылықтың бәрі бұл лажсыздыққа күйініп, дабыл қағуда. Қолдан келер дәрмен жоқ. Тарихқа тұнып тұрған кәрі Ордаға ағаш отырғызу сонау 1832 жылы бастау алғаны белгілі.

ҚАРАҒАЙЛЫ ОРМАНҒА ҚАУІП ТӨНУДЕ

Жәңгір хан «хан ставкасын» құм басып қалмас үшін Ордаға қылқан жапырақты орман теректерін еге бастаған. Соның арқасында ауыл маңы қарағай мен тал-теректің неше бір түрі өсетін бірегей орманды алқапқа айналғанына тарих куә. Нақты фактілермен сөйлер болсақ, 1832 жылы белгілі топырақтанушы ғалым Г.Карелин Хан Ордасында болған кезінде құм көшкінін тоқтату үшін ұсыныс жасаған. Алдымен, құмды топыраққа құмаршық, қияқ сынды шөптер отырғызылған екен. Кейін Нарын орман шаруашылығының орманшысы М.Турецкий мен оның көмекшісі В.Полецкий ағаш отырғызу жұмыстарын қолға алған. Жас өскіндерді қорғау мақсатында Жәңгір хан орманда мал бағуға, ағаш кесуге тыйым салған. Бұл іс жалғасын тауып, 1888 жылы Астрахан орман қорғау комитеті 140 мың гектар алқабы бар Нарын орман шаруашылығын құру туралы қаулы қабылдаған. 1890 жылы сол шаруашылық үлкен мекемеге айналған. Жәңгір ханның бастамасымен Хан Ордасына көрік берген сол бір алып теректердің соңғы кезде күйі қашып, жапырақтары сарғайып, тіпті құрап жатқаны бөкейліктердің түн ұйқысын төрт бөліп жүр. Бүгінгі бас ауруы – қарағай түгіл, енді жерге шөп шықпай қалу қаупі барына ауыл халқы алаңдаулы. Сор маңындағы бір шақырымға жуық жерді аппақ тұз басқан. Бұрын ауыл тұрғындарының айтуынша, соры бар жерлер суға толып, ол айналасы ми батпақ боп жататын. Ол жер де су тапшылығынан кеуіп қалған. Бүгінде 16405 га (орман) қоры бар шаруашылықта жыл сайын 95 га екпе отырғызылады. Соның ішінде 15 гектары қарағай. Әйтсе де орманның күйін көріп еріксіз жылайсың. Бұл мәселе жөнінде бірнеше мәрте аудан, облыс басшыларына (басшылар ауысқан сайын) ұсыныс тастаған. Орданың нағыз жанашырлары, намысты азаматтар ұйымдасып, осы жағдайдан шығар жол іздеп, құзырлы орындарға шырылдап жүріп бірнеше мәрте өтініш жазғанымен, «баяғы жартас бір жартас» күйінен әлі қозғалған жоқ. Халық алаңдаулы.

ЖЕР АСТЫ СУЫ ТӨМЕНДЕП КЕТКЕН...

Иә, көршілес Бөкей ордасы мен Жәнібек аудандарының (екі аудан) орталығы, Мұратсай, Ұзынкөл, Өнеге сияқты ірі ауылдар «Орда» су құбыры арқылы тұщы сумен қамтылып отырғаны баршаға мәлім. Соңғы жылдары суды есепсіз пайдалану жер асты суы деңгейінің құрт төмендеуіне әкеліп соққан. Соның кесірінен ормандағы тал-терек қана емес, өсімдіктер де су тапшылығын кешіп отыр. Бұл дәлелдеуді қажет етпейтін, көз көріп отырған шындық. Басқа тал-теректі айтпағанда, қарағайлардың тамыры құрғап, құрап жатқаны бөкейліктердің басты мәселесіне айналды. «Ғасыр жасаған қарағайларды қалай құтқарып қалуға болады?» деген сұрақтың жауабын да өз ұсыныстары ретінде облыс, аудан басшыларының алдына сан мәрте қойғаны белгілі. Нақтырақ айтар болсақ, «Аймекен» тұщы су қорын үнемі толтырып отыру арқылы құрмеулі мәселенің түйінін шешер жол көрінер ме еді дейсіз. Ақиқатында, бұл іс Хан ордасы ауылы маңында орын тепкен «Қопа», «Қарасу» сияқты су жиналатын табиғи ойпаттарды сумен толтыру арқылы жүзеге асатынын айтып, мамандар да құзырлы орындарға өз үндерін жеткізуге тырысып келеді. Әзірге нәтиже жоқ...

ҚОПА КӨЛІНЕ СУ ТҮСІРУ – ОҢ НӘТИЖЕ БЕРМЕК...

Нақты мәселеге оралсақ. Ол үшін Мұратсай ауылдық округіне қарасты Тайғара елдімекеніне келіп тұрған су арнасын табиғи жылғаларға қосып, «Гүріздеуік», «Қарағаш» сынды су жүйелері арқылы Қопаға су жеткізу керегін айтып бөкейліктер дабыл қағуда. Хан Ордасы ауылының тұрғыны Т.Өтешев 1963 жылдан бері Қопаға су келуі тоқтатылғанған кейін талай қуаңшылық жылдарын бастан өткергенін айтады. Қопада судың жоқтығы құмға әсерін тигізіп, жер астындағы ылғал азайып кеткен. Мұратсай су қоймасы шамамен 15-18 гектарды құраса, Қопаның көлемі 16-17 мың гектар жерді алып жатыр. Су сол көлемнен қысы-жазы кеміп көрмеген, теренділігі – 0,8-1,3 метр болған. Бұл екі су қоймаларының арасы жер мен көктей. Әйтсе де ордалықтардың жанайқайына селк етіп, «атқа конған» басшылықты көре алмай тұрмыз. Ауызды құр шөппен сүрткен бос уәде аяқасты қалып жатыр. Жерлестер Жәнібек су жүйесінің кейбір ақаулы жерлерін жөндеуден өткізуді ұсынады. Бұл тиімді әрі көп шығын келтірмейтін жол екен. Есесіне экология да қалыпқа келеді. Жерге сінген су фильтрация арқылы су көзін толтырады. Осылай табиғи тепе-теңдік орнығады. «Аймекен» су құбырын тартудың қоршаған ортаға зияны тиетінін, небәрі тек оншақты жыл ғана үнемді пайдалануға болатыны жайында 1986 жылдардың өзінде мамандар мәлімдеме жасапты. Бірақ оған құлақ асқан ешкім жоқ. Бөкейлік жұртшылықтың бұл лажсыздыққа төзе алмай, дабыл қағудан басқа амалы қалмады. Иә, аудан, облыс басшылығы мен өзге де құзырлы орын мамандары бірлескен ауқымды мәселенің қолға алынуын ордалықтар тағатсыздана күтіп отыр. Көп түкірсе – көл деген. Қалың ел бұл жағдайға тоқтауы бола алмаса, елдігімізге сын. Қайткенде қасиетті жер-ананы қайта түлете аламыз? Билік төріндегілер бұған не дейді?

Соңғы жылдары жайылымдар мен шабындықтардың өнімділігі күрт төмендеген. Себебі, мал саны артқан. Жыл бойы орын ауыстырмай, бір жерде жүйесіз жайылудың да салдары бар. Нарын құмын пайдалану жайында мәселенің көтерілгеніне де біраз жыл болған. Қазір бұл өңірлерде шоғырланған шаруашылықтарды жазғы уақытта қырға шығару бағытында жұмыстар өте баяу атқарылуда. Дұрысында жерді пайдалану жөнінде арнайы жоспар әзірленіп, ол қадағаланып отыруы қажет емес пе?! «Батыссушар» РМК БҚО филиалының ұсынысымен Мұратсай бөгеті РМК балансына берілсе, халық сұрап жүрген мәселені мекеменің өз күшімен шешуге болатыны айтылған. Біріншіден, жоғарыда айтып өткен Қопаға су жіберу. Екіншіден, «Аймекеннің» тұщы суын шектен тыс тұтынып отырған екі аудан орталығын техникалық сумен қамту жолдары. Жәнібек ауданының іргесіндегі канал арқылы келетін суды үй-үйге, мекеме, кәсіпорындарға кіргізіп берсе, тап-таза құмның суы үнемделер еді. Ал қазір ол су мал, бақша суаруға, көлік жууға және т.б. шаруаларға жұмсалуда. Осындай жағдай басқа ауылдарда да қалыптасқан. Мамандар Сайқын ауылына Жәнібек суару-суландыру жүйесіндегі (Р-4 каналымен) техникалық су жеткізу әлі де зерттеуді қажет ететінін айтады. Қазіргі таңда Жәнібек ауданына Ресейдің Палласовка суармалы-суландыру жүйесінен жыл сайын 30,0 млн текше метр көлемінде су беріледі. Ресей шығындарын өтеуге республикалық бюджеттен 2016 жылы 266,0 млн теңгеге 17 млн текше метр су алуға бөлінген. Аталған су көлемі екі ауданның күнделікті шаруашылық қажеттіліктеріне, мал суғаруға және санитарлық-экологиялық мақсаттарына ғана жұмсалады. Ал қажетті көлемде су алу үшін қосымша 13 млн текше метр су керек. Ол 204 млн теңге қаражатты талап етеді. Соның ішінде «Мұратсай» су қоймасына берілетін су көлемі 2,6 млн текше метр. Қопа көліне тұрақты түрде су беру үшін, ең алдымен, Жәнібек магистралды каналын тазарту, жөндеу кезек күттірмес мәселе. «Мұратсай» су қоймасын да күрделі жөндеуден өткізу және «Қопа» мен «Мұратсай» су қоймасын қосатын өзекті тазарту үшін техника-экономикалық негіздеме, жобалық-сметалық құжат әзірлеу Бөкей Ордасы әкімдігіне жүктелген, ол жұмыс әзірге қозғалар емес. Барлық құрылыс жұмысы түгесілгеннен кейін Ресейдің Палласовка суармалы-суландыру жүйесінен Жәнібек суармалау-суландыру жүйесі арқылы «Қопа», «Қарасу» көлдеріне су құю үшін республикалық бюджеттен қаражат бөлінсе, құба құп.

Ал қаржының көзін табу қиын мәселе емес. БҚО Бөкей Ордасы ауданы территориясынан 1 млн га, Жаңақала ауданынан 0,5 млн га, барлығы 1,5 млн га жер РФ әскери полигондарына ұзақ мерзімге жалға берілген. Республикалық бюджетке жыл сайын осы жерлерді жалға бергені үшін қомақты төлемақы түсіп тұратыны белгілі. Ол қаржының бір бөлігіне осы полигондардан 70 жыл бойы зардап шегіп отырған аудан тұрғындарына, ең болмаса жеткіліксіз көлемде су сатып алып беруге болмай ма?

Бұл мақалаға Бөкейліктердің жанайқайы деп түсінерсіздер.

Ауыл, аудан, облыс әкімдерінің алдына бірнеше рет қойылып жүрген мәселелердің бетін ашып БАҚ-қа беруді ұйғардық. Осы мәселе арқылы мәселеміз республика басшылығының назарына ілініп, шешімі табылады деп сенеміз.

Мұқас СПАНДИЯРОВ,
Төлеген ӨТЕШОВ
Батыс Қазақстан облысы
Бөкей Орда ауданы

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ

Сақтық шаралары керек

«Мемлекеттің басты байлығы – адам» десек, дені сау адам ғана ел қазынасы, ұлт болашағы бола алатыны белгілі. Әйтсе де, бүгінде әлем жұртшылығын дүр силкіндірген коронавирус індеті біздің де елімізді айналып өтпеді. Өкінішті.

«Сақтықта қорлық жоқ» дегендей, дауасы табылмаған дерттің біздің елімізде таралып кетпеудің алдын алуға Президент Қ.Тоқаевтың Үндеуі шығып, елде төтенше жағдай жарияланғаны мәлім. Аталған қауіпті аурудың алдын алу мақсатында еліміздің әр өңірінде жұйелі жұмыс жүргізілуде. Облыс, қала, аудан көлемінде сауда нысандары мен базарларда санитарлық қауіпсіздік шаралары күшейтілді. Барлық көпшілік, мерекелік мәдени шаралар өткізілуі тоқтатылып, халық көп жиналатын орындар тізімі анықталып, дезинфекциялық режимге енді. Аты жаман індетті болдырмау үшін уақытпен санаспай, жұмыс жасап жатқан іс басындағы азаматтарға ел разы болып қолдау да көрсетуде.

Бәріміздің азаматтық жауапкершілігіміз осындай сәтте сыналады. «Көптің сөзі киелі» дегендей, бүгінгі таңда үйінде отырған әрбір адам қоғамның жанашырына айналды. Қоғам саулығы үшін қолдан келгенше жеке сақтық шараларына баса назар аударған абзал. Өйткені, елдің ертеңі сіздің қолыңызда. Жалқы адамның жауапкершілігі – жалпы жұрттың саулығының негізі екенін естен шығармайық. Қазіргі таңдағы біздің татулығымыз, береке-бірлігіміз барлық жеңісіміздің кепілі. Біз бірлесе індетті де жеңуге тиіспіз. Ең басты жауапкершілікті әрбір адам өзінен бастауы тиіс. Олай болса, қазақтың амандығы сіздің қолда. Осыны ұмытпайық. Жақынымызға, елжұртымызға жанашыр болайық, ағайын.

Ақбота САҒЫНДЫҚОВА,
№37 І. Жансүгіров атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі
Алматы облысы
Талғар ауданы
Жаңалық ауылы

НАҒЫЗ ҚАЗАҚ – ДОМБЫРА

немесе «Домбыра» ұлттық телеарнасы хақында

Қазақтың қуанса, көңілін бөлісетін, қайғырса, қайғысын азайтуға септігін тигізетін қоңыр үнді домбыра аспабынан шыққан күмбір күй мен домбыраға қосыла әуелете салар әуезді ән рухымызбен ұндес, тарихымызбен сабақтас екені ықылым заманнан аян. Кезінде классик ақынымыз Қадыр Мырза-Әлі: «Нағыз қазақ, қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деп жырлағанындай, домбыра қазақтың қаны, қазақтың жаны. «Домбырасыз ән қайда, домбырасыз сән қайда» деп балалар әнге қосқандай, домбыра халқымызбен біте қайнасқан құдірет, домбыраны қазақтан бөліп ала алмайтындай ерекше қасиетті аспап.

Өзіміз ес білгелі Қазақ радиосынан күмбірлеген күй мен әсем әнді тыңдап өстік. Зердемізге тоқыдық. Әнші болуды армандадық. Қолымызға еріксіз домбыра ұстап, бір-бірлеп шертіп отырып әнге қостық. Отбасымыз өнерлі болды. Ес білгелі қолымнан домбыра түскен жоқ. Қуансам да, мұнайсам да домбыраны тарта отырып, көңіл-күйімді реттей білдім. Соның әсері – Жүсіпбек Елебековтей дарынды әншінің алдынан дәріс алып, өнерімді шыңдадым. Домбыраның арқасында өмір бойғы рухани азықты өнерден таптым әрі өмір бойы ұлттық өнерді дәріптеп, зерттей білген өнер зерттеушісіне айналдым.

2018 жылдың 1 шілдесінде Елбасымыз домбыра күнін белгілеп, үлкен оркестрлер Астана төрінде өнер көрсетті. Бүгінгі перзидентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы оқу жылында мектеп бағдарламасына домбыра сабағын қосқызып отыр. Домбыраға құрмет болмады деу – артығырақ.

Бірақ соңғы жырма жылдың көлемінде эстрадаға көбірек көңіл бөліп, домбыра мен қобыздың жетім баланың күйін кешкені жасырын емес. Өзім Қазақ радиосының Музыка редакциясында көп жыл еңбек еткен кезімде халық музыкасын асырақ, эстрадалық әндерді көбірек насихаттаған уақыттың куәгері болдым. Бұл шешім жоғарыдан келгендіктен, редакторлар тек орындаушы міндетін атқардық. Телеарналардың барлығында эстрадамен ән айтқандардың күні туды да халықтық дәстүрлі өнер кеншелеп қалды. Бірақ мамандар дайындауда Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетіндегі, Қазақтың Құрманғазы атындағы ұлттық консерваториясындағы, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясындағы халық кафедраларынан, сондай-ақ Жүсіпбек Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжіндегі дәстүрлі өнерді насихаттайтын бөлімдерден жылма-жыл тулектерін ұшырып отырады. Дәстүрлі әншілердің көбі домбырамен көпшілік қабылдамайды деген ойменэстрадаға ауысып жатады. Шындығын айтқанда, осы уақытқа дейін дәстүрлі өнерді насихаттаушы өнер иелеріне қамқорлық тым аз болды.

Бір кезде «Мәдениет» телеарнасы дәстүрлі өнер бағытында жемісті еңбек етсе, кейін жабылып қалып, «Мәдениет және білім» телеарнасы біраз жұмыс істеп, ол да жабылып қалды. Ал енді осындай шырғалан уақытта халық өнеріне кім қамқор болады, қай телеарна атсалысар екен деп жүргенде «Домбыра» ұлттық телеарнасы ашылып, қолына домбыра ұстаған өнер иелері бөріктерін аспанға атып, қуанды. Бұл 2019 жылдың наурыз айы болатын. Бүгінде ID-TV – кабелдік желісі арқылы, сондай-ақ YouTube арқылы таратылып отырған бұл телеарна тәулігіне 24 сағат бойы ән-күй, жыр-терме, шығармашылық концерттерді насихаттап отыр. Эстрададан өбден шаршаған қазақ халқына бұл үлкен сый емес пе?! Бір жылдың ішінде мыңнан астам ән-күй, жыр-терме, жүзден астам сүбелі хабарлар көгілдір экраннан көрсетіліпті.

«Домбыра» ұлттық арнасының директоры Қанат Ержігіттің айтуынша, алға қойған мақсат айқын, жоспар мағыналы:

«Халықтың ұлттық өнері мен дәстүрін насихаттайтын әр саладағы көрсетілімізіне жоспарымыз дайын. Атап айтсақ,

1. «Ұлы дала әуендері» жобасы. Қазақ даласындағы барлық әнші-күйшіні қамтып, эфирге шығару.

2. «Өнер мектебі». Республикамыздағы өнер ошақтарындағы жас дарындар жайлы хабар ұйымдастыру, жеке-жеке өнерлерін жазып алу.

3. «Асыл мұра». Өмірден өткен сахна саңлақтары жайлы, өнер зерттеушілер, композитор, орындаушылар жайлы хабар әзірлеу.

4. «Салт-дәстүр». Халқымыздың салт-дәстүрін көрсете отырып, жастарды тәрбиелеу.

5. «Ата кәсіп». Қолөнер шеберлерінің еңбегін насихаттау, өзара тәжірибе алмастыру сынды мәселелерді көтеру.

6. «Жеті қазына» Қазақ халқындағы жеті қазынаға жататын дүниелерге байланысты хабар түсіру. (Жүйрік ат. Қыран бүркіт, Құмай тазы, берен мылтық, қанды ауыз қақпан, майланғыш ау, өткір кездік туралы бағдарламалар).

7. «Ақсақалдар алқасы». Қариялардың ақыл-кенесі, ақ батасы туралы хабарлар көрсету.

8. «Асыл ана». Баланы ұлттық рухта тәрбиелеу туралы отбасылық хабар жасау.

9. «Домбыра үйренейік». Балаларға, үлкендерге телеарна арқылы домбыра үйрететін хабар дайындау.

10. «Айтыс». Әр жастағы (үлкен, орта буын, жастар) және мектепаралық айтыс ұйымдастыру.

11. Шығармашылық кештерді түсіріп, насихаттау.

12. «Маусымашар». Облыстық филармониялардың өнерін жазып алып насихаттау.

13. Фольклорлық экспедиция жасап, ел ішіндегі, сирек орындалатын шығармаларды жазып алу.

Міне, осындай мақсатымыз бар» дейді телеарна басшысы.

Осы жоспарды орындау үшін, біріншіден, министрліктен, екіншіден, қалталы меценаттардан қолдау, көмек қажет. Ғимаратты жалдау ақысы, эфирдің абоненттік төлемі, VPN optica, видеоинженер, редактор, операторға төлейтін қаражат жетіспеудің кесірінен көп мехнат көріп отырған телеарна бастаған істі тастай салуға, телеарнаны жаба салуға обалсынып отыр. Бұл қазақ халқының рухани орталығы, рухани байлық сыйлайтын қайталанбас телеарна. Осыны бағалай білсек, нұр үстіне нұр болар еді.

Арнайы концерт, айтыстарды түсіретін үлкен павильон мен әнші-күйшіні, жыршы-термешіні түсіретін кішірек павильон жұмыс істеп тұр. Әнші-күйшілер киінетін, бетін әрлейтін бөлме де бөлек бар. Бүгінде түсіру павильонына киз үй, көрпешелер, кілем, ұлттық дәстүрдегі бұйымдар аса қажет.

Бір «Алма ТВ»-дің желісіне, кабельдік жүйеге қосылуға 3 миллион 400 мың теңге қаржы керек. «Отау ТВ»-ның төлемі үшін 2 миллион 500 мың теңге қажет екен.

Телеарна басшысы Қанат Ержігіт тиісті министрлікке «Отау ТВ» желісіне шығаруға өтініш жасағанымен, «Домбыра» телеарнасында акпараттық-танымдық хабар мен ретрансляция қосу жүйесі» жоқ деп, эфирге қосуға асықпай отыр. Халықтық мүддені қолдап, келешек ұрпағымыздың ұлттық санасының оянуына, ұлттық дәстүрді біліп, ұлттық өнерімізбен тәрбиеленуіне бірден бір ұйытқы боларлық «Домбыра» ұлттық арнасын ҚР Мәдениет және спорт министрлігі немесе ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі өз қарамағына алып, қамқорлық танытса, халық үшін де, арна үшін де үлкен көмек болар еді. «Жалғыздың үні шықпастың» кері көріп отырған бұл ұжым қамқорлыққа аса зәру.

«Осы уақыт аралығында Елбасыға, қазіргі Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевқа, Парламент төрағасы Н.Нығматуллинге, депутаттар Бекболат Тілеухановқа, Қуаныш Сұлтановқа, Сауытбек Әбдірахмановқа, Нұртай Сәбиляновқа өнер адамдарының үндеуін жеткізген телеарна басшысы Қанат Ержігіт жаңа министр Аида Балаеваға үлкен үміт артатынын баса айтты.

Бүгінгі күні бар шаруа қаржыға келіп тіреліп, тығырықтан шыға алмай тұрған «Домбыра» телеарнасына халық болып қолдау көрсетпесек, мақсаты айқын ұжымның жабылып қалу қаупі басым болып тұр. «Көп түкірсе – көл» дегендей, көмекке аса зәру «Домбыра» ұлттық телеарнасының өркендеп дамуына атсалысайық! Келешек ұрпағымыз ұлттық өнеріміздің қасиетін бойына дарытқанда ғана отанын, елін, жерін, ұлттық дәстүрін сүйген тамаша ұрпақ қалыптасады. Осы жолда бәріміз атсалысайық! Ұлттық өнеріміз өркендесін, Отанымыз аман, ел ірігесі тыныш болсын!

Алтын ИМАНБАЕВА,
Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері,
ҚР Мәдениет қайраткері,
Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты

АУРУ МЕН ІНДЕТ: ҒАСЫР БҰРЫН БАСТАЛҒАН КҮРЕС

Биыл құрылғанына 75 жыл толып отырған Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының «ХХ ғасырдағы Қазақстан тарихы» бөлімінің меңгерушісі, тарих ғылымының кандидаты, М.Әуезов атындағы сыйлықтың және «Серпер» жастар сыйлығының лауреаты Сәбит ШІЛДЕБАЙ кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихының тың беттеріне қалам тартып жүрген аса дарынды һәм майталман тарихшылардың бірі. Оның аса зор жанкештілікпен зерттеп шыққан бүгінгі мақаласы осыдан 100 жыл бұрын құрылған Қазақ АКСР-де етек алған жұқпалы аурулар мен індеттерге қарсы жүргізілген күрес тарихына арналады. Тарихшының мақаласына қарап отырсақ, ол заманда да медицина жұқпалы аурулар мен індеттер алдында дәрменсіз болыпты. Бірақ, ол кезде қалыптасқан денсаулық сақтау жүйесі болмады, медицина мамандары жетіспейді, дәрі-дәрмек жоқ. Ал қазір бәрі бар, тек сол бар мүмкіндікті тиімді жұмылдыра алатын қайраткер жетіспей тұрғандай...

(Басы 1-бетте)

Сәбит ШІЛДЕБАЙ,
тарих ғылымының кандидаты,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология
институтының бөлім меңгерушісі

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ХАЛКОМАТЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

1920 жылы 4-12 қазан аралығында өткен ҚАКСР Кеңестерінің Құрылтай съезінде ҚазОАК мүшесі болып сайланған дәрігер М.С.Шамов Денсаулық сақтау халкомы болып тағайындалды. Съезд жұмысы барысында Денсаулық сақтау секциясы құрылып, оның жұмысына С.Арғыншиев жетекшілік жасады. 11 қазан күні таңертең өткен съездің тоғызыншы мәжілісінде А.А.Демченко съездің денсаулық сақтау секциясының атынан баяндама жасап, ҚАКСР территориясындағы жұқпалы аурулар мен індеттерге тоқтала отырып, «кеңестік медицина принципі – бәріне кең көлемді тегін көмек көрсету» деді. Одан ары қарай денсаулық сақтау саласына қатысты секция даярлаған тезистер мен қаулы жобасын оқыды. Қырденсаулық сақтау баяндамасы бойынша қабылданған 14 пункттен тұратын тезистердің соңында «Қырғыз денсаулық сақтау халкоматын, губерниялық, уездік және қалалық денсаулық сақтау бөлімдерін ұйымдастыру» принциптері көрсетілді. Съезд секция қаулысын бірауыздан бекітті.

Жаңа құрылған Денсаулық сақтау халкоматы өз жұмысын бірден бастап кете алмады. Бұрынғыша Қазревком құрамындағы денсаулық сақтау бөлімі жұмыс істеді. Халкомат жұмысына Коллегия мүшесі, халком орынбасары әрі 1920 жылдың 13 қазаны – 18 қарашасы аралығында ҚАКСР Денсаулық сақтау халкомы міндетін атқарған А.А.Демченко жетекшілік жасады. Ол 1921 жылдың қарашасына дейін ҚАКСР Денсаулық сақтау халкомының орынбасары қызметін атқарып, 1924 жылдың қаңтарына дейін Коллегия мүшесі болып, ҚАКСР денсаулық сақтау жүйесінің қалыптасуына қал-қадерінше еңбек сіңірген тұлға еді. Бірақ, Денсаулық сақтау халкомы М.С.Шамов ҚАКСР Кеңестерінің 2-ші бүкілқазақтық съезіне даярлаған есебінде денсаулық сақтау халкоматының іс жүзінде құрылған күні деп 1920 жылдың 15 желтоқсанын көрсетеді.

ҚАКСР Денсаулық сақтау халкоматына РКФСР Бас санитарлық басқармасы берген 105-ші Орынбор Эвакопункті материалдық-техникалық негіз болды. Бұл 105-ші Орынбор Эвакопунктін алу үшін ҚАКСР Денсаулық халкомы 4 ай бойы үздіксіз жеделхаттар, радиограммалар мен жазба хаттар жолдап, халкомат жұмысын ұйымдастыруға материалдық-техникалық база мен мамандардың қажеттігін дәлелдеумен болған. Міне, осындай жұмыстардан кейін барып, 1921 жылы маусым айының соңында Заволжск округінің госпиталі барлық медсанмүлкімен, медициналық және әкімшілік-шаруашылық құрамымен Қырденсаулық қарамағына берілді. Осы госпиталь қаржысы мен қызметкерлерінің арқасында халкоматтың негізгі бөлімдері құрылып, губденсаулық бөлімдері нығайтылады. Бұған дейін қарамағында жартылай сауатты 10 қызметкері ғана болған халком М.С.Шамов 5-6 ай бойы Орынбор губденсаулық бөлімінің екі бөлмесінде отырып, ҚАКСР территориясындағы жұмыстарды жалғыз өзі ұйымдастыруға мәжбүр болған.

ЖҮЗ ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАР МЕН ІНДЕТТЕР

Жаңа құрылған Денсаулық сақтау халкоматы Қазақстанды жайлаған жұқпалы аурулар мен індеттерге қарсы бетпе-бет келді. 1920-1921 жылдары Қазақстанда мынадай ауру түрлері жиі кездесті: бугорчатка (құрт ауруының түрі, өкпе ауруы), тышқақ (дизентерия), күл ауруы (дифтерия – (*corynebacterium diphtheriae* (лёффлер бациллласы, дифтериялық таяқша) бактериясынан туындайтын жұқпалы ауру, көбінесе тіл, тамақ, жұтқыншақ, тері және басқа да органдарды зақымдайды), шошқа ауруы (заушница эпедемический (свинка) – без ағзаларын іріңсіз зақымдайтын ұшпа жұқпалы ауру), көкжөтел (коклюш), қызылша (корь), круп (3 жасқа дейінгі балаларда кездесетін тыныс алу мүшелерінің ауруы), өкпе қабынуы (крупозная), безгек (малярия), жұмсақ шанкр (жыныс жолымен берілетін жұқпалы ауру), шешек (оспа), қара шешек, жел шешек, кәдімгі шешек, ауыспалы (үзіліссіз) безгек (перемежающаяся лихорадка), алапес (проказа), рожа (теріде және жалпы құбылыстармен байқалатын ұшпа жұқпалы ауру), Сібір жарасы (Сибирская язва), мерез (сифилис), жәншау (скарлатина), сүзек (тиф) бөртпе сүзек, іш сүзегі, қайталанған (қайталанбалы) безгегі, белгісіз безгек, трахома (хламидиоздан туындайтын, соқырлыққа алып келетін созылмалы инфекциялық көз ауруы), тырысқақ (холера), қырқұлақ немесе дінгене (цынга), оба (чума) сияқты жұқпалы ұшпа аурулар мен індеттер қазақ губернияларын жайлап жатты.

ХАЛКОМАТ АППАРАТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

1921 жылдың күзіне қарай Денсаулық сақтау халкоматы жұмыс аппаратының негізгі сұлбасы қалыптасты. Халкомат құрамында фармацевтикалық, ұйымдастыру-нұсқау, санитарлық-статистикалық, санитарлық-эпидемиологиялық, емдеу, қаржы-сметалық, іс-басқару, санитарлық ағарту, балалар денсаулығын сақтау, ана мен сәби денсаулығын сақтау, санаторий-курорт, баспа, жалпы жабдықтау бөлімдері, тіс дәрігерлік секциясы мен Ғылыми-медициналық кеңес жұмыс істеді.

Орынбор губерниясының денсаулық сақтау бөлімі мен ҚАКСР Денсаулық сақтау халкоматы жанынан құрылған Ғылыми-медициналық кеңес 1920 жылы 24 мәжіліс өткізсе, 1921 жылдың 1 қаңтары мен 24 тамызы аралығында барлығы 13 мәжіліс өткізген. Осыдан-ақ, 1920-1921 жылдары ұйымдастыру жұмыстарының қаншалықты тығыз әрі шұғыл жүргізілгенін байқауға болады.

1921 жылдың 1 шілдесіне қарай ҚАКСР бойынша барлығы 4 505 орынды құрайтын 107 аурухана жұмыс істесе, оның 29-ы (2 390 орын) губерниялық қалаларда, 78-і (1 805 орын) уездерде болды. Сонымен қатар, 385 фельдшерлік пункт, 51 амбулатория, 40 тіс амбулаториясы жұмыс істеді. Осы емдеу мекемелерінде 235 дәрігер, 32 тіс дәрігері, 631 фельдшер, 75 акушер, 219 мейірбике, 29 фармацевт, 1 983 төменгі деңгейлі қызметкер жұмыс істеген. ҚАКСР сияқты алып республика үшін бұл көрсеткіш теңізге тамған тамшыдай ғана болатын.

Осындай жағдайда, 1922 жылы 6 желтоқсанда жұмысшыларға емдеу бойынша көмек көрсету үшін Денсаулық сақтау халкоматының емдеу бөлімі және губерниялық денсаулық сақтау бөлімдері құрамынан жұмысшыларға көмек бөлімшелері (жұммед) құрылды. 1924 жылы ақпанда Жұммед Денсаулық сақтау халкоматының жеке бөлімі болып қайта құрылды.

1925 жылы 3 наурызда ҚазОАК Президиумы «Денсаулық сақтау халкоматы туралы ережені» бекітті. Ережеге сәйкес, Денсаулық сақтау халкоматы ҚАКСР халқының денсаулығын жақсартуға бағытталған іс-шараларды әзірлейтін және жүзеге асыратын жоғарғы үкіметтік орган болып табылды. Халкомат денсаулық сақтау жүйесіне қатысты барлық қаулылар мен бұйрықтарды тікелей немесе ҚАКСР заң шығару органдары арқылы даярлады және жүзеге асырды. Халкомат халыққа ем-дом көмегін ұйымдастыруға; қалалар, тұрақтар мен ауылдарды санитарлық бақылау мен санитарлық абаттандыруға; еңбекке жарамсыздық істері жөніндегі медициналық сараптама және сотмедицина істерін жүргізуге; ана мен сәби, бала денсаулығын қорғау және өскелең ұрпақты дене тәрбиесі мәдениетіне баулуға; дәріхана ісін, санитарлық ағарту мен санитарлық статистиканы ұйымдастыруға; әлеуметтік және жұқпалы аурулармен күресуге; денсаулық сақтау саласына қатысты ғылыми-практикалық мәселелерді даярлауға; медициналық білім беруді ұйымдастыруға қатысуға; денсаулық сақтау мекемелері қызметіне басшылық жасауға міндетті болды. Халкомат жанынан Коллегия, жоспарлау комиссиясы, медициналық оқу кеңесі, Орталық жұмысшы-сақтандыру кеңесі, Өлкелік санитарлық-техникалық кеңес пен Жезөкшелікке қарсы күрес жөніндегі өлкелік кеңес құрылды.

1925 жылдың қаңтарынан бастап ҚАКСР қалаларында еркін қызмет ететін дәрігерлерге науқастарды жүйелі түрде тіркеуге алу міндеттелді. Бірақ, ҚАКСР-інің көшпелі аудандары әлі де медицинадан алыс қала берді. 1925 жылы 6-9 қазанда ҚАКСР-інің құрылғанына 5 жыл толуына орай өткен мерекелік 5-сайланған Қазаткомның 2-сессиясында халком М.С.Шамов «Көшпелі халыққа медициналық көмек көрсету» деген тақырып бойынша баяндама жасап, көшпелі қазақтар арасында жұмыс істеген жылжымалы дәрігерлік-тексеру отрядтарының жұмыс қорытындысына орай жиі кездесетін ауру түрлеріне тоқталып, олармен күресу жолдарын ұсынды.

1926 жылы қаңтарда қабылданған «Қалыпты болыстық (аудандық) денсаулық сақтау ұйымын құру негіздері туралы» РКФСР БОАК және ХКК-нің қаулысына сәйкес, Денсаулық сақтау халкоматы ҚАКСР территориясында болыстық денсаулық сақтау ұйымдарын құруды қолға алады. Бірақ, мұның барлығы негізінен отырықшы тұрғындарды ғана қамтып, қазақ халқының көшпелі бөлігі үшін медициналық көмек жүйесі қолжетімсіз болды.

1926 жылдың желтоқсанынан бастап Жоспарлау комиссиясы мен Ғылыми кеңестің орнына Денсаулық сақтау халкоматының жанындағы кеңесші орган болған, жылына бір реттен көп шақырылмайтын Санитарлық кеңес құрылды. Сонымен қатар, халкомат жанында Республикалық байқау комиссиясы мен Үнемдеу режимін жүргізу және үнемдеу үшін жүргізілген күрес қорытындысын шығару жөніндегі уақытша комиссия, республиканың сотмедицина сарапшысы жұмыс істеді.

1927 жылы 16 ақпанда БК(б)П Қазөлкекомының бюросы М.С.Шамовтың ҚАКСР халқына медициналық қызмет көрсету туралы баяндамасын тыңдап, халкомат жүргізіп жатқан іс-шараларды дұрыс деп тапты. 1927 жылы 2 сәуірде М.С.Шамов алғаш рет ҚАКСР Кеңестерінің бүкілқазақстандық алтыншы съезіндегі баяндамасында 1920–1927 жылдардағы өлкедегі денсаулық сақтау жүйесінің қалыптасуы мен дамуына шолу жасады. Съезд баяндама негізінде 16 пункттен тұратын қаулы қабылдап, жүйені жетілдіруге қатысты нақты міндеттер қойды.

1927 жылы мамырда халкомат құрамында ана, сәби және бала қорғау бөлімі ұйымдастырылды. 1927 жылы 5 маусымда ҚАКСР ХКК-нің қаулысы бойынша Әлеуметтік қамсыздандыру халкоматы мен оның жергілікті органдары жойылып, оның қызметі Денсаулық сақтау халкоматы мен Қаржы халкоматына бөлініп берілді. Осыған сәйкес, 1927 жылдың қыркүйегінде халкомат аппараты қайта құрылды. Санитарлық-эпидемиологиялық, ана, сәби және бала қорғау, әкімшілік-ұйымдастыру және емдеу-профилактикалық бөлімдері жойылып, олардың қызметі инспекторларға жүктелді. Медициналық білім беру мәселесі Ағарту халкоматына берілсе, жергілікті органдар – уездік, облыстық және губерниялық денсаулық сақтау бөлімдері – сәйкесінше атқару комитеттеріне берілді.

1928 жылы 2 мамырда 1920-1927 жылдар аралығында қатарынан 6 рет халком болып сайланған М.С.Шамов Свердловск қаласына басқа қызметке ауыстырылып, М.Қ.Тәтімов халком болып тағайындалды. Көп ұзамай, 1923 жылдың наурызынан бері халком орынбасары қызметін атқарып келе жатқан М.М.Шомбалов Қазақ өлкелік дәріхана басқармасының төрағасы қызметіне ауыстырылып, бұл орынға К.М.Стацинский бекітілді.

1928 жылы 22 қыркүйекте ҚазОАК қаулысы бойынша Әлеуметтік қамсыздандыру халкоматы мен оның жергілікті органдары қайта құрылып, Денсаулық сақтау халкоматына берілген оның бұрынғы қызметі өзіне қайтарылды.

1933 жылы 23 желтоқсандағы КСРО ОАК мен ХКК-нің «Мемлекеттік санитарлық инспекциясын ұйымдастыру туралы» қаулысы бойынша одақтас республикалардың Денсаулық сақтау халкоматтары құрамынан мемлекеттік санитарлық инспекцияларды ұйымдастыру қажет деп табылды.

1935 жылы Денсаулық сақтау халкоматының жұмыс аппараты төмендегідей басқармалар мен секторлардан құралды: іс басқару, кадрлар, емдеу-профилактикалық, қаржы, құрылыс, аурухана жанындағы шаруашылық, эпидемиялық, балалар мен жасөспірімдерді сауықтыру, балалар ауруханалары, қаржы-жоспарлау, ана мен бала қорғау, мемлекеттік санитарлық инспекциясы, статистикалық және безгек топтары. Халкомат осындай жұмыс аппаратымен 1936 жылдың желтоқсанында Қазақ КСР Денсаулық сақтау халкоматы болып қайта құрылғанға дейін жұмыс істеді.

ОРЫНБОР МЕМЛЕКЕТТІК ШЕШЕККЕ ҚАРСЫ ЕКПЕ ИНСТИТУТЫ

1920 жылы 24 желтоқсанда Денсаулық сақтау халкомы М.С.Шамов Орынбор қаласында дәрігер А.А.Черногоровпен бірге алғашқы құрамы 17 адамнан құралған Орынбор мемлекеттік шешекке қарсы екпе институтын ашты. Институт ашылған күні оның қарамағына 7 бұзау беріледі. Институт меңгерушісі А.А.Черногоровтың басшылығымен 1921 жылы қаңтар айында осы бұзаулардан 370 200 дозалық жоғары сапалы шешек детриті мен лимфасы алынған. Ақпан айында институт тағы да 7 бұзау алып, одан 364 000 доза детрит алса, наурыз айындағы 7 бас бұзаудан 321 800 доза, сәуір айындағы 4 сериядағы 7 бас бұзаудан 306 000 доза, барлығы – 1 362 000 дозалық детрит алынған. Осы дозаларды тыңғылықты ғылыми негізде тексеру барысында, Институт 1921 жылдың 25 тамызына дейін 701 400 доза екпе шығарса, 1921 жылдың қазаны қарсаңында оның саны 800 мыңға жеткізілген. Осы институттың нәтижелі жұмысы барысында 1921-1922 жылдары шешекке қарсы барлығы 5 миллионға жуық детрит дозасы шығарылып, ҚАКСР тұрғындарын шешектен сақтау шаралары ұйымдастырылды. 1922 жылдың екінші жартысында РКФСР аумағындағы 10 институттың бірі болған Орынбор мемлекеттік шешекке қарсы екпе институты жабылды.

ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАР МЕН ІНДЕТТЕРГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС

1921 жылдың жазында Қазақстанда 3 230 орындық госпитальдар жүйесі жұмыс істеді. 1921 жылы маусымның соңында ҚАКСР территориясына Самарадан келген тырысқақ індеті жайылып, ол тамыздың соңына дейін жалғасқан. Осы індетпен 13 789 адам ауырып, 5 706 адам қайтыс болған. 1920-1921 жылдары Қазақстанда ең көп таралған қырқұлақ (дінгене), шешек, жәншау (скарлатина), Сібір жарасы, тышқақ, безгек, көкжөтел, тырысқақ, бөртпе сүзек, іш сүзегі, қайтпа сүзек, белгісіз сүзек, туберкулез, бруцеллез, сифилис және т.б. індеттері мен жұқпалы ауруларына қарсы шұғыл шараларды қолға алу қажет болды.

Мысалы, 1920 жылы Қазақстан бойынша ресми тіркелген аурулар (тіркелмегені қанша екенін бір Алла біледі – С.Ш.) саны төмендегідей болды: дінгене – 6 186 адам; қара шешек – 2 575; жәншау – 1 589; қызылша – 1 887; көк жөтел – 2 138; күл ауруы – 1 589; іш сүзегі – 16 591; бөртпе сүзек – 31 435; қайталанбалы сүзек – 28 982; белгісіз сүзек – 6 271; тышқақ – 11 447; тырысқақ – 14; Сібір жарасы – 225; безгек – 35 572 адам.

Ал 1921 жылы ҚАКСР бойынша 350 005 адам жұқпалы аурулармен ауырған. Атап айтқанда: қара шешекпен 4 776 адам, жәншаумен 42 230 адам, күл ауруымен 3 225 адам, қызылшамен 8 523 адам, көк жөтелмен 7 881 адам, іш сүзегімен 21 152 адам, бөртпе сүзекпен 19 057 адам, қайталанбалы сүзекпен 61 792 адам, белгісіз сүзекпен 11 153 адам, тышқақпен 35 502 адам; азиялық тырысқақпен 30 006 адам, өкпе туберкулезімен 9 430 адам, бугорчаткамен 2 410 адам, бастапқы және 2-ші деңгейлі мерезбен 6 518 адам, жұмсақ шанкрмен 26 адам, безгекпен 767 адам, 47 242 адам белгісіз аурулармен ауырғаны тіркелген. 1921 жылы жұқпалы аурулармен ауырған 3 387 адам ғана ауруханада жатып емделген. Біз тағы да тек тіркелген ауру түрлеріне қатысты статистикалық деректерді ғана көрсетіп отырмыз.

Жұқпалы ұшпа аурулар мен індеттерге қарсы күрес жұмыстарын жүйелі жолға қою үшін 1921 жылы 1 желтоқсанда ҚАКСР Денсаулық сақтау халкоматы жанынан Орталық төтенше санитарлық комиссиясы ұйымдастырылды. Індетті аурулармен күреске барлық күш пен мүмкіндікті жұмылдыру мақсатымен құрылған Комиссия құрамына денсаулық сақтау халкоматының өкілдері мен Бүкілресейлік төтенше комиссиясының өкілетті өкілі (ПП ВЧК) кірді. Комиссия жанынан бақылау, ревизиялық, жабдықтау, жөндеу және т.б. комиссиялары құрылды. Комиссия жұмысына кәсіподақ, әйелдер және комсомол ұйымдары мен еңбекші халық өкілдері тартылды. Жергілікті жерлердегі губаткомдар жанынан індеттерге қарсы күрес жөніндегі бақылау мен нұсқауларды жүзеге асыратын төтенше санитарлық комиссиялар ұйымдастырылды.

1922 жылдың сәуір – қыркүйек айлары үшін халық денсаулығын сақтау бойынша жасалған есептен ҚАКСР бойынша жүрген төмендегідей жұқпалы аурулардың тіркелгенін көруге болады (1-кесте):

Бұл кестеден сәуір-маусым айларында сүзектің жоғарғы қарқынмен жүріп, шілдеден бастап оның төмендегенін көруге болады. Бөртпе сүзекпен ауырған 6 385 адамның 809-ы ғана (12 %) ауруханада емделген екен (2-кесте).

Қайталанбалы сүзекпен ауырған 16 797 адамның 2 874-і ғана (17 %) ауруханада емделген. Қайталанбалы сүзекпен ауырғандардың саны үлкен індеттің болғанын көрсетеді (3-кесте).

Кестеден іш сүзегімен ауырған адамдардың саны шілдеде төмендегенін байқауға болады. Іш сүзегімен ауырған 3 313 адамның 1484-і немесе 44 %-ы ауруханаға жатқызылған (4-кесте).

Кестеде көрсетілген уақыт ішінде 4 776 адам белгісіз сүзекпен ауырып, басқа сүзек түрлерінің 20 %-ын құраған. Ауырғандардың 550-і немесе 11 %-ы ауруханаға жатқызылған (5-кесте).

Тырысқақпен ауырғандардың 4 733-і немесе 58 %-ы қайтыс болған. Тырысқақпен ауырғандардың 1 764-і губерниялық қала тұрғындары болып, олардың 907-і немесе 51 %-ы қайтыс болса, ауырған 6 394 уезд тұрғынының 3 826-ы немесе 59 %-ы қайтыс болған. Қалалық жерлерде ауырғандардың 30 %-ы ауруханаға жатқызылса, бұл көрсеткіш уездерде 14 %-ды құраған. Тырысқақ – өлім-жітім жағынан көрсеткіші жоғары, ең қауіпті індеттің бірі болған (6-7-кесте).

Кестеден безгек ауруының ең жоғары көрсеткіш беріп отырғанын көруге болады. Әсіресе Орынбор және Орал губернияларындағы көрсеткіш өте жоғары болған (8,9,10-кесте).

ҚазОАК-і мен Қазхалкомкеңес жоғарыда біз санамалап көрсеткен жұқпалы аурулар мен індеттерге қарсы күресті ұйымдастыра отырып, 1920-1921 жылдары ҚАКСР Денсаулық сақтау жүйесін қалыптастырудың алғашқы қадамдарын жасады. Жұқпалы аурулар мен індеттерге қарсы күрес барысында халкомат аппараты құрылып, оның негізгі бөлімдерінің жұмысы қалыптасты. Егер 1921 жылдың соңында ҚАКСР бойынша емдеу жүйесі 9 227 орыннан тұрса, 1922 жылдың 1 қаңтарында 9212 орын болды. 1922 жылдың қаңтарынан бастап жүргізілген әкімшілік аппарат пен емдеу жүйесіндегі қысқартулар нәтижесінде, 1922 жылдың 1 қарашасында емдеу жүйесіне қарасты 4 305 орын қалып, 53 %-ға қысқарса, әкімшілік аппараты 300 %-ға дейін қысқарып қалды. Бұл ҚАКСР-де қалыптасқан қиын жағдайдың көрінісі еді. Азамат соғысы, азапқа толы өлке, бірінен соң бірі келген індеттер, 1921-1922 жылдардағы аштық, қаржының жоқтығы, міне, осылардың барлығы жиылып келіп медициналық-санитарлық істі құлдыратып жіберді. Бұл қысқартулар Кеңес Одағы бойынша жүргізілген еді. РКФСР бюджетінен ҚАКСР-індегі денсаулық сақтау саласы үшін 1921 жылдың соңына дейін 3 421 орын мен 2 541 медицина қызметкерін ғана қамтамасыз ететін қаржы бөлінді. Медициналық құрам барлық губернияларда жетіспеді.

1922-1925 жылдардағы қаржы дефициті салдарынан жұқпалы аурулар мен індеттерге қарсы күрес деңгейі өте төменгі дәрежеде болды. Соның салдарынан, ҚАКСР аумағындағы жұқпалы аурулар өрши түсті. 1925-1926 жылдары халық арасында ең көп тараған жұқпалы аурулар төмендегі кестедегідей болды (11-кесте).

Бұл кестедегі аурулар саны тек тіркелген науқастарға ғана қатысты екені түсінікті. 1927 жылы 28 наурыз – 3 сәуір аралығында өткен ҚАКСР Кеңестерінің 6-шы бүкілқазақтық съезінің 2 сәуірдегі кешкі он бірінші мәжілісінде «Қазақстандағы денсаулық сақтау туралы» баяндама жасаған халком М.С.Шамовтың: «Бұл статистикалық мәліметтердің барлығын біздің желінің халықтың тек шамамен 1/3-ін ғана қамтитынын ескеріп барып қабылдаған жөн. Егер біз бұл статистикалық мәліметтерді екіге, тіпті үшке көбейтіп барып айтсақ та үлкен күнә бола қоймас» дегенін де ескергеніміз жөн. Сонда ғана, шамамен ҚАКСР аумағындағы аурулар саны мен қозғалысының шынайы картинасына жақындайтынымыз ақиқат.

1-кесте. Бөртпе сүзек

Губерниялар атауы	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Барлығы
Орынбор	860	503	267	67	35	9	1741
Қостанай	37	208	21	26	7	4	303
Орал	127	239	32	12	1	-	321
Семей	671	500	685	90	40	50	2036
Ақмола	700	476	158	54	94	23	1505
Бөкей	22	3	4	1	-	-	30
Ақтөбе	170	119	101	28	-	24	442
Адай	-	-	-	17	-	-	17
Барлығы	**2587**	**1948**	**1268**	**295**	**177**	**110**	**6385**

2-кесте. Қайталанбалы сүзек

Губерниялар атауы	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Барлығы
Орынбор	1375	1045	864	505	751	262	4802
Қостанай	196	454	60	26	241	78	1055
Орал	298	231	124	95	12	4	764
Семей	611	299	546	186	74	206	1922
Ақмола	2248	1896	858	795	741	356356	6894
Бөкей	42	22	26	39	-	-	129
Ақтөбе	297	156	167	92	129	332	1173
Адай	7	18	25	-	8	-	58
Барлығы	5074	4121	2670	1738	1956	1238	16797

3-кесте. Іш сүзегі

Губерниялар атауы	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Барлығы
Орынбор	154	156	135	45	141	55	686
Қостанай	109	162	22	34	29	15	371
Орал	48	36	19	12	13	8	136
Семей	80	108	90	68	91	44	481
Ақмола	584	376	173	62	177	40	1362
Бөкей	-	-	2	-	-	-	2
Ақтөбе	98	99	30	17	9	18	271
Адай	-	-	-	-	4	-	4
Барлығы	1023	937	471	238	464	180	3313

4-кесте. Белгісіз сүзек

Губерниялар атауы	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Барлығы
Орынбор	616	218	186	108	147	42	1317
Қостанай	190	437	73	96	27	13	836
Орал	130	22	-	-	-	5	157
Семей	4	20	67	17	14	139	261
Ақмола	913	547	92	79	218	146	1995
Бөкей	9	4	-	-	-	-	13
Ақтөбе	77	25	17	-	-	77	196
Адай	-	-	1	-	-	-	1
Барлығы	1939	1273	436	300	406	422	4776

5-кесте. Тырысқақ (холера)

Губерниялар атауы	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Барлығы
Орынбор	13	23	129	581	193	2	926
Қостанай	-	5	1	6	107	5	124
Орал	-	-	-	23	-	-	23
Ақтөбе	-	-	32	57	18	-	107
Семей	-	6	85	923	388	71	1473
Ақмола	14	24	101	1850	3000	209	5098
Бөкей	342	7	4	-	-	-	353
Адай	-	-	-	-	64	-	64
Барлығы	369	65	252	3440	3745	287	8158

6-кесте. Тышқақ (дизентерия)

Губерниялар атауы	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Барлығы
Орынбор	328	300	480	196	299	136	1739
Орал	330	119	87	106	9	7	658
Қостанай	98	468	56	142	271	19	1054
Адай	76	2	-	-	-	-	78
Бөкей	-	5	5	-	-	-	10
Ақмола	405	355	125	441	650	42	2018
Ақтөбе	85	328	373	170	81	79	1116
Семей	-	-	105	121	113	139	478
Барлығы	1322	1577	1231	1176	1423	422	7151

7-кесте. Безгек (малярия)

Губерниялар атауы	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Барлығы
Орынбор	1947	1249	1730	1236	4899	3961	15022
Орал	1428	935	681	1362	4421	1362	10189
Қостанай	194	423	105	96	166	176	1160
Адай	50	28	-	-	6	-	84
Ақтөбе	175	46	113	104	-	592	1030
Семей	6	80	29	12	51	19	197
Бөкей	Алты ай бойынша						310
Барлығы	3800	2761	2658	2810	9548	6110	27992

8-кесте. Күл ауруы (дифтерия)

Губерниялар атауы	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Барлығы
Орынбор	31	3	11	-	14	2	61
Орал	4	1	1	-	-	3	9
Қостанай	6	27	2	1	8	3	47
Семей	-	5	5	2	4	1	17
Ақмола	58	27	31	32	26	-	174
Ақтөбе	-	-	-	2	4	-	6
Бөкей	Мәлімет жоқ						
Адай	Мәлімет жоқ						
Барлығы	99	63	50	37	56	9	314

9-кесте. Шешек (натуральная оспа)

Губерниялар атауы	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Барлығы
Орынбор	4	5	1	-	1	-	11
Орал	14	1	7	5	10	-	37
Қостанай	14	61	2	3	2	-	82
Семей	-	365	37	-	4	1	407
Ақмола	517		63	85	26	-	993
Ақтөбе	60	37	21	8	9	11	146
Бөкей	-	-	58	-	-	-	58
Барлығы	609		189	101	52	12	1734

10-кесте. Қырқұлақ (цынга)

Губерниялар атауы	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Барлығы
Орынбор	71	115	86	36	4	10	322
Орал	-	-	-	-	47	2	49
Қостанай	57	4	25	96	35	-	217
Адай	15	-	-	-	-	-	15
Ақмола	280	658	231	59	50	7	1285
Бөкей	-	-	-	-	-	-	-
Ақтөбе	88	58	83	125	70	-	419
Семей	-	230	55	41	14	22	362
Барлығы	506	1065	480	357	220	41	2669

11-кесте. 1924-1925 жылдары халық арасында болған негізгі ауру түрлері

Жыл	Іш сүзегі	Бөртпе сүзек	Қайт. сүзек	Безгек	Сібір жарасы	Шешек	Тубер-кулез	Мерез	Трахома
1925	1 539	1 111	2 345	176 242	716	885	24 340	28 935	19 226
1926	1 607	409	980	145 613	914	804	37 957	34 957	22 647

(Жалғасы келесі санда)

Бақытжан САҒЫНТАЕВ, Алматы қаласының әкімі:

АЛМАТЫДА ДӘРІ-ДӘРМЕК ТАПШЫЛЫҒЫ БОЛМАЙДЫ

Соңғы күндері елімізде дәрі-дәрмек тапшылығы сезіліп, бұл мәселе Мемлекет басшысына дейін жетіп, Қасым-Жомарт Кемелұлы Үкіметке арнайы тапсырма берді. «Өкінішке қарай, елімізді дәрі-дәрмекпен және медициналық өнімдермен қамтамасыз ету ісінің олқылықтары анықталды. Біз – импортқа тәуелдіміз. Шетелден келетін дәрілердің нарықтағы үлесі – 88 пайызға жуық. Соған қарамастан, отандық ғылымның фармакологиялық зерттеулер жүргізу үшін тәжірибесі жеткілікті. Ғылыми база да, білікті мамандар да бар. Сондықтан үкімет дәрі-дәрмек өндірісінің біртұтас жүйесін құруы қажет» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл мәселеге Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев алдымен көңіл бөліп, фармокомпания басшыларымен кездесіп, тиісті шаралар қабылдады. Соның нәтижесінде мегаполисте күрделі ахуал біршама жақсара түсті.

– Күн сайын қаладағы 105 дәріханаға дәрі-дәрмектер жөнелтіледі. Бірақ олар тез сатылып кетуде. Десе де, ендігі жерде ірікіліс болмайды, – деп атап өтті Б.Сағынтаев.

Әкімнің сөзіне қарағанда сұранысқа ие препараттарға деген қажеттілікті тұрақтандыру үшін 1 шілдеден бастап Алматы қаласындағы дәріханаларға 475 мың дана әлеуметтік маңызы бар препараттар жеткізілген. Соның ішінде 260 мың парацетамол, 98 мың аспирин, 35 мың ингавирин, 22 мың азитромицин, 15 мың кардиомагнил және 30 мың термометр сатылымға шығарылған. Алматы қалалық әкімшілігі болашақта тағы дәрі тапшылығы туындамас үшін фармкомпаниялармен қосымша келісімдерге қол жеткізген. Ол бойынша шілде айының соңына дейін 1,2 млн аспирин, 930 мың парацетамол, ибупрофеннің 350 мыңы, ингавириннің 100 мың қаптамасы, 80 мың азитромицин, 40 мың тамифлю және басқа да әлеуметтік маңызы бар дәрілер дәріханаларға жеткізілуге келісілген.

Бұған қосымша, құрамында құқық қорғау органдарының қызметкерлері бар мобилді жедел топтар құрылып, олар қала дәріханаларына рейд жасайтын болған. «Рейд барысында дәріге бағаны көтеру директері анықталса, онда дәріхана иесі айыппұл төлейді. Егер жағдай екінші рет қайталанса, 6 айға лицензиясы тоқтатылады» «Садыхан Әлеуметтік дәріхана» ЖШС дәріханалар желісінің иесі Қайрат Әубәкіров.

Осы арада тұтынушылар өздері де белсенділік танытып, дәріханада дәріні қымбатқа саудалағанын байқаса қалта телефонға түсіріп, жазып, Денсаулық сақтау министрлігіне, Алматы қалалық әкімшілігіне жолдауларына болады. Жалпы алыпсатарлармен осылай халықтық бақылау арқылы күресу қажет.

КЕЗЕК БІЗДЕ БҰРЫННАН БОЛАТЫН

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев фармкомпаниялар басшыларымен кездесу барысында Назарбаев данғылы мен Гоголь көшесінің қиылысындағы №2 Орталық дәріхананың жетекшісі Айгүл Тілеубердина өзі басқарып отырған дәріханадағы кезектің көптігіне байланысты түсінік берді.

– Бізде сатылымдағы дәрінің түрі көп. Сондықтан кезек бізде бұрыннан көп болатын. Бұл бізде қалыпты жағдай. Мұндайда тұтынушылардың бәрін дәріханаға кіргізе алмаймыз. Белгіленген 2 метр қашықтықты сақтатып, тұтынушыларды көшеге дейін кезекке тұрғыздық. Бізде бүгінгі таңда төрт терезе жұмыс істейді, әрқайсысына 5 адамнан тұрады. Енді санай беріңіздер, оны беске көбейтсек 20 адам болады. Балалы келушілер болса, онда біз оларды кезексіз кіргіземіз.

Оның айтуынша, тауарлардың дәріханада болу-болмауы жеткізушілерге байланысты екен. Бүгінгі таңда парацетамол, азитромицин және басқа да жоғары сұранысқа препараттарға қатысты мәселе жоқ көрінеді.

Әріптесінің бұл сөзін «Медсервис Плюс» КФК ЖШС фармацевтік компаниясының атқарушы директоры Светлана Волченко қолдап, медпрепараттар мен заттарды жеткізудің және өткізудің ағымдағы жағдайын сөз етті.

– Медсервис компаниясы бүгін жүгі бар көліктерді қабылдады. Оларға 220 мың аспирин, 140 мың парацетамол, 90 мың аскорбинка мен глюкоза, 110 мың цефтриаксон тиелген. Бұл – жалпы елміз бойынша статистикалық мәлімет. Аталған дәрі-дәрмектердің 40 пайызы Алматыда қалады.

Оның айтуынша, Алматы қаласының әкімдігі нарыққа дәрі-дәрмектерді дереу жеткізу үшін процедураларды жеңілдетуде және жеделдетуде.

Светлана Волченко қала дәріханаларына дәрі-дәрмектерді жеткізу процесін де айтып берді.

– Процесс онлайн режимде жүреді. Барлық дәріханалар өтініштерін электронды аланда береді. Тапсырыстар таңғы 9-ға дейін қабылданады. Мүмкіндігінше дәрілер дәл сол күні жеткізіледі. Бір күнде 800-900 өтініш орындалады. Мысалы, өткен аптада түн ішінде Алматыға 100 мың парацетамол жеткізу жөнінде өтініш берілді. Ертесінде тапсырыс толық жеткізілді.

Ол өзінің сөзінде Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша жарты жыл бойына ай сайын 500 мың парацетамол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі мәселенің талқыланып жатқанын, серіктес зауыттың бір ай ішінде 1 млн қаптаманы шығара алмайтынын айтты және «Медсервис Плюс» ЖШС үлкен мөлшерде парацетамол жеткізетін зауыттарды қосымша іздестіріп жатқанын жеткізді.

Сонымен қатар қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасымен дәрі-дәрімекпен қамтамасыз ету бойынша өндіруші зауыттар, жеткізушілер және дәріханалармен бірлесіп күшейтілген шаралар қабылдануда. Бұл жөнінде селекторлық кеңесте «ГаухарТас» дәріханалар желісінің директоры Гаухар Исабекова өз ойын білдірді.

– Соңғы 1-2 күннен бері аса үлкен кезек жоқ. Дәріханаларда әлеуметтік қашықтық сақталуда. Қалада ауа райы жылы болғаннан кейін, қауіпсіздік мақсатында дәріханаға 1 адамнан ғана кіргізу шешімі қабылданды. Коронавирус пандемиясын ескере отырып, халық арасында сұранысқа ие дәрілік препараттар фирмаға келіп жатыр. Мәселен, Алматы қаласының әкімдігімен жасалған қосымша келісім бойынша кеше парацетамол алдық. Біздің дәріханаларда әлеуметтік дәрілерді бір адамға 2 данадан береміз. Бұл бір жерде аталған дәрімен шамамен 250 адамды қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады.

ДӘРІ ДҮНИЕЖҮЗІНДЕ ҚЫМБАТТАДЫ

«Садыхан Әлеуметтік дәріхана» ЖШС дәріханалар желісінің иесі Қайрат Әубәкіров те пандемия кезінде дәрі-дәрмек және медициналық заттар нарығында бағаның қалай қалыптасатындығын түсіндірді.

– Дүниежүзінде дәрі-дәрмекке деген сұраныстың артуы салдарынан өндірушілер олардың бағаларын өсіріп отыр. Бірақ Алматының дәріхана желілері Денсаулық министрлігі бекіткен бағаны ұстанудамыз. Мәселен өндірушілер пандемияға дейін масканы 11 теңгемен шығарып, 15 теңгемен бізге сататын. Соңғы жеткізілім бізде 96 теңгеден болды. Кейін өндірушілер бағаны көтерді. Бізді сату бағасымен шектеді. Яғни, бір маска 118 теңгеден сатылатын болды. Ал біз оларды 115 теңгеден сатуға шешім қабылдадық.

Қажеттілік туындағанға дейін бір термометр 80 теңгеден сатылды. Қазір олардың сатылу бағасы – 860 теңге. Өндірушілер бағаны көтерді, дистрибьютерлер оларды қолдады. Бірақ біз өзіміздің стандарттық бағамызды өзгертпедік.

Қорыта айтқанда Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев фарминдустрия өкілдерімен дәрі-дәрмектер және медициналық заттарды үзіліссіз жеткізуді қамтамасыз ету туралы селекторлық кеңесте осы мәселелерді жан-жақты талқылап, пысықтады. Қала әкімі тиісті қызметтерге медициналық препараттар мен заттардың еш кедергісіз өтуін қамтамасыз етуді тапсырды. Қажет болса салықтық және кеденді әкімгерлікті, сонымен қатар шетелдік тауар сертификаттарын алуды жеделдету қажеттігін қадап тұрып айтты. Бұл өз кезегінде халықтың байбалам салмай, сабырға келуіне сенім беруде. Сеніміміз сетінемесін! Біз біргеміз!

Алматы қалалық әкімшілігі мәліметтері негізінде материалды әзірлеген: Нұрболат АБАЙҰЛЫ

САҚТАНСАҢ – САҚТАЙДЫ

КҮЙЗЕЛІС ПЕН ДҮРБЕЛЕҢГЕ ЖОЛ БЕРМЕҢІЗ

Ақбота МҰСАБЕКҚЫЗЫ
«Ana tili»

Коронавирус пандемиясы Қазақстан үшін ғана емес, күллі әлем үшін үлкен сынақ болып отыр. «Жау жағадан алғанда бөрі етектен» дегендей, елімізде енді пневмония дерті өршіп кетті. Көктемде жарияланған Төтенше жағдай аяқталғанымен карантин уақыты созылып, осы күнге дейін жетіп отыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 5-20 шілде аралығын карантин деп жариялаған. Ал күні кеше Мемлекет басшысы твиттер парақшасында маңызды ақпарат таратты. «Қазір жағдайды реттеле бастағаны байқалады. Ахуалды толық тұрақтандыру үшін алдағы екі аптаның маңызы зор. Мұқтаж жандарға Үкімет шілде айына 42,5 мың теңге төлейді» деген Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі карантиннің шілде айының соңына дейін созылатынын хабарлады. Бұл хабар елді тағы да елеңі өткізді. Себебі ұзақ уақыт жабық кеңістікте болу барлық адамға кері әсерін тигізетіні сөзсіз. Оның әсері мен салдары қандай деген сұраққа жауап ізденді, бұл жолы біз пандемия кезіндегі дүрбелең (паника) мен депрессиядан сақтанудың жолдарын қарастырдық.

ЖАҒДАЙ ХАЛЫҚ САНАСЫНА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТТІ?

Бұған дейін халық ұзақ уақыт жабық кеңістікте өмір сүру дегенге дағдыланбаған. Сондықтан карантин режиминде көптеген қиындықтарға тап болып жатқаны жасырын емес. Біреулер күйзеліске түссе, енді біреулер ашуланшақ болып жатыр. Ал жағдайды оңынан пайдаланып, өзін-өзі дамытып, ізденіп, табыс табудың басқа да жолдарын қарастырып жатқан жандар да жоқ емес.

Карантин режимі адамның бойында белгілі бір психологиялық қиындықтар туғызады. Пандемиядан туындаған дағдарыс адамдардың кемшіліктері мен құндылықтарын ашып көрсетіп отыр. Осы тұрғыда әлеуметтанушы Камшат Серікжан халыққа оңай соқпағанын түсіндірді.

«Біздің халық пандемия дағдарысына, карантин режиміне дайын болған жоқ. Оның бірден бір себебі – халық белсенділігі. Біздің халық бұған дейін өте белсенді өмір сүрді. Базарын базарлап, ағайынын аралап үйренген.

Пандемия дағдарысы елді біраз есеңгіретті. Мемлекеттен берілетін 42 500 теңге әлеуметтік көмек үшін шырылдап қалдық. Өйткені көп жұмыстың тоқтауы, сауда орталықтары мен базарлардың жабылуы қарапайым халықтың қалтасының түбін қақты. Өйткені біздің халықтың жинаған артық ашқасы, қоры жоқ. Күнделікті табыс пен айлық табыс пәтер жалдауға, тамаққа, өлім-жітім мен той-томалаққа жұмсалады, артық қор сақталмайды. Халықтың 70 пайызында солай» дейді әлеуметтанушы.

Маманның айтуынша, карантин режимі тіпті оңайға соқпаған. Жоғарыда атап өткеніндей, бұған дейін белсенді өмір сүрген халық төрт қабырғаның ішінде қысыла бастады. Бұрындары уақытының көп бөлігін отбасымен бірге өткізбеуге үйренбеген немесе жалғыз қалмаған адамдар психологиялық ыңғайсыздыққа тап болады. Бұл жағдай сыртқа шығарылмай, депрессия түрінде өтуі мүмкін.

«Карантин режимі жаппай паника мен депрессияға әкеліп соқты. Мәселен азық-түлік өнімдерін шектен тыс сатып алу, дүкендерде күндіз-түні сауда жасау, дәріхана алдындағы кезек, дәрілерді қажет болсын-болмасын сатып алу, осылай дәрі тапшылығын тудыру – паниканың әсері болды. Ал депрессияға келсек, карантин кезіндегі психологиялық мәселелер адамдар күнделікті өмір сүру салтынан алыстап немесе еркін қимылдаудан шектелгеннен пайда болмайды. Оның себебі, көптеген адамның қаржылық жағдайының нашарлауы. Міне, бұл жоғарыда айтқан пандемия дағдарысымен байланысты болып шығады» дейді әлеуметтанушы Камшат Серікжан.

ДЕПРЕССИЯДАН ҚАЛАЙ САҚТАНУ КЕРЕК?

Адамдар өзімен жұмыс істемесе, эмоциясын реттей алмаса, шамадан тыс қорқынышқа бой алдыраса карантин кезіндегі оқшаулану кері әсер етуі мүмкін. Тіпті агрессиямен қабылдайтын жағдай туындайды. «Вирус жұқтырып алмадым ба? Не болып жатыр? Ыстығым жоқ пекен?» деген сияқты үздіксіз ойлар, өз өзіне көңілі толмаушылық, іштей мазасыздық, шектен тыс ақпарат алу, паникалық үрей қорқынышы бар адамдарда невротикалық бұзылулар болуы мүмкін. Бұл туралы психолог маман былай дейді:

«Депрессияның алғашқы кезеңінде психотерапевт, психолог, психоаналитик маман қажет. Егер маманмен емделмесе, уақыт өте келе проблеманы тәні көтере алмай қалады. Осының салдарынан денсаулығында кінәрат пайда болады. Ұйқысыздық, қан қысымы, жүрек талмасы сияқты аурулардың бәрі депрессиядан пайда болады. Оның соңғы сатысы – рак. Яғни тән психологиялық ауыртпалықтары көтере алмай кеткенінің белгісі.

Біз барлық жағдайда біреуді кінәлауға, айыптауға бейімбіз. Басымызға қандай іс түссе де оның себепкері өзіміз екенін мойындағымыз келмейді. Қазір елімізде болып жатқан жағдайларды уақытша сынақ деп қабылдаймын. Бұл сынақ біздің жақсы жағымызды көбейту үшін, жүрегімізге махаббат толтыру үшін, жалпы адамдарды жақсы көру үшін, отбасымыздан бастап, адамды, әлемді жақсы көру үшін, жаратушыға сеніп, жүрегінде тыныштық орнасын деп беріледі» дейді психолог Әлия Базарбай.



Оның айтуынша, адамдар өз ішіне үңілмеген, өзінің психологиялық тұрғыда дамытпағаннан рухани әлсіз. Әлсіз болғаннан соң, қолдан келетін қайран жоқ болғаннан кейін айыпты өзгеден көреді. Бүлікті, саясатты жамандап, өзгелерді қаралау арқылы ішкі әгосын қанағаттандырады. Рухани мықты адам өзіне сұрақ қою керек. «Қазір пандемия кезінде қоғамға қандай көмек бере аламын? Жақсылыққа себепші бола аламын ба? Қолымнан не келеді?» деген сияқты сұрақтарға жауап іздеуі керек.

«Ақшасы болса, халыққа дәрі-дәрмек, медициналық аппараттар алсын. Егер ондай мүмкіндік болмаса, ен болмағанда паника тудырмай көмек беру керек.

Ал көмектесе алмасаң құр босқа байбалам жасап, қоғамды дүрліктірудің, одан әрі қорқытып, үркітудің қажеті жоқ. Одан да қазір осы сынақтан ұтыспен шығу керекпіз. Иә, кез келген сынақ ауыр. Бірақ бұл да өтеді. Бұл сынақтан сабырмен өтуіміз керек. Ауыр екен деп байбалам салып, даурықтырғаннан не ұтамыз? Ештеңе ұтпаймыз» дейді психолог.

Оның айтуынша, ең алдымен карантин мен коронавирусқа қарама-қарсы көзқарастарды сүзгіден өткізіп, ресми ақпараттарды ғана қарау керек. Сонымен қатар, Үкіметтің ұсыныстары мен жарлықтарын өзін-өзі оқшаулау режимін, маскалық режимді және т.б. орындауда әлеуметтік жауапкершілік өз денсаулығыңыз бен жақындарыңызға деген қамқорлық екенін атап өтті. Осы орайда Әлия Базарбай карантин кезінде депрессиядан сақтану үшін бірнеше психологиялық кеңес беріп отыр.

– Үйде жаттығу істеу;
– Жақсы кітаптар оқу;
– Таза ауада серуендеу;
– Болашақтағы мамандықты игерудегі жоспарларыңыз туралы smart максаттармен жұмыс істеу;
– Физикалық белсенділік стрессті азайтады;
– Вирусты жұқтырып аламын деген ойға тежеу жасап, оны позитивті оймен алмастыру;
– Эмоцияларыңызды түсінуге тырысу.

ОЙ – МИҒА БЕРІЛГЕН СИГНАЛ

Жалпы психологияда аффирмация және визуализация деген ұғымдар бар. Қазіргі жағдайда психолог мамандар осы екі ұғыммен дос болуға шақырады.

Бұл жердегі аффирмация – күнделікті қайталау арқылы адамның ойын жақсы арнаға бұру, мақсаттарын айқындау, армандардың орындалуына көмек беру. Ал визуализация елестету ұғымын белгілі бір мақсатқа бағыттау. Бұл екі ұғымды мамандар қарапайым тілмен былай түсіндіреді:

«Байқадыңыз ба, жоғарыда аталған екі ұғым да миға сигнал беру арқылы жүзеге асырылады. Аффирмацияны сіз жазу, сызу, сурет, аудио арқылы жасай аласыз. Ең бастысы ешқандай негатив қоспай, жақсы нәрселерді жазу. Және бәрін өзіңізбен байланыстыру. Мәселен «мен мықтымын, менің иммунитетім мықты, мен барлық сақтық шараларын сақтау арқылы, бұл дертке шалдықпаймын, мен күштімін, мен дертке қарсы тұра аламын» деген сияқты. Ал визуализация елестету арқылы жүзеге асады. Мысалы, сіздің жұмысыңыз карантинге байланысты тоқтап тұрса, жақсылыққа визуализация жасайсыз. Жұмыс үстеліңізді елестету арқылы, «жұмыс басталғанда мынаны осылай өзгертемін, жақсы нәрселер ойлап шығарамын немесе жазамын, жұмыс жүргенде жақсы ақша тауып, мына жұмыс үстелімді ауыстырамын» деген сияқты ойлармен жұмыс үстелін таңдап, бәрін ойлап реттейсіз. Және оны реалда жүзеге асыруға мүмкіндік аласыз.

Бұл денсаулық пен депрессияға да қатысты. Қазіргі жағдайда «ауырып тұрған сияқтымын, ыстығым бар сияқты ма, тамағым біртүрлі боп тұрған сияқты, басым айналып тұр» деген секілді масасыз ойлардың өзі сіздің ауырып қалуыңызға себепші бола алады. Міне, ой – миға сигнал дегеніміз осы» дейді психолог Ә.Базарбай.

Еліміздегі пандемия кезінде ғана емес, өз өміріңізде де бәрі жақсы болуы үшін жақсы ойлау керек екенін айтады мамандар. Ал ол үшін ең алдымен өз өзіңізбен жұмыс істеуіңіз керек. Біреуге өкпе-реніш, біреуді кінәлау, қаралау, ойға берілу сияқты жаман әдеттерден арыла алсақ, депрессияға жол бермейміз. Ал депрессия деген түрлі аурулардың себепшісі екенін жоғарыда жаздық. «Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздейік».

ANA TILI Ұлт газеті

Әлнұр аға Мейірбеков!.. Аты-жөнін құрметпен, ыстық-ықыласпен еске алатын осы бір аяулы жан менің есімде. Жүзінен жылылық, мейірім есіп тұратын дегдар қарт әлі жадымда. Ашығын айтайын, өз басым ол кісі басшылық еткен редакцияда қызмет атқарған адам емеспін. Бірге, қоян-қолтық жұмыс істегенім жоқ. Бірақ ауылдас аға ретінде айтқан ақылын алып, үлгілі сөзін тыңдаған 60-70-ші жылдар жастарының қатарынанмын. Сол кездегі аудан мен облыс, республикалық деңгейдегі газет-журналдарға шыққан тырнақалды мақалаларыма шын көңілмен қуанып, жанкүйер болып отыратын еді жарықтық. Тіпті бір рет мен, менің шығармашылығым туралы әдемі мақала да жазғаны бар. Оны қалай ұмытарсың!
Өз кезегімде мен де мектеп оқушысы кезімдегі тұңғыш хабар, суреттемем жарық көрген аудандық «Советтік шекара» газетіне адал болуға тырыстым. Ондағы Әлекең, Әлнұр аға Мейірбеков бастаған редакция ұжымы мүшелеріне тілектестігімді, ниеттестігімді КазГУ-дегі студент кезімнен бастап-ақ қалыптастырдым. Оған төмендегі мына мысалдар анық дәлел бола алады ғой деп ойлаймын.

ИЕ *мен* КИЕ

Баққожа Мұқай, Әлнұр Мейірбекұлы, Айтақын Әбдіқал. Тарсай, 1979 ж.

1973 жылдың көктемі. Университеттегі аға оқытушымыз Абдулхамит Мархабаев бізге «Аудандық газет: ізденіс және мүмкіндік» деген тақырыпта курс жұмысын жазуды ұсынды. Студент әріптестеріммен бірге мен де журфактың баспасөз кабинетіне барғаным есімде. Сол жерде басқалардан бөлек өзіме етене жақын «Советтік шекара» газетін алғаным жадымда. Сөйтіп одан қажетті мәлімет, деректерді жинақтауға отырғаным бар. Ойымда: «Бұл басылым туралы сарапшылар мен талдама жасаушы мамандар не айтты екен?» деген де сауал жоқ емес. Көп кешікпей А.С.Пушкин атындағы орталық кітапханаға барып, ол сұраққа жауап тапқандай да болдым. Оның алғашқысы 1971 жылы «Қазақстан» баспасынан ауыл-село тілшілеріне арнап шығарылған «Тәжірибе және талап» атты ұжымдық жинақ еді. Сонда филология ғылымының кандидаты Зейнолла Тұрарбеков: «Алматы облысындағы Нарынқол аудандық «Советтік шекара» газетін жергілікті жердің өмір айнасы деп сеніммен айтуға болады. Олай дейтініміз, мұндағы хабарлар мен мақалалардың тілі жатық, тақырыптарына келсек – табиғи. Ал суреттемелер мен очерктер тіршілік тынысына толы. Мұны Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері, осы басылымның редакторы Әлнұр Мейірбеков жолдас пен ол басқарып отырған творчестволық ұжымның жаңалыққа жаны құмар еңбегі деп бағалауға болады» депті.

Осындай жылы лебізді 1972 жылы республикалық «Білім» қоғамы шығарған насихаттық шағын брошюрадан да кездестірдік. Ол тарих ғылымының докторы, профессор Қайыржан Бекхожиннің «Журналистика: жанрлардағы шеберлік проблемалары» атты кітапшасы еді. Онда автор: «Әдетте газет – бұқара жаршысы деген сөзді жиі айтамыз. Бұл орында да, – деп бастапты әңгімесін. – Бірақ сол бұқара жаршысы ролін атқарған басылым өзінің жұмысын жергілікті жердегі ауыл-село тілшілеріне сүйене отырып жұмыс істеуі керек. Елдің талап-тілектеріне, еңбекші хаттарына редакция қызметкерлері аса ілтипатпен әдепті түрде қарауы қажет. Газет сонда ғана қызықты болып, бұқара өміріне бірден сіңісіп кетеді. Міне, өз мүмкіндігін осылай пайдаланып келе жатқан өңірлік басылымдардың бірі – «Советтік шекара». Бұл газет біріншіден, ауыл-село тілшілерімен қоян-қолтық жұмыс істей біледі. Оны аудан көлеміндегі түрлі шаруашылық орындарынан дер кезінде үзбей басылып келе жатқан материалдардан көруге болады. Екіншіден, «Советтік шекара» газеті бірсарынды, жаттанды тақырыптағы материалдарды мүмкіндігінше басқа жазу формаларымен ауыстырып, оларға жан бітіруге тырысады. Газет редакторы Әлнұр Мейірбеков осыларды жақсы көре білген. Ол басқарып отырған басылымның ауыл-село тілшілері өңір шаруашылықтарындағы түрлі мамандық иелері: диқан, шопан, жұмысшы, мұғалім, мектеп оқушысы. Байқап қарасақ, «Советтік шекара» газетінде жарияланған материалдардың 60 проценті ауыл-село тілшілері болып табылатын осылардың үлесіне тиеді екен. Бұл қуанарлық жайт».

Ал 1973 жылы «Мектеп» баспасынан шыққан «Газетті безендіру сыры» кітабында өзіміз сөз етіп отырған газет туралы не айтылған дейсіздер ғой. Тарих ғылымының кандидаты Әбілфайыз Ыдырысов бұл еңбегінде: «Аудандық газеттердің бірінші беттерінде, – дейді, – саяси мәселелер мен

Жанболат АУПБАЕВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

шаруашылық науқандарының оперативті, актуальды хабар, мақалаларын келісті орналастырудың дұрыс екенін өмір тәжірибесі көрсетіп жүр. Осы жөнінен әсіресе Алматы облысындағы Нарынқол аудандық «Советтік шекара» газетінің (редакторы – Ә.Мейірбеков) іс тәжірибесі ерекше көзге түседі. Бұл газет теориялық мәселелерге, экономикалық проблемаларға арналған көкейкесті мақалаларды екінші-үшінші беттердің етегіне, жүрек тұсына орналастырып жүр. Ал тартымды фотосуреттер мен қызықты хабарлар, мөлтек әңгіме, өлеңдер төртінші беттің еншісіне айналуы бізді қуантады».

Міне, жоғарыдағы пікірлерді әртүрлі кітаптардан тауып, курс жұмысына пайдаланып болғаннан кейін КазГУ-дың IV курс студенті менің Әлнұр ағаға хабарласқаным әлі күнге дейін есімде. Үлкен ғалымдар мен білікті баспасөз сарапшыларының өздерінің газетіне деген жоғарыдағы жылы лебіздерін естіген ағамыз бұған қатты қуанды. Курс жұмысын поштамен салып жіберуімді өтінді. Редактордың ықшамдап, қажетті деген жерлерін жергілікті оқырмандарға нақпа нақ жеткізуге мүмкіндік туғызған менің бұл жазбам көп кешікпей «Советтік шекара» газетінде жарық көрген еді. Ол 1973 жылғы 23 маусымда шыққан «Газет және өмір» атты мақалам болатын.

1974 жылы көктемде мен университетті бітіретін болдым. Соның алдында бес жыл бойғы семестрлер мен лекциялар арасында жүгіріп жүріп жазған суреттеме, очерктеріме көңілі толған «Лениншіл жас» газетінің басшылығы стажер ретінде жұмысқа қабылданатынымды айтты. Бұл үлкен қуаныш еді. Себебі, қазіргі замандағы жаңбырдан соңғы саңырауқұлақтай қаптап кеткен газет-журналдардай емес, ол кезде қазақ тіліндегі республикалық басылымдар өте аз-тын. Сондықтан да сол 4-5 редакцияға жұмысқа қабылдану қиынның қиыны еді. Жаңа хабардың жақсылығы міне, осында болатын. Өстіп қуанып жүргенімде, алдымнан бір кедергінің кездеспесі бар ма?.. Ол: «Жоғары оқу орнын бітіретін жас маман арнайы жолдамамен алыс аудандарға аттануы керек. Екі-үш жыл өмір көруі қажет. Егер оған жергілікті жер жұмыс тауып бере алмаса, сонда ғана оның қалаға оралуына болады» деген талап еді. Мұндай қағаз құжатты сол кездегі тілмен «открепление» дейтін. «Оны кімнен, қалай аламын?» Осындай оймен жүгіріп, «Білім және еңбек» журналында жұмыс істейтін жазушы ағам Баққожа Мұқаиға бардым. Мәселенің мән-жайына қаныққан соң ол кісі: «Абыржыма, бір реті болар. Жарты айдан кейін маған келіп жолық» деді қысқа ғана. Содан 9-10 күн өтпей-ақ қуанышты хабардың келіп жеткені!..

Сөйтсем әңгіме былай болыпты. Мен кабинетінен шығысымен Баққожа аға Нарынқолға, ондағы Әлнұр ағаға телефон соғады. Амандық-саулық сұрасқаннан кейін: «Республикалық жастар газетіне орналасайын деп тұрған жігітке немқұрайды қарамайық. Қолұшын берейік. Ол үшін сіз аудандық «Советтік шекара» газетінің редакторы ретінде КазГУ-дың журналистика факультетін бітіретін жас маманға бұл жерде бос орынның жоқтығын, мұнда кадрлардың көптен бері тұрақтанып, өз орындарында отырғанын айтып, «открепление» жазып беріңіз» деп қолқа салыпты. Аз-кем ойланған Әлекең өтінішті орындайтынын айтып, Баққожа ағаға уәде береді. Уәде беріп қана қоймай, өзі әзірлеген құжатты Нарынқол аудандық партия комитетінің бірінші хатшысына көрсетіп, ризашылығын алып, мөрмен куәландырады. Сөйтеді де сол айда Алматы Жоғары партия мектебінде өтеді деп жоспарланған насихатшылардың республикалық семинар-кеңесіне келген іссапарында Ленин проспектісіндегі Баққожа ағаның үйіне соғып, менің тағдырым шешілетін хатты жазушы інісінің қолына табыстайды. Ойлап қараңыздаршы... Сол кездегі оңы мен солын жөнді тани қоймаған болашақ жас маманға бұдан асқан жақсылық, бұдан артық қайырымдылық бола ма?! Егер 70-ші жылдардың басындағы журфакты бітірген талай жас қыз-жігітке арман болған «Лениншіл жасқа» сол жолы орналаса алмай қалсам, менің одан кейінгі өмір жолым қалай болар еді? Ол енді бір Аллаға ғана аян нәрсе. Сондықтан Әлекең алып келіп берген «откреплениемен» жастар газетінің табалдырығын аттағанымда алдымен сол кісіге, содан соң жұмысқа алайын деп отырған басылымның бас редакторы Сейдахмет аға Бердіқұловқа іштей рахметімді жаудырғанмын. Одан кейін қызметім «Қазақстан коммунисі», «Ақиқат» журналдарына, «Халық кеңесі» мен «Егемен Қазақстан» газеттеріне ауысқанда сол редакциялардың басшылары болған Кәкімжан Қазыбаев, Сарбас Ақтаев, Камал Смайылов, Ержұман Смайылға ризашылығымды білдірген кездерде осы үлкен жолдың басталуына себепкер болған Әлнұр Мейірбеков қарияны да ешуақытта есімнен шығарған емеспін.

Жоғарыдағы сөз арасында: «Кезінде Әлнұр аға мен туралы әдемі мақала да жазған» деп айттым-ау деймін. Оның мәнісі былай. 2002 жылы 50 жасқа толатын кезім жақындап келе жатты. Сол уақытта, рахмет, республикалық деңгейдегі барлық газет-журналдар өздерінің жылы сөздерін аямай, мерейтойлық мақалалар беріп жатты. Бұған дейінгі өмірімде мұндай күшті қошамет-қолпаш болған емес еді. Оны мен күні-түні тырмысып еңбек еткен, жанымды жалдап жүріп жұмыс істеген жылдарымның өтеуі деп қабылдадым. Сондай кезде Әлнұр аға Мейірбеков өзінің автоқаламымен таптаза етіп үш беттік мақала жазып, ескерту хатында оны жеке архивімде сақтап қоюға ақыл-кеңес беріпті. Қандай мәдениеттілік, парасаттылық десеңізші! Күндердің күнінде керек болар, бір қажетіне жарар деген ойы-ау шамасы жарықтықтың. Бүгінге дейін еш жерде жарияланбаған сол мақалада мынадай жолдар бар.

«Жас жігіт жылдан жылға түлеген қырандай қанат қағысын түзей түсті, ең беделді басылымдарда белді міндеттер атқарды. Небір қасқа маңдай ағаларының назарларын аударып, сенімдеріне ие болды. Қайда барса да бабы бұзылмаған жүйріктей танылды. Мейлі, «Лениншіл жаста», мейлі «Ақиқатта», мейлі «Халық кеңесінде» қызмет істесе де өзінің өзінше ізденген соны соқпағынан жаңылған жоқ. «Егемен Қазақстанда» тосындығымен таң қалдырған сөлді, шырынды шығармаларын бере берді. Солардың қолға түскендерін құныға, қызыға оқи отырып терең ойға батынмын, әрі қаламының қарым-қуатына ерекше сүйсініп: «Бәрекелде, Жанболат, жарайсың!» дейтінмін».

Әлекеңнің осы сөздері маған өте ыстық. Құнды. Қастерлі. Мұны ешбір академик немесе ғылым докторының пікіріне айырбастамайтыным анық. Өйткені ол біреудің лауазым иесіне мінберден оқу үшін жазып берген жаттанды сөз тіркестері емес, өмірлік тәжірибесі мол қарт қаламгердің жүрекжарды лебізі.

Мақаламның соңында мына жайтты да айта кетуді жөн көріп отырмын. Ол ақсақалдың маған өз өмірінде бір рет, иә, бір-ақ рет өтініш айтқандығы. Бұл 2005 жылдың наурыз айында болған еді. Түс ауа бере Астанаға телефон шалған қария менен «Егемен Қазақстан» газеті атынан бір қатынас қағаз жіберуімді сұрады. «Сағат 16.00-де Алматы қаласындағы Бостандық ауданының әкімі Амангелді Каримуллин Ұлы Отан соғысы ардагері ретінде мені қабылдамақшы еді, – деді өзінің әдеттегі жұмсақ даусымен ол кісі. – Жеңістің 60 жылдығына байланысты пәтер мәселесіне көмек бола ма деген үміт қой». Мен ағамыздың бұл ойын түсініп, құптадым. Сөйттім де жарты сағат ішінде қажетті қатынас қағазды жазып, мөр бастырып, журналға тіркеп, Алматы бөлімшесіндегі меншікті тілшіміз Батық Мәжитұлына факс арқылы жібердім. Ол мынадай мәтіндегі дүние еді.

«Құрметті Амангелді Кәрімұлы! Қазір жер-жерде Жеңістің 60 жылдық мерекесіне орай Ардагерлерді ардақтау акциялары жүруде. Біз сондай құрмет пен марапатқа лайық жанның бірі деп әлеуметтік мәселесін жақсарту жөнінен өзіңіз басқарып отырған ауданда тіркелген Әлнұр Мейірбеков ақсақалды айтар едік. Себебі, бұл кісі 1941-1944 жылдар аралығында майданның алғы шебіндегі оқ пен оттың ортасында болған адам. Шайқастардағы көрсеткен ерлігі үшін бір орден, үш медальмен наградталған ол елге екінші топтағы мүгедек болып оралса да еңбек етуден қалмады. Оған оның денсаулығының дімкәстігіне қарамай, 30 жылдан астам уақыт бойы Алматы облысындағы Нарынқол аудандық «Советтік шекара» газетінде редактор болып, жанқиярлық жұмысы үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасын алғаны, үш мемлекеттік наградаға ие болып, «Райымбек ауданының құрметті азаматы» атанғаны анық дәлел.

Әлнұр Мейірбеков – бұрынғы «Социалистік Қазақстан», қазіргі «Егемен Қазақстан» газетінің 1940 жылдан бергі штаттан тыс тілшісі, белсенді авторы. Осы уақытқа дейін ақсақал үкіметтің Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлерге жасап берген жеңілдіктерін көп пайдаланбай келген адам. Сондықтан қадірлі Амангелді Кәрімұлы, біз сізден қарт майдангер, газетіміздің 65 жылдан бергі тілекшісі, қамқоршысы Әлнұр Мейірбековтің тұрғын үй мәселесіне байланысты өтінішін назарыңыздан тыс қалдырмай, оның ойдағыдай шешілуіне ықпал етуіңізді сұраймыз. Ізгі ілтипатпен, «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы Ж.Аупбаев. 2005 жылғы 14 наурыз. №52 хат».

Бұл қатынас қағаз ақсақалдың айтқан кәдесіне жарады ма, жоқ па, білмеймін. Білетінім, Алматы бөлімшесіндегі қызметкеріміз қолына осы қағаз тиісімен аудандық әкімдікке тізгін ұшы дерлік қимылмен жетіп, қабылдауға кіріп бара жатқан қарияға бізден сұраған қағазды беріп үлгергендігі. Бұдан басқа ақсақалға бірде 9 мамыр – Жеңіс күніне байланысты Рысбек, Батық, мен болып: «Үйіңіздің ауласына шыққанда тауға қарап отырыңыз» деп үлкен дүрбі сыйлағанымыз есімізде. Мерейтойында шапан жапқанымыз жадымызда. Ара-тұра жіберген мақалаларын «Егемен Қазақстанға» жариялап тұрғанымыз да ойымызға оралып отыр. Қарияның «Белқұрдас» деп аталатын соңғы бір дүниесі аға газетте 2009 жылдың қарашасында шыққан сияқты. Онда Әлекең Отанымыздың бас басылымы Орынборда 1919 жылы өмірге келсе, өзінің 1924 жылы жарық дүниеге есігін ашқанын, екеуінің араларында не бәрі 5 жыл уақыт қана айырмашылық бар екендігін, сондықтан «Егемен Қазақстанды» белқұрдас санайтындығын әдемі түрде келтіріп баяндаған еді.

Әлнұр ағаны соңғы рет мен 2010 жылғы 21 мамырда көрдім. Нарынқолда әкем Әлихан Абиырұлы өмірден өтіп, ондағы үйге ел топ-тобымен көңіл айтып келіп жатты. Бір мезетте баласы Алтайға сүйене қыбырлаған Әлнұр аға да көрінді. Көрісіп, көңіл айтып болған соң: «Сен келді деген соң осы жерге әрең жеттім қарағым, – деді кемсеңдеп. – Аяғым көп жүріп тұруға жарамайды. Бейіт басына бара алмаймын-ау шамасы».

Мына сөзді естіген мен қарияға риза екенімді айттым. Үйіне барып демалуын өтіндім. Сөйттім де жүзіне барлай қарадым. Көз алдымда аппақ сақалы желмен желбіреген қарт майдангер тұрды. Соғыста атақты 100-ші бригада құрамында болып, екі рет ауыр жараланған, соның салдарынан госпитальде бес рет операцияға түсіп, елге әрең жеткен ағамыз ғой бұл. 1965 жылы майдандағы денесінде қалған қорғасын оқ мазалап, тағы да үш сағат операция столында жатқанын қайтерсіз. Басқа қиындықтарды былай қойғанда, осының бәріне шыдап, көнген карттардың төзімі мен табандылығы неткен мықты еді деп ойладым ішімнен. Енді міне... Бірі келместің кемесіне мініп, зиратқа қарай жол тартқалы жатыр. Екіншісі біздің көз алдымызда кетуге кезек күтіп, жағалауда қалт-құлт етіп әзер тұр. Нарынқол деген кеңқолтық өңірдің иесі мен киесі болған қайран менің карттарым-ай...

Иә, топырағынан даналар мен дарындар мол шыққан көгілдір таулы бұл өлкеде кезінде осы жердің құты, айбары секілденген үш-төрт дегдар қариялар бар еді. Олар: Нүсіпбек Әшімбаев, Сейдін Сатаев, Сәрсенбай Байғұлов, Әлнұр Мейірбеков сияқты ел ағалары болатын. Ол кісілердің көзі тірісінде бұл аймақ берекелі, жері құйқалы-тың. Малы мыңғырып, ауылдары дәулетті де сәулетті көрінетін. Алдымен өмірден Сейдін қария озды. Содан соң Сәрсенбай ата кетті. Іле-шала Нүсекең де бақилыққа жол тартты. Ең соңынан Әлнұр ағаның да мәңгілік сапарға аттанғанын естідік. Қандай өкінішті... Қазіргі күйбең тірліктен есеңгіреп кеткен ауыл шалдарында шалғайдағы бір өңірге ие мен кие бола білген жоғарыдағы ардақты ата-ағаларымыздың жұғыны қалды ма екен, әлде қалмады ма екен. Әй, қайдам...

НҰР-СҰЛТАН

ХАЛЫҚ МЕДИЦИНАСЫ

«Шипагерлік баянның» берері мол

Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы «ғалам өзара қарама-қарсы алты негіз: кеңістік тұғыр – тұрақ тұғыр, жарық тұғыр – қараңғы тұғыр, ыстық тұғыр –суық тұғырдан тұрады» деген екен. Әрі бұл теориясын ұтқыр да ұтымды дәлел-дәйектерімен жан-жақты дәлелдеп, егжей-тегжейлі баяндайды. Ғаламдағы барлық заттар мен құбылыстар осы алты өзек тұғырдан айырыла алмайды деген ұстанымы негізінде адамның тұтас тұлғасын ішкі 12 көмескі мүше, сыртқы 12 көрнеу мүше деп, жалпы 24 мүшеге бөлген. Осы мүшелер арасындағы жымдасқан байланысты нәзік те терең ғылыми жүйемен түсіндіреді. Мен бұл жерде тақырып аясына байланысты адамның тұтас тұлғасын тіл арқылы диагноз қою теориясына негіздеп, өзім сезінген, түйсінген түйірлі түйіндеріме шама-шарқымша тоқталмақпын.

«Шипагерлік баянда» өзектік тіл, өңестік тіл деген тақырыпша бар. Сол тақырыпша аясында біраз жайттарға қанық болдым. Қазіргі тілмен айтқанда «Алла адам баласының тілін тек сөз сөйлеуге ғана емес, сырқат белгісін көрсетумен қатар, тұтас дене мен мүшелер арасындағы күрделі байланысты айқын аңғартатын міндетін де борыштаған» деп жазған. Яғни тілдің сөйлесу құралы ғана емес, бүтін денеміз туралы тоқтаусыз мәлімет беріп тұратын аса маңызды мүше екенін аңғарамыз. Ендеше тіл тұтас дене туралы ақпаратты қалай береді? «Шипагерлік баянда» былай дейді: «Өзектік тіл – жалпы тілдің көрінісі. Өңездік тіл – өзектік тіл бетінің бір қабаты, сырқатты әйгілеп көрсететін жұқанасы. Өңездік тіл – өзектік тілдің өрісі. Сондықтан өзектік тіл өңездік тілден, өңездік тіл өзектік тілден енші бөліспеген. Өңездік тіл өзгергенде сырқат белгілері байқалмақ». «Шипагерлік баянда» өзектік тіл мен өңездік тілдің әрқайысысын өз ішінен жеке-жеке 19 жікке бөліп, жиыны 38 түрлі ақпарат беретін құбылыстарды тізбектеп береді. Әттеген-айы, сол 38 түрлі ақпаратты жіберетін мүшелер туралы айтатын сәтте осы арадағы 21 бет өртеніп кеткен екен. Десе де біз ғұлама ғалымның тілде 38 түрлі ақпараттың бар екенін білдік. Ғалымдарымыз «Шипагерлік баянды» толық меңгеріп, Өтейбойдақтай түсінік деңгейіне көтеріліп, 38 түрлі ақпарат келетін дене мүшелерін жеке-жеке анықтай алса, онда науқас адамдар бүгінгі узи (ультрадыбыстық тексеру), рентген (компьютерлік тексеру), МРТ (магнитті резонансты томография), ЭЙЕК деген сияқты бірқатар медициналық аппараттарға қаншама уақытын жұмсап әлек болмас па еді. Жөнді-жөнсіз уайым-қайғы жеп, жүйке тоздыру, науқастың қалтасын бейберекет қағу (ауруға қате диагноз қою) сынды әуре-сарсаңнан біршама құтылып қалар ма едік? Әр мүшедегі кінәраттың ауыр-жеңілін анықтап қана отырар ма едік? Бұл жаңалық қазақтың ұлттық медицинасын жоғары деңгейге көтеріп, әлем алдындағы абыройын асқақтатып, жалпы адамзат баласы үшін ғажайып еңбек болып бағаланар еді.

«Шипагерлік баянда» өзектік тіл екіге бөліп көрсетіледі. Бұл сөйлемді қанық түсіну үшін Шипагерлік баяндағы өзек-кезек теориясына біраз тоқталуға тура келеді.

Шипагерлік баянды жетік түсінген, қарапайым тілмен айтқанда жілігін шағып, майын ішкен, Шыңжаңдағы қазақ оқымыстыларының қолқа салуымен «Шипагерлік баян – медициналық ғылымнама» атты тақырыпта ғылыми еңбегін ұлттық медицинасы дамыған қытай, тибет халықтарының медицинасымен салыстыра отырып зерттеген ғалым Бағдәулет Әлтайұлының түсіндіруі бойынша «дүние – қарама-қарсылықтың бірлігі». Химиялық әдіспен енді бөлшектеуге келмейді деп отырған дара химиялық элемент те белгілі шарт-жағдай жасалса одан ары бөліне беруі мүмкін. Өтейбойдақ та дүниедегі зат пен құбылыс атаулыны екі үлкен үйекке жіктеп, белгілі тұлғадағы заттың қай-қайысысы да екі жақты сипат алады деп қарайды. Атап айтқанда, өзек-кезек теориясын ортаға қояды. Ол күллі әлем кеңістік пен тұрақ, ыстық пен суық, жарық пен қараңғы сынды қарама-қарсылықтың бірлігі. Бір адам туралы айтсақ, оның алды мен арты, іші мен сырты бір-бірінің қарама-қарсы жағы, яғни алдыңғысы өзек болса, кейінгісі кезек болады дейді. Ол және хайуанат, өсімдік, дәрі-дәрмек, азықтық материалдардың т.б. барлығын өзек-кезекке жіктеп, олардың қасиетін ыстық-суық сынды екі жаққа ажыратады. Сонымен қатар зат пен құбылыс атаулының өзек және кезек қасиетінің тұрақты болмайтынын, қайта белгілі шарт-жағдайда үздіксіз өзгеріп, орны алмасатынын айтады. Өзек-кезек теориясы ыстық және суық сипатты белгілейтін фактор екенін қарапайым тілмен баяндаған.

Біз бұдан ер адамның тіл ортасындағы симметриялы сызығының оң жақ жарымының ыстық сипатты, сол жақ жарымының суық сипатты болатынын, әйел адамның тілі, керісінше, сол жақ жартысы ыстық сипатты, оң жақ жартысы суық сипатты болатынын аңғарамыз. Бұл теорияның шындығына былай көз жеткізуге болар деп ойлаймын. Ыстық суды ұрттасақ, аздан соң суый бастайды. Ал, керісінше, суық суды ұрттасақ, жыли түседі. Неліктен олай? Себебі, ауызға ыстық зат барған соң денедегі табиғи тіл алмасым (нерв жүйесі) бойынша ыстық заттың келгені, оны дереу суыту керегі жөнінде тұтас денеге хабар жетеді де, денедегі суық сипатты мүшелер тілдің суық сипаты жағына көмекке келеді. Бұл процес барысында тілдің ыстық сипатты жағы бейтарап тұрады.

«Тілден басқа мүшелер де осындай сипатқа ие ме?» деген сауалға келсек, Өтейбойдақтың жазғандарына жүгінуге тура келеді. Онда әр мүшенің ыстық немесе суық сипатты екеніне жан-жақты тоқталған.

Шипагерлік баянда былай дейді: «тоғалық ызғымалық ішкі көмескі мүшелер (табиғи ызғарлық ішкі көмес мүше);

Нуқалма (жыныс мүшенің ішкі құрылымы);

Барбақ (көкбауыр, қарабауыр);

Бүргек (бүйрек);

Тоғалық сызыналық ішкі көмес мүшелер (табиғи сыздық суықтау немесе суқайт ішкі көмес мүше);

Оңқар (асқазан);

Іштек (ішек);

Суйек (сүймек), деп, жыныс мүше ішкі құрылымы, бауыр, бүйрек, асқазан, ішек, сүйек қатарлы адам ішкі мүшелерінің суық харектерлі немесе суыққа бейім және тоғалық құзыналық ішкі көмес мүшелер (табиғи ыстықтық ішкі көмес мүше);

Демік (өкпе);

Қаһарқақ (жүрек);

Безелік (бездер)»... деп, өкпе, жүрек, бездердің ыстық сипатты болатынын, сыртқы мүшелерден арайжап (әйелдердің жыныс мүшесі), тантал (көз), түккене (ерлердің жыныс мүшесі немесе түк), құрсақ, аяқ сынды мүшелердің суық сипатты немесе суыққа бейім болатынын, ал мүңік (мұрын), қосқол (құлақ), иілгім (буын) ыстық сипатты немесе ыстыққа бейім болатынын айтады.

Өмір шындығына назар салып қарасақ, өкпе – сыртқы күштің тұтқиыл соққысына ұшырамаған жағдайда, негізінен, суық өтуден немесе микробтың жұғуынан науқастанады. Адам шыдас бере алатын ыстық моншаға кіргеннен өкпе зақымдана қоймайды. Керісінше суық ауа жұтып қойсаңыз өкпе ауыруына шалдығасыз. Ал бауыр көбінесе ыстық асқынып кетуден ауыруға ұшырайды. Әрине, кезкелген мүшеге қалыптан тыс ыстық немесе суық өтсе, ол табиғи қалпын сақтай алмайтыны да ақиқат. Бұл арада қалыпты жағдайдан асырмау керегін баса айтқым келеді. Осы негіздерге сүйене отырып, ішкі мүшелердің, негізінен, ыстық сипаттылары суықтан, ал суық сипаттылары ыстықтан адамды дертке ұшыратады екен-ау деген ойға келесің. Әрине менің көзқарасымды арнайы медицина мамандары одан әрі тереңдей зерттеуі керек шығар.

Бүгінгі әлем елдері қолданып отырған Батысша емдеу тәсілінде адам денесін ешқашан ыстық және суық деп бөлмейді. Әйтеуір ішкі мүшеден күрделі ауру белгісі байқалса, бірден химиялық қоспалардан жасалған әсері күшті дәрі-дәрмекті береді. Анығында әлгі дәрілер аурудың десін қайтарғандай болғанымен, адам организміндегі көптеген клеткаларды бейберекет жояды. Дәрінің денемізге қаншалықты зардап әкеліп, өмірімізді қаншалықты қысқартып жатқанымен ешкім санасып та жатқан жоқ. Ал енді Өтейбойдақтың ыстық-суық ұстанымын толығымен игеріп, мінсіз бітісіміздегі әрбір мүшенің ыстық не суық сипатты екенін анықтап ала алсақ (мұнда кей мүшелер бейтарап болуы да мүмкін), онда денедегі қай мүше науқасқа шалдықса, тек сол мүшеге тиесілі табиғи дәрі-дәрмегін берсек (ыстық сипатты мүшеге суық сипатты, суық сипатты мүшеге ыстық сипатты дәрі) мінсіз бітісіміздегі (тұтас денеміздегі) қалған мүше, сондай-ақ бүкіл денені құрап тұрған клетканы азаптамаған да, тоздырмаған да болар едік.

Шаяхмет ҚАЛИҰЛЫ

ЖАНЫ ІЗГІ *жақсы ағa*

Дөңгеленген дүние шіркіннің жылжыған уақыт кемерінің кезеңінде жақсылармен кезігіп, сол жақсы жандармен сырлас та сыйлас болғанының өзі тіршіліктегі бағының бірі ме деп ойлаймын. Адам құндылығын сақтау жайы осы күндері сол адам баласының өзекті де өткір бір мәселесіне айналып отырған осы бір тұста көңіліңмен айналандағы жақсыларды іздерің бар. Кәне, кім бар деп өзіңе өзің сұрау салған сәтте алыстағы асқар таудың шыңындай болып көз алдымда Икрам аға Адырбекұлының жылы жүзі, ұстамды қалпындағы бейнесінің келіп тұрып алары бар.

Қасиеті де, киесі де мол біздің Сыр өңірінің ежелгі тарихы қалай күрделі болса, әр кезеңдегі дамуының да, өсіп, өркендеу мен кемделенуінің де күрделі тұстары аз болып келмегені де анық. Бір ғана Арал тағдырының өзі жаһандық зор мәселеге айналғандығын ескерсек, бұдан да өзге адамының да, оның тұрмысы мен күн көрісінің де жайы әркез алаңдатып отырар еді.

Қызылорданың сол кездегі қалыптасып қалған аса күрделі жағдайынан және де осыған орайғы туындап жатқан түрлі дау-дамайлардың шағында 2004 жылдың сәуір айында біздің облысқа әкім болып Икрам Адырбекұлы тағайындалды. Елбасының өзі алып келіп, облыс активіне таныстырғаны да әлі есімде. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев Сыр өңірінде қалыптасқан күрделі жағдайдың күрмеуін ақылмен, сабырмен жайлап отырып шешетін, халық пен биліктің арасын жалғастыра алатындай лайықты адам карастырылған сәтте өз таңдауы осы Икрам Адырбекұлына түсті ме деп ойлаймын. Бұл лайықты таңдау болатын.

– Қызылорда облысының әкімі ретінде, бар билікті өз қолына алған Икрам Адырбекұлы келе салып кадрларға тие де қойған жоқ. Көп өзгеріс жасамады. Сол кадрлық ауыс-түйістің көп бола қоймағанының өзіндік себебі де бар шығар. Біріншіден, жаңа әкімнің Қызылорда облысында таныс-тамырлары аз ғой деуге де болар еді. Сондықтан да жергілікті кадрлармен бірлесе жұмыс жасаймын деген берік ұстанымы болуы керек, – деп кезінде Сыр елі жақсылары мен жайсаңдарының Икрам Адырбеков жайлы шынайы ниеттері мен тілектері топтастырылған «Тағылым» атты кітапқа енген мақаламда жазған да болатынмын.

Ақиқатында тағы да бір атап өтерлік жай сол, Икрам Адырбекұлы жергілікті кадрларға сенім білдіре отырып, әр азаматтың ар мен жан тазалығына барынша назар аударып отыратындығын аңдаған едік. Өз төңірегіне мемлекеттің қаржысына қол сұқпайтын адал мамандарды топтастыруға баса мән беріп, соған тырысты. Әкімнің бұл абзал қасиетін, әрине, халық та аңғармай қалған жоқ. Елі мен халқының сенімін ақтау үшін өзінің бар білімі мен тәжірибесін, адами қасиетін ел мүддесіне толық жұмылдыра білді.

Сыр өңіріндегі өзінің әкімдік міндетін жақсы ниет, ізгі ой, сенімді қадаммен бастаған Икрам Адырбекұлы облыста басшы болып аса көп те емес, 2004-2007 жылдар аралығында, яғни, екі жарым жылдай ғана істеді. 2007 жылдың қаңтар айында Қытайға елші болып тағайындалды. Сол екі жарым жыл ішінде Икрам Адырбекұлының соңынан бір жаман сөз ермегенінің өзі ағаның адалдықтың ақ жолынан айнымағандығының айғағы еді. Икрам ағаның өмірдегі де, қызметтегі де адалдығына, әр ісі мен сөзіне мұқияттылығына, уәде берсе, соны орындайтын мінез тұрақтылығына, ең бастысы, қарапайым адамдармен барынша жылы сөйлесіп, елмен ынтымақтаса отырып, тығыз жұмыс жасайтындығына халықтың көзі жетіп, Сыр бойы халқы әбден риза болған еді. Жаны ізгі Икрам Адырбекұлының көптеген жақсы қасиеттері ел есінде күні бүгінге шейін мықтап сақталып қалғандығы да бар.

Қалың елмен, оның игі жақсыларымен, жергілікті зиялы қауым өкілдерімен, әсіресе, ақын-жазушылармен, журналистермен, мәдениет саласының қызметкерлімен жақсы қарым-қатынастағы түсіністік орнатып, олармен тіл табыса білді. Бірақ Икрам Адырбекұлы сол шығармашылық топтың жақсы қарым-қатынаста болып, қоянқолтық жұмыс істеді. Жайлы болды. Өз қарамағындағыларға қаттылау айтып, сөккенін де, ақылын ашуға билетін, артық сөз айтқанын да көрген емеспіз. Барлық қарым-қатынасты тек өзара сыйластық негізінде құра білді. Икрам ағанын тұла бойындағы кішілігі мен кісілігі, мәдениеттілігі өзіне әрдайым жарасып тұратын.

Сыр өңірінің экономикасын дамытуға Икрам Адырбекұлының қосқан үлесі зор болғандығы жайында айтқанда, 2005 жылы Қызылорда облысы бойынша алғаш рет табиғи газ үй-ғайе кіріп, беріле бастағандығын ерекше атар едік. Қаншалықты газ бен мұнайдың үстінде отырсақ та, Қызылорданы газдандыру мәселесін шешу мүмкіндігі болмай келген еді. Икрам Адырбекұлының басшылығы тұсында Қызылорда қаласының көп қабатты тұрғын үйлеріне Қазақстандағы ең арзан газ келді. Алғашқы кезекте қаланың көп қабатты үйлерінің санауды бөлігі, кейіннен қаланың көпшілік, соның ішінде жеке сектор да қамтылды. Бұл жағдай Икрам Адырбекұлының ерекше назар аударған мәселесі болды да, осылайша, үлкен бір әлеуметтік мәселе өз кезінде оңтайлы шешімін тапқан болатын.

Осы бір әңгіме барысында тағы бір ерекше айтарым, жалпы Икрам Адырбекұлы – жан тазалығына, ізгілікке құмар адам. Адам баласына жамандық жасамақ түгілі, біреулерді жазықсыз жәбірлеуге, тіпті даланың аңқұсын да орынсыз атуға қарсы еді. Сол абзалдылығына да талай куә болғанбыз. Қызылордада қызмет жасаған кезінде өкілдерімен өте сыйлас болғандығын пайдаланып, өзін орынсыз дәріптеуден, бос мадақтатудан бойын аулақ ұстады. Жүрген, барған жерін, жасап жатқан жұмысын көрсетіп жергілікті теледидар мен газет беттерінен де жиі көріне бермейтін-ді.

Қызылорда облысында Икрам Адырбекұлы әкім болған болған үш жылдай уақыт аралығында көп жылдың еншісіне татитындай істер тындырып, елдің күрметіне бөленіп, халықтың есінде қалды. Елмен де, түрлі сала басшылары, қарапайым қызмет атқарып жүрген азаматтардың барлығымен жергілікті азаматтарға сүйеніп, сенім арта білді. Әрине, сенімін ақтамағандар да кездесті. Мұндайларды Икрам Адырбекұлы жарға апарып қойғанымен, кеуделерінен итеріп жіберген жоқ. Обалына қалғысы келмеді. Әділетсіздікке жол бермеу, біреудің ала жібін аттамау, әрдайым жақсылыққа жаршы болу бойына табиғатынан біткен, ата-анасынан дарыған тәлім-тәрбиемен қалыптасқаны анық. Осы бір абзал қасиеттер Икрам Адырбекұлының әр іс-әрекетінен, жүріс-тұрысынан әрдайым аңғарылып тұратын-ды.

Ағамыздың сол адами қасиеттерін білімділігі мен оқымыстылығы да толықтырып тұрар еді. Бірнеше елде дипломаттық қызмет атқарғандықтан ба екен, өзі жүрген-тұрған мемлекеттерден көрген-түйгені де көп екендігін әңгіме барысында анық аңғарарымыз бар. Әсіресе, Малайзия мемлекетіндегі елшілік қызметі және сол Малайзияның халқы жайлы сүйсіне әңгімелейді, соларды үлгі ретінде әрдайым айтып отырады.

Өз ұлтына деген жанашырлығын Икрам Адырбекұлының қазақ тілінің мәселесіне бейжай карамайтындығынан аңғарар едіңіз. Оған үлкен мән беретін. Түрлі жиын-жиналыстарды көп жағдайда қазақ тілінде жүргізетін. Әр оқу орнында қазақ тілі пәнінің дұрыс оқытылуына, қазақ мектептерінің, мұғалімдердің жағдайын жақсартуға ерекше қамқорлық жасайтын. Халықтың пікірін тыңдайтын, халықтан түскен хат, қойылған мәселелерге – бәріне көңіл аударып, дер кезінде тиісінше шаралар қабылдайтын еді.

Қолымда билік бар екен деп, сол биліктің бишігін асыра сілтеуге ешқашан жол бермеген Икрам Адырбекұлы айналасындағы адамдардың жай-күйіне немқұрайды қарамайтын, ерекше бір сезімталдығы және бар-ды. Өзгелердің басына түскен небір қиыншылықты өз жүрегінен өткізіп, көмек көрсетіп, қайырымдылық та жасайтын. Сондай ізгіліктің көп мысалының бірі ретінде Икрам Адырбекұлының алдына қиналып келген жасы үлкен ақ жаулықты ананың айтқаны күні бүгінге шейін ел аузынан қалмай келеді. Ол әңгіме мынау: отбасында бір ауыр жағдайға тап болған ана амалы құрып, облыс әкімі Икрам Адырбекұлының қабылдауына кезексіз шұғыл барса керек. «Басымдағы қиын жағдайымды айтып едім, сөзге де келместен маған өз қалтасынан ақша беріп, көңілім орнына түсетіндей жылы сөзін айтып, шығарып салды» деп әкімнің қабылдауынан кейуананың риза болып шыққанына бүкіл жақындары қуанған екен.

Осындай ізгілігімен Сыр өңірі халқының жүрегінде үлкен із қалдырғандықтары соншалықты, күні бүгінге дейін Сыр халқы «Адырбековтей адал, жұмысын таза істейтін әкім болса екен!» деп тілеп отыруы – қызылордалықтардың жүрегінде қалған сыйластық пен терең құрметтің белгісі болса керек-ті. Біз осы бір адал ниетті шынайы көңілдің күәсіміз.

Елбасының Жарлығымен Икрам Адырбекұлы 2011 жылы Парламент Сенатының депутаты болып тағайындалды. Мен де бұл кезде 2011 жылғы сайлауда Қызылорда облысынан сайланған депутат болып жүр едім. Өмірлік және мемлекеттік әрі дипломаттық жұмыстағы бай тәжірибесі ескеріліп, Икрам Адырбекұлы Сенаттың қорғаныс және халықаралық қатынастар бөлімінің төрағасы болып сайланды.Осы қызметінде де Икрам аға өзінің терең біліктілігін танытып жүрді. Қазақстанның өзге мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасына қажетті зандарда еліміздің мүддесіне қатысты жайларды сенаторлардың назарына дер кезінде жеткізіп, түсіндіріп, дәлелдеп бағатын. Біз бұдан Икрам ағаның мемлекеттіл тұлғасын тани түстік. Еліміздің сыртқы саясаттағы мәселелерін ғана емес, халықтың әл-ауқатын жақсарту, олардың әлеуметтік мәселелерін шешуге де Үкіметтің назарын аударып отыратындығы да күні бүгінге шейін жадымызда.

Икрам ағамыз сенатор ретінде бір жолы Қызылорда облысына арнайы іссапармен келді. Алыстағы Арал ауданынан бастап, Қызылорда қаласы бар, басқа да бес ауданды аралады. Сапарлас болып, еріп жүрдім. Сол сапар кезінде қарапайым халықтың, жасы келіп қалған қариялардың Икрам Адырбекұлын құшақ жая адал көңіл, адал ниетпен қарсы алғандығының куәсі болдым. Халық Икрам Адырбекұлының алдынан ешкімнің нұсқауынсыз-ақ өз жүрек қалауымен шығып, ақ тілектерін айтып, баталарын беріп, емен-жарқын жадырап, суретке түсіп, кәдімгідей мәре-сәре болып, сол күні қуаныштан асып-тасып жатқан-ды.

– Үйде ауырып жатыр едім, сізбен кездесу болады дегенді естіп, сәлем берейін, көріп қалайын деп келдім, – деген егде қариялар да болды.

Көп уақыт өткендігіне қарамастан, Сыр өңірінің халқы мен Икрам Адырбекұлы арасындағы сыйластықты шынайы көңіл мен адал ниет жалғап жатыр деп айтуға болар еді. Парламентте кезігіп қалсақ болды:

– Ел аман ба, не жаңалық болып жатыр? – деп елдің жайын, ел үлкендерінің жай-күйін, кейбірінің аттарын атап тұрып сұрап жатады. Осы орайда Икрам Адырбекұлы өзі де:

– Қызылордадағы қызмет жасаған жылдарым – өмірімдегі ең бір қайталанбас, жүрегіме жылы, қымбат кезендерім, – деп кейде елге деген шынайы қимас көңілін жасырмай айтып отыратыны да бар. Өйткені, ол кісінің Сыр елінде өткізген жылдарынан айқын да жарқын із қалды, ең бастысы, ел аузында жақсы сөз қалды. Бұл ардақты ағамыздың адалдығына, жан тазалығына берілген ел бағасы болса керек-ті.

Ал енді қазір біз үшін Икрам Адырбеков ағамызбен Сенат қабырғасында бірге қызметтесіп, қатар жүрген кезендер қымбат болып бара жатқандығы байқалады. Аскар таудың биіктігі алыстаған сайын анық байқалатындығы бар деуші еді! Бәлкім, сол ма екен?! Көкейден кетпес жаны ізгі ағаның ғұмырлы болғанын тілеймін де!..

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,
сенатор, саяси ғылым докторы, профессор

КӨЗҚАРАС

Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінің ректоры Ерлан Сыдықовтың Мәскеудің «Молодая гвардия» баспасынан «Құнанбай» атты тарихи романы жарық көрді. 9 тараудан тұратын 350 беттік бұл роман XIX ғасырда өмір сүрген Қарқаралы округінің аға сұлтаны Құнанбай Өскенбаевтың өмір жолын баяндайтын тарихи оқиғаларға толы, оқырмандарды еріксіз өзіне тартып, қызықтыра түседі. Романның алғашқы беті 1802 жылы Орта жүздің Тобықты руынан шыққан атақты бай Құнанбай Өскенбаевтың өмірін баяндаудан басталады.

«ҚҰНАНБАЙ» – ҚҰНДЫ КІТАП

Құнанбайдың сөзге шешендігі, алғырлығы, қазақ халқының тарихына жүйріктігі, қазақтардың қоңғарлармен талас-тартысы, Еділ-Жайық бойындағы Жоңғар хандығының Орта Азия мен Поволжие бойындағы қазақтармен соғысы, Кіші жүз қазақтарының Түркістан, Батыс Қазақстан өлкесіндегі қалмақтармен болған 1723 жылғы қырғын соғыста қазақтардың уақытша жеңіліске ұшырап, Сыр бойына шұбап баруы, ақтабан шұбырынды оқиғасы, Ұлы жүз қазақтарының Бұқара, Ташкент жаққа, Орта жүз қазақтарының Есіл, Нұра, Сарысу өзен бойларына қарай келуі, Алшын-Жаппас қазақтарының Азов теңізі бойына, Башқұртстанға қарай ауа көшуі баяндалады. Одан әрі Құнанбайдың әңгімесі бойынша Шынғыс ханның XII ғасырда Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанды,Ауғанстанды Иранға дейін жаулап алуы, қазақтардың Шынғыс ханды ақ киізге отырғызып, 40 кісі Хан биігінің төбесіне алып шығуы, көлемі 280-300 шақырым бойына оңтүстік пен солтүстікке қарай созылып жатқан Шынғыс тауының «Шынғыс» атануы, хан көтерілген биіктің «Хан» атануы, бұрындары бұл таулардың Найман күре атануы айтылады.

Шынғыс хан әскерінің Балқаш көлі мен Алакөл арасынан өткені баяндалады. Бұл пікірді Халиолла (Абайдың оқымысты інісі) да растай түседі. Қазақ даласында 1831-1846 жылдары айдауда болған поляк офицері Адольф Янушкеевич те бұл оқиғаны суреттейді. А.Янушкеевич Аякөз-Қарқаралы округінде генерал Вишневскийдің армиясында болып, мал санағын жүргізген кезде аға сұлтан Құнанбаймен кездесуін, ол жөнінде өзінің «Күнделіктер мен хаттар» атты әңгімесінде сөз етеді. Құнанбайдың әңгімесінен Алтын Орданың құрылуы, Жәнібек пен Керей хандардың қазақ даласын билеуі, онан кейін Қасым хан мен оның баласы Хақназардың хан болуы, Есім ханның билік құруы, Есім хан мен Қасым хандардың үстемдігі, «Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қаска жолы» атты заңдардың шығуы айтылады. XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысында Абылайдың 30 жыл қазақ даласына хан болуы, оның қазақ мемлекетінің іргетасын бекітудегі ерліктері баяндалады. XVIII ғасырда жоңғарлардың қазақ даласынан кетуімен байланысты тобықтылардың Сыр бойынан Сарыарқаға көшіп келуі, Мамай батырдың тобықтылары Шынғыс тауына әкеліп орналастыруы, Кеңгірбай би мен Қараменде билердің жерге таласы, Қараменденің Дадан тобықтыны Тоқырауын бойына қоныстандыруы, Кеңгірбай бидің тобықтының жерін кеңейтіп, Ертіс жағасына дейін қоныстандыруы, т.б. мәселелер сөз болады. Одан әрі Құнанбайдың аталары Ырғызбай, Өскенбайлардың ерліктері баяндалады. Өскенбайдың баласы Құнанбай да жасынан шаруакор, пысық болып өскен. 1844 жылы маусым айында Күшік тобықты еліне болыс болып сайланады. Құнанбайдың ел ішінде беделі арта түседі. 1838 жылы Сібір қазақтарын билеу жөніндегі Патша үкіметінің жаңа заңы қабылданады. Ол заң

бойынша Батыс-Сібір генерал-губернаторы төре тұқымы болмаса да әскери шені барлар, бай қазақтар да ел басқара алатын еді.

Құнанбайдың медресе ашып, қазақ арасында діни уағыздарды насихаттауы онын бүкіл ел арасында абыройын арттыра түскені белгілі. Бұл кезде қазақ даласында ашылған медреселер саусақпен санарлықтай еді. Мәселен 1841 жылы Бөкей ордасында Жәңгір мектебі ғана ашылған болатын. Сондықтан Құнанбайдың қазақ даласында мектеп ашуын патша үкіметі де қолдады. Себебі халықты дін арқылы да басқару қажет болды. Құнанбай қазақ қыздарын оқытуды да мақұл көреді. Осы жайттар да кітапта терең талданып өткен екен.

Құнанбай өмірінің әр кезеңінен сыр шерткен кітап оқырманға берері мол, тарихи деректері кеңінен қолданылған дүние екен. Яғни Ерлан Сыдықовтың «Құнанбай» атты кітабының оқиғасы тартымды, оқушыны қызықтырарлықтай болып шыққан. Кітапты қазақшаға аударып, баспадан көп таралыммен шығарса, қалың оқырманның қызыға оқитын шығармасы болары сөзсіз. Сондықтан бұл тарихи романды болашақта Мемлекеттік сыйлыққа ұсынуға да лайық деп санаймыз.

Сонымен бірге кейбір сын ескертпелерді айтуды да қажет санадық.

Біріншіден, Құнанбайдың терең ойлы, ағыр, сөзге шешен, іскер, әділ аға сұлтан етіп көрсете отырып, оны қазан бұзар үй тентек, әпербақан інісі Майбасардың сөзін сөйлейтін, сойылын соғатын етіп сипаттайды. Майбасардың айдап салуымен қалың Жігітек пен Торғайларды үш күн бойы қырып салады. Бірақ үш күнде бір де бір кісі өлмейді. Бұлайша баяндау шындыққа жанаспайды. Құнанбай бір тайды бермедің деп Торғайларға осынша әлек салуы қисынсыз.

Екіншіден, Құнанбай тоқалы Нұрғанымды Базаралыдан қызғанбайды, қайта оның «ерлік» ісін қолпаштай түседі. Қазақта «Жер қимақ болса да, ер қимақ жоқ» деген. Тоқалы Нұрғанымның Базаралымен арадағы «әңгімеге» Құнанбайдың немқұрайды қарауы шындыққа жанаспайды.

Үшіншіден, 1857-60 жылдар арасында Құнанбай ел ішіндегі бүліктері үшін Омбыда айдауда 2 апта бөгеліп, кейін Қарқаралыға келіп жергілікті әкімдердің бақылауында 1,5 жыл болады. Осы кезде жасырын татар қызына үйленіп, қыздың аяғы ауыр болады. Әлгі татар қыз баладан қайтыс болады. Шыңғыстау мен Қарқаралының екі арасы екі жүз шақырымдай жер. Күнде қатынасып жатқан ел арасында мұндай өсектің айтылмауы мүмкін емес. Оның үстіне өзі істі болып басы қатып жүрген Құнанбайдың бесінші әйелмен әуреленуі де шындыққа жанаспайды. Басы қатып жүрген аға сұлтан Құнанбай алды-артын ойламайтын ақымақ емес. Сондықтан, Құнанбайды әйелқұмар етіп көрсету де қисынсыз.

Төртіншіден, романның атын шолақ «Құнанбай» деп атағаннан гөрі, «Аға сұлтан Құнанбайдың ерліктері» десе дұрыс болатын сияқты. Романның аты осылайша айғайлап тұрса, оқырман құлағы елең ете түсер еді. «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» дегендей, оны автордың өз таңдауына қалдырдық.

Жалпы алғанда кітаптың мазмұны соншалықты тартымды. Құнанбай өмірінен сыр шертетін талай оқиғаларды тарихи деректерге негіздей отырып беруі де көңіл сүйсінтеді.

Сергазы ҚАЛИҰЛЫ,
Педагогика ғылымының докторы, профессор, академик

ОҚЫРМАН ХАТЫ

ЖУРНАЛИСТ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Қазір бүкіл әлем коронавирус деп дүрлігуде. Өкінішке қарай, бұл кесел еліміздің де айналып өтпеді. Қаншама адам көз жұмды. Еліміз бұрын-соңды болмаған сынаққа тап болды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы айтқандай, бұл қиындықтан аман-есен шығатынымызға сенемін.

Ең бастысы үмітімізді үзбейік. Биылғы жылдың мектеп түлегі ретінде айтарым, біз қатарлы жастар талабын шындап, жақсы мамандықты таңдап, еліміздің дамуына үлес қосса дейімін. Осы тұрғыдан келгенде, мен журналист болғым келеді. Бұл менің бала кезден бергі арманым. Мемлекетіміздің осындай қиын шағында журналистердің жанкешті еңбегін көріп сүйсіндім. Күн-тун демей ақпарат саласының алдыңғы шебінде жүреді. Өмірі мен денсаулығын қауіп-қатерге тігеді. Десек те, олар мамандықтарына әдал кәсіп иелері екенін байқатты.

Журналистердің жұмысы оңай емес екенін түсіндім. Ол қажыр-қайратты, ерен еңбекті, талмай ізденуді қажет етеді. Сондықтан таңдаған кәсіптің қыр-сырын жаңжақты меңгерсем деймін. Қазақ журналистикасындағы алдыңғы толқын ағалар мен апайлардың ұлағатты жолын өз қатарластыммен тізе қоса отырып, жалғастырғым келеді. Журналистика жаныма жақын мамандық болғаннан кейін күнделікті ақпараттармен, жаңалықтармен танысып отыруды әдетке айналдырдым.

Заман талабына орай дамып келе жатқан «Абай кз», «Керекинфо.кз», «Бақ.кз», «Қазинформ» және өзге де ақпараттық сайттардың оқырманмен байланысы ұнайды. Сонымен қатар дәстүрлі басылымдарды, оның ішінде балалар мен жас өспірімдерге арналған «Балдырған», «Ак желкен», «Ұлан» тәрізді газет-журналдарды мектеп қабырғасында жүргенде оқып, танысатынбыз. Қоғамда әр мамандықтың өз орны мен өз қадірі бар. Менің таңдауым – журналистика саласы болғаннан кейін, бағымды осы мамандықпен байланыстырып, сынап көргім келеді. Әзілхан Нұршайықов «Мен – журналистпін!» деп жазғандай, осынау қадірлі мамандыққа деген құрметім ерекше және арманыма қол жеткізіп жатсам, мәртебесін әрдайым жоғары ұстауға күбелі еңбек етіп, талаптанамын.

Гүлназ ТҰРАБАЙ

ТАЛҒАР

Соңғы жылдары есіме ұлы орыс ақыны Г.Р.Державиннің: «Отанымыздың түтіні де біз үшін тәтті әрі жағымды» деген өлең жолдары жиі оралады. Менің Фабричныйымның осындай өз «түтіні» болды. Оны қазір қарғалылықтардың бәрі де аңсайды. Бозбала шағымның мына бір көрінісі көз алдымнан кетпейді. Университетке оқуға түсіп, Алматыда жатақханада тұрдым. Әдетте, ауылима сенбі күні кештете жететінмін. Қарғалыдан орталыққа дейін жаяулатып келемін. Тау шатқалындағы фабрика жақтан жұылған тері мен боялған матаның иісі аралаған самал леп желпіп тұратын. Міне, бала кезімнен таныс осынау иіс – менің кіші Отанымның «түтіні».

Қазір, өкінішке қарай, комбинат көп жылдан бері жұмыс істеп тұрған жоқ, десек те, сонау артта қалған аяулы кезеңдерді жиі еске алып, аңсаймын. Ондай «түтін» жер бетінің бірде-бір қиырында жоқ. Мұндай сағыныш майдангер жерлестеріміздің жүрегін де тербеді, тағдырдың жазуымен әлемнің әр тарабында жүрген қарғалылықтардың жанында да осынау ұлы сағыныштың оты маздап тұрғаны анық. Бүгінде туған ауылымызда ол «түтінді» мүлде көрмеген, сезінбеген тұтас буын өсіп-өнді. Сондықтан қазығы осыдан 110 жыл бұрын қағылған Қарғалы шұға комбинатының телегей-теңіз тарихының парақтарынан азды-көпті сыр шертуді перзенттік ғәм азаматтық парызым санап, қолыма қалам алдым.

Исмаилжан ИМИНОВ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
тұңғыш фабрикасы

Иә, атан түйеге жүк болатындай бұлсан қатпарлы терең тарих сонау XX ғасырдың басынан бастау алады. Жетісудің ең бір сұлу мекенінде – Қарғалы шатқалы қанат жайып, арынды өзені арқырай ағатын. Бұл жерлер ежелден қазақтың екі руына тиесілі болған. Қарғалы өзенінің оң жақ шығысын дулаттың жаныс, сол жағын шапыраштының айқым руы мекендеген. Мұндағы кең жазиралы жайлауларда мыңғырған қой мен жылқылар жайылған. 1886 жылы Қарғалы өзеніне таман жаныс руының үлкен ақсақалы, атақты болыс Сәт Ниязбекұлы мешіт салдырған.

Бұл кезендерде өнір халқының саны көбейді, ел-жұртқа жақсы киім-кешек қажет болды. Дәулеті тасыған қазақ ауылдары тіршілік кешті. Өлке сапалы терісімен әйгіленді. Осындай артықшылықтарға верныйлық көпес, іскер азамат Сергей Шахворостов назар аударды. Ол шұға фабрикасын салуды ойластырды. Фабриканы тұрғызуға ыңғайлы жерді ұзақ қарастырды. Комбинаттың салынуы көнінде айтпас бұрын, мен алдымен Шахворостовтар отбасы туралы әңгімелеп өтсем деймін. Өйткені олардың есімі біздің туған ауылымыздың ғана емес, Алматы қаласының тарихына да енген.

Бұл фамилияны мен алғаш рет балалық шағымда естідім: біздің фабриканы Шахворостов деген көпес салған деп айтатын. Есімін жиі естітінбіз. Ақсақалдар фабриканы атымен атамай, жай ғана «Шахбурст» деп қысқа қайыратын.

Әлі есімде, мен мектепке барған кезімде бізге ондағылар «әлем байлар мен кедейлерден тұрғанын, ал фабриканттар қарапайым халықты қинаған» деп түсіндіретін. Бірақ көнекөздердің ешқайсысы Шахворостов жайында теріс пікір айтқанын естімеппін. Әрине, фабрикашы Шахворостов қайырымдылықпен айналысқан жоқ (бөлкім, кейде мұқтаж жандарға қол ұшын созған да болар), ол ең бірінші кезекте табыс табуды ойлады, бірақ қарғалылықтардың есінде жақсы адам ретінде сақталды.

Шахворостовтар деген кімдер еді? Олардың ата тегін таратар болсам, Воронеж губерниясының крепостнойлық дихандар отбасынан шыққан. Көпестер династиясының негізін қалаушы Андрей Назарович Шахворостов Ресейден Верныйға қоныс аударып, мещандар табына өтіп, ал 1879 жылы көпестерге қосылған (ол кезде 79 жаста). Шалдың Андрей және Григорий деген екі ұлы болды. Еті тірілеу Григорий 1880 жылы «Шахворостов пен ұлдары» атты сауда үйін құрған. Коммерциялық фирманың жұмыстары жақсы жүріп, көп ұзамай Шахворостовтар Жетісудағы ең бай отбасылардың біріне айналды. Бұдан бөлек, Григорий Шахворостов жерлестерінің атынан патшаға күміс табақша салынған нан мен тұзды тарту ету мәртебесіне ие болған. Ол 1904 жылы көз жұмды.

Г.Шахворостов ұлдарының ішінде ерекше көзге түскені әрі әкесінің басты кенесшісі Сергей болды. Жаратылысынан іскер, ерік-жігері мол, әртүрлі ұлт өкілдерімен тез тіл табысып кететін. Қазақшаға жүйрік. Жергілікті байлардан жора-жолдастары көп еді. Бұл олардың үйіне, қазақ байлары оның шаңырағына қонаққа келіп, майлы қасықтай араласты. Сергей қазақ әндерін өте жақсы көріп, құмарта шырқаған. Жас кезінде құбылмалы көңіл-күйімен ерекшеленген, шешім қабылдаудағы бірбеткейлік мінезімен кейде әмірі күшті әкесіне де бағынбай кетеді екен.

Әкесі дүние салған соң жиған дәулеті бала-шағасына теңдей бөлініп, әрқайсысы өздеріне тиесілі үлестерін алған. Бірақ сауда үйінің шаруасын, яғни отбасының ата кәсібін Сергей дөңгелеткен.

1914 жылы, Бірінші Дүниежүзілік соғыстың басталар шағында Шахворостовтар Жетісу өлкесінде ғана емес, күллі Түркістан аймағындағы ең бақуатты адамдардың біріне айналды. Соғыс жылдарында С.Шахворостовтың қазынасы еселеп артты. Оның шұға фабрикасы императорлық армияны шинелдер тігуге арналған матамен қамтамасыз етті. Революциядан кейін чекистер үйіне тінту жүргізгенде құпия орынған 500 мың патшалық рубльді тапты. Қарғалыда әлі күнге дейін комбинаттың бас конторында (Шахворостов кезеңінің ғимаратында) фабрика қожайыны алтынға толы қойма жасырып кеткен деген аңыз айтылып келеді.

Осы уақытқа дейін жетпеген Шахворостовтардың сауда үйі Алматы қаласындағы Қонаев пен Жібек Жолы көшелерінің қиылысында «Қызыл тан» аталатын заманау мата Үйі дүкенінің оң жағында орналасқан еді.

Сергей Шахворостов сауда-саттық ісімен ден қоя айналысқан сайын ол Жетісуға тек қана ірі дүкендер ғана емес, өлкенің өз жеңіл өнеркәсібі қажет екенін көбірек пайымдай бастады. «Қазақ жерінің оңтүстік шығысында фабрика тұрғызып, шұғаны жергілікті шикізаттан өндіріп, бүкіл Түркістан аумағына, оның ішінде Шығыс (Синьцзян) аймағына сату мүмкіндігі бола тұра, маталарды Ресейден, шетелден не үшін әкеледі?» деген тұжырымын жиі айтатын.

Осы өміршең идея көпестің ойынан бір сәтке шықпай, іштей дамыл таптырмады. Алматы төңірегін табаннан таусыла түгел шолып, фабрика құрылысына лайықты орын ізледі. Сөйтіп, таңдауы Қарғалы шатқалына түсті. Неліктен?

Күлдәрия Тоқсейітова

Әнуарбек Жұрынов

Өйткені мұнда буырқанып ағып жатқан Қарғалы тау өзені бар, ал бұл өз кезегінде тегін электр қуатының көзі. Жиналған теріні жуып-шаятын су да дайын. Төңіректе көшпенді салтпен тіршілік кешіп отырған қазақ рулары көп. Көшкен жұрттың орнында бағасыз қалып жатқан мал терілері аз емес. Осылайша көпес өз фабрикасын аталған жерге тұрғызу жөніндегі тарихи шешімге келеді.

Сергей Шахворостов пен жездесі, жылқы зауытының қожайыны Федор Пестов (бұл тандемде басты рөлді көпес атқарды) жергілікті қазақ ру басыларынан төрт гектар жерді 30 жылға жалға алады. Жылына 40 рубльден төлеп тұру шартымен. 1909 жылы фабрика құрылысын бастап кетеді. Оның алдында Сергей Шахворостов Ресейге барып қайтады, сол сапарында Ресейдегі шұға фабрикаларының жұмысымен танысады, қажетті станоктар алып, арнайы мамандарды шақыртады. Арада біраз уақыт өткеннен кейін Қарғалыға небір алыс қиындардан арбалы көліктермен қажетті құрылғылар жеткізіле бастайды. Сол кезде жұрттың көбі Жетісу жерінде фабрика тұрғызуды – құрғақ қияға жатқызды. Утопия деді. Бірақ олар болашақ фабриканттың қиындыққа мойымас қайсар мінезінің бар екенін білген жоқ.

Көсіпорын цехын салушылар – қазақ кедейлері мен Столыпин реформасының кезінде өлкеге қоныс аударып келген орыс переселендері. Әлбетте, фабрикаға ең алдымен білікті мамандар аудай қажет болды. С.Шахворостов Симбирск губерниясынан 8 шебер мен 10 тәжірибелі жұмысшыны шақыртты. П.Бирюков, К.Бирюков, М.Георги, Т.Золин, Ш.Ефесов, Т.Ломакин, В.Федотов, ағайынды Дубровиндер мен Сартиндер болашақта катарға қосылатын жұмысшылардың мандайалды мамандарына айналды. Комбинат құрылысын инженер Андрей Ливенков жүргізді, ал жобаға верныйлық сәулетші Андрей Зенков жетекшілік етті. «1909 жылдың соңында құрылыс толығымен аяқталды. Нәтижесінде цех, контор, қоймалар, тұрғын-жайлар мен монша пайдалануға берілді» деп еске алады кәсіпорынның алғашқы жылдары туралы байырғы қызметкері, бізбен көрші тұрған Кузьма Бирюков.

Фабрикаға бірінші кезекте электроэнергия қажет болды. 110 жылдан кейін мен сол кездегі ГЭС-тың қай жерге салынғанын анықтауды мақсат еттім. Зерттеп-зерделей келе білгенім, Шахворостов тауға қарай канал қазып, су тоғанын жасатады. Тоғаннан құбыр арқылы келген судан генераторлар электркуатын өндіреді. Ескі каналдың орны бүгінге дейін сақтаулы. Жуырда биік төбеге көтеріліп, ондаған жылдар бұрын буырқанып ағып жатқан су арнасының орнымен танысып қайттым.

Менің пайымдауымша, біздің жұмысшы ауылымыздың тарихы 1909 жылдан бастау алады. Ал Шұға фабрикасының жұмысы 1910 жылдың қаңтар айынан өріледі. Өз басым С.Шахворостов тұлғасын көтермелеп, тым жақсы етіп көрсетуден аулақпын. Әрине, ол ең алдымен пайда табу жағын көбірек ойлағаны сөзсіз.

Бірінші Дүниежүзілік соғыста фабрикада 196 жұмысшы еңбек етті. Әртүрлі ұлт өкілдерінен құралған жұмысшылардың арасында қазақтар, орыстар, татарлар мен өзбектер, қырғыздар мен ұйғырлар да болды. Көбі қазақтар еді. 1913 жылы фабрика өзінің алғашқы жобалық қуатына қол жеткізді. 1919 жылдың маусым айында кәсіпорынды кенестер билігі мемлекет меншігіне рәсімделді. Фабрика жұмысын Жетісу облыстық кәсіподақтар кенесі бақылайды, шамалы уақыттан кейін ол Жетісу Кенестік халық комиссарларының қарамағына өтеді. Кәсіпорынға Профинтерн (Кәсіподақ халықаралық бірлестігі) аты беріледі. Қарт жұмысшылардың айтуы бойынша, Сергей Шахворостов өндірістің қыр-сырына қанық білікті басшы ретінде фабриканы тағы да екі-үш жыл көлемінде басқарған екен. 1920 жылы Мәскеу мен Ташкентке мамандар жіберіледі, олар фабриканың тозған станоктарына қосалқы бөлшектер әкеледі. Азаматтық соғыстан кейін большевиктер директор етіп Гимади Батыршиндті тағайындайды. Ол екеуі С.Шахворостовпен бірге фабриканың негізін қалған жандар екенін бала кезімізде ауыл ақсақалдары жиі айтып отыратын.

1925 жыл – ауыр кезең болды. Кәсіпорындағы техникалық құрылғылардың тозығы жеткен, көбі С.Г.Шахворостовтың уақытынан бері келе жатыр, яғни өндірісті қайта құрып, қайта жасақтау міндеті туды. Осы жылы КазЦСНС Бірінші Мемлекеттік шұға фабрикасының тізгіні И.Ф.Киселевке тиді. Бұл адам да қарғалылықтардың жүрегінен ерекше орын алды. Белгілі тұлға жайында қысқаша баяндайтын болсам, Иван Федорович 1888 жылдың қаңтар айында Орынбор қаласында дүниеге келді. 1903 жылдан 1907 жылға дейін Орынбор Қырғыз (Қазақ – И.И.) мұғалімдік мектебінде оқыды. Қазақ тілін туған тіліндей меңгерген, революцияға дейін ұлттық мектептерде (училищелерде) ұстаздық етті. Азаматтық соғыстың «қызылдар» жағындағы белсенді қатысушысы.



Фабрика жұмысшылары

Комбинат директоры болып келгеннен кейін И.Ф.Киселев 8 сағаттық жұмыс кестесін енгізді. Кәсіпорынның тек сұранысқа сай заттарды шығаруына қол жеткізді, нәтижесінде тауарлар түрі 50-ден 11-ге дейін азайды. Матаға деген бағалар 14 пайызға төмендеді, сауда қарқыны жақсы жүрді. 1927 жылдың бірінші тоқсанында фабрика 35 мың метр шұға шығарды, бұл оның алдындағы жылдың кезенімен салыстырғанда 15 мың метрге артты. 1927 жылдың бірінші жартыжылдығында мекеме көзделген мөжеден асып түсіп, 4,8 мың метр шұға өндірді. Әрине, бұл өте жақсы нәтиже еді, бірақ директор кәсіпорын жұмысын одан әрі күшейте түсуді ойластырды. 1927 жылдың 18 қыркүйегінде фабрика жұмысы тоқтады. Мұндай жайт 1990 жылдардың бас кезіне дейін орын алған фабрика тарихындағы бірегей жағдай.

1929 жылдан 1933 жыл аралығында фабрика Көпбай Бейсеуов (1896-1942) басқарды. Осынау ғажайып тағдырлы кісі туралы құжаттық деректер сақталмаған. Белгілісі – техникум бітіргені. 1920 жылдары дүкен директоры, судья, Орал облыстық компартиясында хатшы болып жұмыс істеген. Көпбай майданда қаза тапқан. Ол көрнекті композитор Әсет Бейсеуовтың әкесі еді.

1933 жылдан 1936 жылға дейін фабриканы жеңіл және тоқыма өнеркәсіпті үлкен тәжірибесі бар С.Е.Стручков дейтін азамат басқарды. 1944 жылдың қаңтар айында сан түрлі әрі арзан тиді. Мұның барлығы қарғалы жұртының нәубет кездердің киыншылықтарын еңсеруге күш-қуат берді. Майдан шебінде қаза тапқан сарбаздардың жесірлері ғұмырларының соңына дейін осынау жүрегі жұмсақ, жаны жомарт азаматқа алғыстарын айтумен өтті.

А.Д.Жұрынов – нағыз басшы қандай болу керек дегеннің шынайы үлгісі еді. Бес күн жалғанда ешкім де мәңгі емес. Егер жерлестерің сені өмірден өткен соң жылы сөздерімен еске алса, демек, сен бұл өмірді бекер сүрмегенсің. Ауыл жұрты А.Д.Жұрынов фабриканы басқарған жылдары Қарғалы тарихының алтын қасыры болды деп есептейді.

Сонымен қатар Қарғалы ауылы мен Қарғалы шұға комбинатының шежіресінде қарапайым әрі ұлы еңбек адамы, тоқымашы Күлперім Махмұтованың есімі ойып тұрып орын алатыны хақ. Күлперім Махмұтова – аты аңызға айналған қоғам және спорт қайраткері Бекет Махмұтовтың аяулы анасы. Оның өрен еңбегі соғыс және соғыстан кейінгі жылдары КСРО кезіндегі ең жоғарғы марапат – Ленин орденімен атап өтілген. Бұл фабрика жұмысшыларының арасындағы осындай дәрежедегі тұңғыш марапат екенін айта кеткенім жөн.

1948 жылы Қарғалы шұға комбинатында 2,5 мың жұмысшы мен қызметші еңбек етті. Бұлсол кездегі Шымкент мақтақағаз, Алматы, Семей фабрикаларын қоса есептегенде екі жарым есе көп көрсеткіш. Аталған мекемелерде 270-тен 530 адамға дейін жұмыс істеген. Жамбыл ауданы бойынша негізгі салық төлеуші комбинат болды, жүздеген мың рубль бюджетке түсіп тұрды. Комбинатқа Алматыдан республиканың бірінші басшылары келетін, Мәскеуден жоғары мәртебелі қонақтар да ат басын жиі бұратын.

1946 жылы қолданысқа үш жаңа цех берілді: бояу-аппараттық, дайындық және күймалық цех. Жаңа машиналар мен механизмдерді жасақтауға 400 мың рубль жұмсалды. Комбинаттың қуаты күн санап арта түсті. Бүкіл Кеңес Одағынан жаңа техникалар мен қондырғылар, сапалы бояғыштар келіп жатты. 1960 жылдары қатарға бояу-өңдеу, тоқыма және апаратты-іріту цехтарынан құралған жаңа корпустар қолданысқа берілді. Шахворостов кезеңінен қалған көптеген ескі станоктарды жаңаларына ауыстыра бастады. 1900 жылы шығарылған «Швабе» және «Шенгер» атты ескі станоктар ауыстырылды. 1950 жылдың екінші жартысы мен 1960 жылдың басында фабрикада заманауи түткіш, шираткыш, айналдырғыш станоктар орнатылып, талшықты кептіретін, бояйтын құрылғылар іске қосылды. Сонымен қатар комбинатта 159 жылдам механикалық және 65 механикалық станоктар жұмыс істей бастады. Есімде жақсы сақталған жайт, 1964 жылы Алма-Ата шұға фабрикасы қуаты жағынан еңсеріп күштірек Қарғалы шұға комбинатына қосылды. Жаңа кәсіпорын «Алатау» шұға фирмасы деген атауға ие болды. 1970 жылы Алма-Ата шұға фабрикасының тері іріту цехын кілем фабрикасына беріп жіберді. Осыған орай кәсіпорынға «Қарғалы шұға комбинаты» деген бұрынғы атауын қайтарды.

1960-1980 жылдар аралығында ауыл тұрғындарының тұрмысы жаман болған жоқ. Қарғалыдағы тіршілік комбинаттың жағдайына тікелей қатысты еді. Өйткені ол қалақұраушы кәсіпорын болды. Ол кезде Қарғалы шұға комбинатында 3500-ге жуық адам еңбек етті. Әрине, комбинаттағы жалақы бірінші басшыға байланысты. А.Д.Жұрынов зейнеткерлік демалысқа кеткен соң фабрика тізгінін әр жылдары Б.Шевченко, А.Ш.Жомартов, С.С.Ахметов, Д.С.Жылқыбаева, С.С.Әміров есімді азаматтар ұстады. Кәсіпорын өмірінде ерекше рөл атқарған партиялық ұйымның жұмысын да атап өтуіміз керек. Оны басқарғандар: Ж.Т.Балкебаев, В.Т.Боков, Г.А.Потребич, С.В.Гудзь, А.С.Ожерельев, И.А.Иминов, Ж.М.Әбділбаев, К.Г.Жансейітов есімді тұлғалар еді. Комбинаттың дамуына сүбелі үлес қосқан өзге де басшылардың есімдерін тілге тиек етуді жөн көріп отырмын. Олар: З.К.Сумембаев, Н.Ф.Карпенок, К.Әбиев, Р.К.Камалетдинов, О.Ыдырыбаев, Р.Х.Мосиюк, Л.Н.Фукс, Л.А.Киселева, Н.Ф.Музараева және т.б.

Осы жылдары бүкіл елге Күлдәрия Тоқсейітованың есімі мәшһүр болды. Ол 1955 жылы жетіжылдық білім туралы куәлік алған соң, еңбек жолын фабрикада бастады. XX ғасырдың соңы XXI ғасырдың басында біздің ауылымыздың ең танымал тұрғыны болды. Күлдәрия мектепте жақсы оқыды, бірақ неліктен он жылдықты бітірмеді? Мұның өзіндік себебі бар. Өйткені бұл кезеңде балалардың көпшілігі жетінші сыныптан кейін еңбекке аналасып, отбасына көмектесті. Онжылдықты тәмамдайтындар некен-саяқ еді. Қарғалы шұға комбинатындағы жанкешті еңбегі үшін тоқымашы әйел екі мәрте Ленин орденімен, екі мәрте Еңбек Қызыл туы орденімен марапатталып, Социалистік Еңбек Ері мәртебелі атағы берілді. КОКП XXVI съезіне делегат ретінде қатысты. Бүгінде ауылдың бір көшесі апайдың есімімен аталады. Бұдан бөлек өндірістің алғы шебінде – К.Махмұтова, А.Сатылғанова, Р.М.Артемьева, А.С.Сидоренко, К.Бастаубаева, Н.Кооп, Е.М.Новикова сынды өз ісінің майталмандары, кәнігі шеберлері жүрді. Көп жылдан бері Гүлсім Зауытбекқызы Кореневамен достық қарым-қатынасымыз үзілген емес. Қарғалыда туып-өскен осынау қарапайым, еңбекқор, өмірлік ұстанымы жоғары әйелді күллі ауыл сыйлап, құрметтеді. Білікті ірікуші болып қызмет атқарған Гүлсім Зауытбекқызы III дәрежелі Еңбек Даңқы орденімен марапатталды, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің 11-ші шақырылымының депутаты, көп жыл бойы аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болды. Жамбыл ауданының Құрметті азаматы.

Павлина Михайловна Чурсинамен де таныс-біліс болдық, ол мен директорлық қызмет атқарған Қарғалы №1 орта мектебіне келіп тұратын. П.М.Чурсина 1989 жылдан 1991 жылға дейін КСРО Халық депутаты, Кеңестер Одағының жоспарлау және бюджетті жоспарлау комиссиясының мүшесі болды.

Шұға комбинаты жабылып, жұмысы тоқтаған кезде бұл оқиға қарғалылықтар үшін аса ауыр жағдай болды. Көршілес колхоз-совхоздар мұндай қиындықты бізге қарағанда жеңілдеу өңседі. Олар жер өңдеумен, мал шаруашылығымен күн көріп кетті. Ал Қарғалы халқына тұралаған фабриканың ақциялары ғана берілді. Жерлестерім ақшасы қалып, тіршілік ету оңайға соқпады. Нәпақа тауып, бала-шағаларын асырау үшін басқа өңірлерге жұмысқа кетіп жатты. Жастар қалаға атланды. Комбинат жұмысы қаңтарылған уақыт аралығында оның ғимараттары бұзылды, қирады, іске жарамсыз болып қалды. Кәсіпорын өндірісін алға оздырған, мәні мен сәніне айналған қажырлы станоктар теміртерсекке тапсырылды. Комбинат пен ауылға су жеткізіп тұрған екі үлкен құбырдың бірі кесіліп, қазірде фабрика аумағынан шығарылуда. Оларды да станоктардың басына түскен тағдыр күтіп тұрғаны анық. Қадірлі ақсақал, комбинаттың бұрынғы бас энергетигі Орынбасар Ыдырысбаевтың айтуынша: «Бұл құбырлар әлі бірнеше ғасырға жарайтын еді». 32 мыңнан астам тұрғыны бар ауылда Мәдениет үйі де жоқ десек, біреу сенер, біреу сенбес.

Қарғалы – менің туып-өскен жерім, алтын бесік ауылым. Оның әр тасы, сай-саласы мен үшін қымбат. Қымбаттылығы сонша, саналы ғұмырым өткен осынау ыстық та, аяулы мекенімді тастап ешқайда кетпеймін. Оның жарқын келешегіне сенемін. Күндердің күнінде бір «жаңа Шахворостов» келер ме екен, Қазақстанның бірінші фабрикасын қайта түлетіп, жаңғыртар ма екен деген тәтті қиялға берілемін. Атағы шартарапқа жайылып, аңызға айналған Қарғалы шұға фабрикасының бүгінгі тағдыры баршамызды терең ойландыруы керек. Қалай болғанда да, Қарғалының бағы мен бақытына айналған шұға фабрикасы елімізің де мерейі ғой. Демек, оның жұмысы жалғасын тауып, қайта жандануы керек. Мен осыны армандаймын.

Қарғалы шатқалындағы фабрика, 1910 жыл.

Орыс тілінен аударған Дәуіржан ТӨЛЕБАЕВ

Көмековтің Шоқаны

XX ғасырдың 60-70 жылдары Кеңес Одағының ғылыми ордасы болған Ленинградтың шығыстанушы ғалымдарын бас идірген екі қазақ жігіті болды. Олар – Т.И. Сұлтанов пен Б.Е.Көмеков.... Тұрсын Икрамұлы Сұлтанов – Ленинград шығыстанушылары дайындаған ғалым. Ол сонда университет бітіріп, КСРО Ғылым Академиясы Шығыстану институтының Ленинград бөлімшесінде қызметке қалған, аспирант болған... Ал, Б.Көмеков Ташкент мемлекеттік университетінің Шығыстану факультетіндегі Араб тілі және әдебиеті бөлімін бітірген соң Египеттегі Асуан ГЭС-інде аудармашы болып 3 жыл істеген. Одан кейін Қазақ КСР Ғылым Академиясы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтына қызметке келіп, кейінірек Ленинградқа аспирантураға жіберілген... Сол аспирантурада жүріп «История кимаков по арабским источникам» атты тақырыптағы Б.Көмековтың кандидаттық диссертациясын әлемге әйгілі Ленинград шығыстанушылары бір ауыздан докторлыққа бағалаған...

Б.Көмеков туралы жазу, яғни оның ғылыми ерліктерін толық көрсету онай емес. Халық өз батырларын біле бермейтіні тарихи шындық. Жалпы халық білмесе де тарих ғылымының айналасында жүргендер Болат Ешмұхамбетұлының ғылыми ерліктерін біледі, алайда оның Шоқантануға сіңірген қыруар еңбегін білетіндер жоқтың қасы...

Шоқантану – көп салалы ғылым. Ұлы ғалым Ш.Ш.Уәлихановтың артында қалған мұрасы ірі ғылыми зерттеулерден, публицистикалық шығармалардан, рецензиялардан, күнделіктерден, халық аңыздарынан, шежірелерден, жырлардан, көркем аудармалардан және өнертану ғылымдарын камтиды. Оның барлық жұмысы ғылыми жағынан өте құнды. Күнделіктеріне байыптап зер салсақ, терең жазылуымен қызықты, көркемдігімен бағалы. Шоқанның күнделіктері халық өмірін терең зерттеудің жемісі. Осынау құнды көркем шығармалардың стилі мен жазылу мәнері көркемдік жағынан Пушкин мен Лермонтовтың Кавказ очерктерін еріксіз еске түсіреді, яғни сол ұлы ақындардың проза жанрына өте жақын, ақушының баурап алатын жатық және көркем тілмен жазылған. Биыл Ш.Ш.Уәлихановтың туғанына 185 жыл, қайтыс болғанына 155 жыл толады. Демек Шоқанның артында қалған ғылыми мұрасы игерілу тарихының басталғанына да 155 жыл толғалы отыр. 1865 жылы қазақ ғалымы қайтыс болған соң, оның еңбектерін игеріп жарыққа шығарудың жаңа кезеңі басталған еді. Қазақ ғалымының ғылымдағы орнын жоғары бағалайтын оның достары осы бір игілікті іске жұмыла кіріскен еді. Сол осы күнге дейін жалғасып келеді. Ш.Ш.Уәлихановтың толық жинағын алғаш рет жарыққа шығаруды Орыс географиялық қоғамы К.К.Гутковскийдің басшылығымен қолға алып қызу кіріскен еді. Алайда 1867 жылы Карл Казимировичтің кенеттен қайтыс болуына байланысты РГО-ның аса игілікті ісі тоқтап қалды. Бұған Ресей интеллигенциясы, әсіресе Шоқан мен Гутковскийді білетіндер қатты қайғырды. Мысалы Гутковский, Шоқандармен тығыз байланыста болған Лондондағы А.И.Герцен «Колокол» журналының 1867 жылы 1 тамызғағы санында: «...самый дельный и самый знающий Гутковский умер в настоящем году» деп жазды. Қазақ ғалымының көптеген зерттеулері Еуропа елдері мен Ресейде талай мақалалары жарық көрді. Аса құнды зерттеулері қолжазба күйінде министрлер мен губернаторлардың (Сібір, Қазақстан мен Орта Азия) стол үстіндегі кітабына айналды. Кеңес өкіметі заманына дейінгі жарық көрген көлемді кітаптарының ішінде ерекше атап өтетініміз, Лондон (1865) мен Санкт Петербургтегі (1904) бір том болып шыққан кітаптары. Сол К.К.Гутковскийден кейін Ш.Ш.Уәлихановтың толық жинағын бастырып жарыққа шығаруды XX ғасырда Қазақ ССР Ғылым академиясы президенті Қ.И.Сәтпаев қолға алып қызу кіріскен еді, әттең осы бір үлкен науқан 1952 жылы тоқтап қалды. Қаныш Имантайұлы 1955 жылы Ш.Ш.Уәлихановтың толық жинағын жарыққа шығару науқанын жаңадан бастады. Шоқантаушылар тобын құрып, ұлы ғалымның еңбектерін зерттеп баспаға дайындауға қызу кірісті. Алайда ештеңе өндіре алмаған соң Шоқантанушылар тобын таратып жіберіп жаңадан құрады. Одан нәтиже шықпаған соң тағы таратып жіберіп қайтадан құрады. Осылай ардагер Қаныш Имантайұлы Шоқан еңбектерін жарыққа толық шығару үшін алты рет топ құрыпты. Ақиқы Шоқантанушылар тобын басқарды Ә.Х.Марғұланға тапсырады. Әлкей Марғұлан Қазақстан археология мектебінің негізін қалаушы болғанмен негізгі Петербург университетінен алған мамандығы филолог, яғни жан жақты ғалым. Демек Шоқантанушылар тобын басқаруға бірден бір лайықты маман... Ол өзінің әртүрлі археологиялық экспедицияларын тоқтатып Шоқан еңбектерінің жарыққа шығуға қызу кіріседі. Нәтижесінде 1958 жылы Ш.Ш.Уәлихановтың бір томдық таңдамалысы (орыс тілінде), 1961 жылы 5 томдық жинақтың 1-ші томы жарыққа шықты. Ә.Х.Марғұлан басқарған шоқантанушылар тобында Шоқан еңбектерін шығуға қатысқан ғалымдар: А.Б.Никольская, М.С.Тұрсынова, П.Г.Галузо, Л.М.Әуезова, Г.Н.Уәлиханов және тарих ғылымдарының кандидаттары Т.Ж.Шойынбаев, Ф.Маликов. Шоқанның аса құнды еңбегі Сот реформасы туралы жазбаларына пікір жазуға профессор С.Я.Булатов, латын тіліндегі ботаникалық терминдерді дайындауға академик Н.В.Павлов, зоологиялық терминдерді дайындауға биология ғылымдарының кандидаты А.А.Слудский қатысты. Бұл кітап қазақ ғалымының алғашқы академиялық басылымы еді. 1961 жылы Ш.Ш.Уәлихановтың 5 томдық жинағының 1-томы жарық көрді. Осынау академиялық басылымның Қ.И.Сәтпаевтан басқа да шын жанашырлары болды. Олар редакциялық алқа мүшелері М.О.Әуезов, С.Б.Бойішев және Тарих институты директоры А.Нүсіпбеков болатын. Ш.Ш.Уәлихановтың 5 томдық еңбектерін шығаруға қатысқан ғалымдар: А.Х.Марғұлан (жауапты редактор), М.С.Тұрсынова, Дж.Х.Кармышева, Л.М.Әуезова, Т.Ж.Шойынбаев, Г.Н.Уәлиханов, З.Н.Пальгова, Н.Н.Мингулов және басқалар. II-томды дайындауға суретші К.А.Власов қосылды. Аталған том 50 б.т. (796 бет) болып 1962 жылы жарық көрді. III-том 1964 жылы 46 б.т. (664 бет) болып жарық көрді. Осы аса көлемді үш томға Шоқанның зерттеулері мен құнды еңбектері енді. Ал IV-томға Шоқанның эпистолярлық мұрасы, яғни хаттары, қызметтік материалдары мен замандастарының естеліктері басылды (1968). V-томға Шоқанның бейнелеу өнеріне қатысты еңбектері мен географиялық карталары басылып шықты (1972).

Біз енді Б.Е.Көмеков басқарған әдеттегідей «Ғылым» баспасы емес «Қазақ Совет энциклопедиясы» баспасында басылатын болды.

Болат Көмеков алғашқы күннен бастап бұрынғы шоқантанушы ғалымдарды шақыру керек деп мәселе көтерді. Ә.Х.Марғұлан басқарған шоқантанушылар тобына кірген бір-ақ адам біздің институтта қалған екен. Ол – белгілі түркітанушы және иранист маман Наджип Нигматұлы Мингулов еді. Біраз жыл бұрын зейнетке шығып кеткен белгілі шоқантанушылар Мариям Сүлейменқызы Тұрсынова мен Жамалия Халелқызы Кармышеваны шақыртып алып, штатқа қосты. Мариям апайды Ленинградқа ұзақ уақытқа жіберіп архивтерден Шоқанның материалдарын алғызды. Себебі ол бұрын Ленинград архивтерінде болған және сол мекемелердің қыр-сырын өте жақсы білетін маман. Осындай қауырт жұмыстардың арқасында кейбір тың материалдар жаңа басылымға енді.

Ш.Ш.Уәлихановтың мерейтойға арналған жаңа 5 томдық жинағын қандай жағдайда шығару керек деген мәселені ортаға тастап, институт басшылары және бұрынғы шоқантанушылар оны қызу талқылады. Ә.Х.Марғұлан шығарған бұрынғы академиялық басылым Шоқан зерттеулері мен қолжазбаларын түгелдей басып шығарған еді. Жаңа басылымда, яғни Ш.Ш.Уәлихановтың 150 жылдық мерейтойына арналған 5 томдық шығармалар жинағына Шоқан еңбектерінің жаңа басылымын хронологиялық жолмен жарыққа шығару керек деп үлкен өзгеріс жасады. Оның бұрынғы басылымнан айырмашылығы мынандай: 778 бет көлемде басылған бірінші томда Шоқанның Қазақстан мен Қырғызстанға арналған зерттеулері кірген еді. Екінші томға Шығыс Түркістанға, яғни Қашғария мен Құлжа сапарларының материалдары, ал үшінші томға осы үш аймаққа қатысты, әртүрлі мақалалары кірген болатын.

Жаңа мерейтойлық басылымның I-томында тек Қазақстан туралы зерттеулері «Дневник поездки на Иссык куль» атты зерттеумен бітеді. II-том түгелдей Қырғызстан туралы зерттеулеріне арналған. III-том Шығыс Түркістан яғни Құлжа мен Қашқария сапарларындағы зерттеулерімен жазбалары. IV-том 1861-64 жылдардағы Қазақстан мен Сібір туралы зерттеулері, қай жылы жазылғаны белгісіз мақалалары және өзі жинаған архивтік материалдарына арналған. V-том Ш.Ш.Уәлихановтың біздің заманға жеткен хаттары мен қызметтік құжаттары және белгілі ғалымдардың қазақ ғалымы туралы жазған құнды естеліктерінен құралған... Ш.Ш.Уәлихановтың ғылыми мұрасын хронологиялық көрсеткішпен шығарған себепті, көп өзгеріс болды. Мысалы Шоқанның алғашқы Петербургте жарық көрген әйгілі зерттеуі – «Очерки Джунгарии» бұрынғыдай I-томда емес, жаңа басылымда III-томға енді. Ал ұлы ғалымның 1856 жылға дейінгі, яғни 21 жасында Орыс географиялық қоғамына мүше болғанға дейінгі зерттеулері жаңа басылымның I-ші және II- ші томдарын құрады. «Приложения», «Варианты и разночтения» бөлімдері жаңа мерейтойлық басылымға енбейтін болған соң әрбір томның көлемі кішірейді.

Бұл томдықтар Кеңес өкіметі тұсында өте ерекше оқиға болды. Жоғарыда айтқанымыздай қазақ ғалымы Ш.Ш.Уәлихановтың 150 жылдық мерейтойы кең көлемде тойланып, ЮНЕСКО дәрежесінде атап өтілуге тиісті еді. Осынау дүниежүзілік ғылыми ұйымда тойлануға қазақ ғалымының барлық жағдайы дұл келіп тұрған еді. Шоқанның талай еңбегі ағылшын, неміс, француз тілдерінде, жалғыз Петербург емес, Еуропа елдерінде жарық көрді. Шығыс Түркістан мен Қырғызстан елін алғашқы зерттеген ғалым. Сондай-ақ 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО-ның қағидасына құба құп келіп тұрған еді. Сондықтан біз Шоқанның мерейтойы Парижде өтетін болды деп қуанып жүрген едік. Алайда бұл қуанышымыз 1985 жылдың басында су сепкендей басылды... Мәскеу қазақ ғалымының 150 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО көлемінде өткізбейтін болды... Болат Ешмұхамбетұлы КСРО Ғылым Академиясы басшыларымен телефон арқылы әлдеңеше рет сөйлесті. Олардың негізгі сылтауының бірі – Ш.Ш.Уәлихановтың ешқандай кітабының Мәскеуде шықпағаны болды.

«Патша заманында Петербургте, Лондонда, Парижде, Австрияда шыққаны есептелмейді. Алдымен қазақ ғалымының кітабын Мәскеуде шығаруының керек» деп неше түрлі қисынсыз сылтаулар айтады. Сонда Болат Көмековтің «Бір том Таңдамалысын жіберейік. Сіздерде мүмкіндік көп емес пе?» деген өтінішіне олар амалсыз келісті... Олар бізді тез арада дайындап бере алады деп ойлаған жоқ сияқты...

Енді Мәскеудегі «Наука» баспасында Ш.Ш.Уәлихановтың бір томдық жинағын жарыққа шығару үшін тез арада дайындап беру керек болды.... 1985 жылдың наурыз айында Болат Көмеков пен біздің бөлімнің жігіттері аз күн ішінде Ш.Ш.Уәлихановтың бір томдық жинағын дайындады. Соңғы күні Б.Көмеков, В.Шуховцов, Ғ.Шәйменденова және мен түнгі сағат 11-ге дейін Институтта отырғанымыз есімде. Қолжазбаны алып, ертеңіне В.Шуховцов Мәскеуге ұшып кететін еді. Баспа директорының атына жазылған жолдама хатқа институт мөрін бастыруға хатшы Тамара Васильевнаны түн ішінде шақыртып алдық. Ертеңіне біздің қызметкер Мәскеудегі баспаға апарып тапсырды. Олардың қызметкерінде ауыр болмасын деп кітапты өндіріске жібергенше біздің қызметкеріміз Володя Настич сол Мәскеудегі баспада отырды. Аталған кітапқа мәскеулік редакторлар қол тигізген жоқ. Барлық жұмысын біздің бөлім жігіттері жасады. Сол Мәскеу баспасында өндіріске жіберілген Ш.Ш.Уәлихановтың Таңдамалы шығармалары 1985 жылы жарық көрмеді. 1986 жылы да жарыққа шықпады. 1987 жылы ғана қазақ ғалымының кітабы басылып шықты.

Содан бері, мінеки 33 жыл өтті. Амандық болса енді 15 жылдан соң Ш.Ш.Уәлихановтың 200 жылдық мерейтойын Парижде ЮНЕСКО көлемінде тойлаймыз. Әрине оған Мәскеудің рұқсаты мен қамқорлығы қажет емес...

1984 жылдың соңында «Госкомиздаттың» бір жиналысында Ш.Ш.Уәлихановтың 150 жылдық мерейтойына дайындық туралы мәселе қаралады. Сонда «Жазушы» баспасының директоры мен Аударма бөлімінің басшысы Нұрахмет Төлеупов: «1970 жылы Әнуар Ипмағанбетов аударған Ш.Ш.Уәлихановтың бір томдық қазақ тіліндегі жинағын біздің баспа жарыққа шығарды. Біз соны баспаның жылдық жоспарына кіргізіп қойдық, жақын арада жарық көргелі жатыр» деп хабарлайды. «Сол жеттісінші жылы шыққан кітап мынау, бізендіосыны 150 жылдық мерейтойға арнап жақсылап әдемілеп шығарамыз» деп көрсетеді. Сол жиналысқа арнайы шақырылған Б.Е.Көмеков әлгі кітапты сол жерде тез парақтап шығып: «Мына күйінде бұл кітапты шығаруға болмайды, себебі Шоқанның Қазақстан туралы бірде-бір мақаласы жоқ. Барлығы Шығыс Түркістан мен Қырғызстаннан арналған зерттеулері екен. Біз сізге Шоқанның Қазақстан туралы құнды зерттеулерін береміз. Соларды қосасыз» дейді Б.Көмеков. «Оларды кім орыс тілінен аударады? Уақыт тығыз ғой. Біздің жоспарымыз күйін кетеді. Өндірістен шығып қалатын болдық» деп қиналады «Жазушы» баспасының бастықтары. «Аударманы да, басқа жұмыстарын да біз дайындап береміз. Сіз өндіріс графигінен шығып қалсаңыз да Ш.Ш.Уәлихановтың мерейтойлық қазақ тіліндегі басылымы ойдағыдай болып жарық көреді» деп Болат Ешмұхамбетұлы «Жазушы» баспасынан шыққалы жатқан кітапты тоқтатып қояды...

Ертеңіне Б.Көмеков институтқа келіп Ш.Ш.Уәлихановтың Қазақстан туралы зерттеулерін іріктеп, аудармашыларға бөліп берді. Қайдар Алдажұмановқа Шоқанның «Іле өлкесінің географиялық очеркі», «Қазақ молалары мен жалпы көне ескерткіштер жөнінде», «Сахарадағы мұсылмандық туралы» атты зерттеулері», Байзақ Қожабековке «Сот реформасы жайында жазбалар», осы мақала авторына «Ұлы жүз туралы», «Қазақ оқ дәрісінің құрамы», «Егіншілік туралы», «Қазақ шежіресі», «Тәңірі», «Қазақ халық поэзиясының түрлері», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» атты зерттеулерін аударуға бөліп берген соң, Болат Ешмұхамбетұлы қырғыздар туралы зерттеу бөліміне бұрын Ә.Марғұлан аударған яғни дайын тұрған «Көкетайдың ертегісін» кіргізетінін айтты. Осы хабарды менен естіген Әлкей Марғұлан қатты қуанды.

Ұлы ғалымның барлық еңбектері аттың жалында, түйенің қомында жүріп, асығыс орыс тілінде жазылғандықтан қазақ деген ұғым «киргиз», «киргиз-кайсаки», «ордынцы» деген сияқты әртүрлі терминдермен берілген. Ал қырғыз ұғымы «киргиз», «кара киргиз», «дикокаменный киргиз», «буруты» деген сияқты әртүрлі терминдермен жазылған болатын. Енді осы қазақ тілінідегі «Таңдамалыда» осы ұғымдарды ажыратып, әсіресе қазақ пен қырғызды шатыстырмайтын етіп жөндеп беруді «Жазушы» баспасы талап етканде, Болат Ешмұхамбетұлы мені баспаға жіберді.

Сонымен Шоқан Уәлихановтың Таңдамалы шығармалары 560 бет болып (37 б.т.) 1985 жылы, Болат Көмековтің басшылығымен қазақ тілінде жарық көрді. Республика тарихында бұл қазақ оқырмандары мен жас ұрпақ үшін аса елеулі оқиға еді...

Бізосы мақаламызда шоқантануға еңбек сіңірген көптеген ардагер ғалымдарды атап өттік. Реті келіп тұрғанда солардың ішіндегі бір майталман шоқантанушыны ерекше атап еске алуға міндеттіміз. Ол – Мәриям Сүлейменқызы Тұрсынова. XIX ғасырдағы мықты шоқантанушы К.К.Гутковский болса, XX ғасырдағы ең ірі шоқантанушы осы апамыз еді. Мәриям апайды академиктер Ә.Х.Марғұлан, С.З.Зиманов, А.Н.Нүсіпбеков, К.Нұрпейісовтер қатты құрметтейтін еді. Ол өзінің жемісті ғылыми өмірінің 13 жылын Шоқан еңбектерін жарыққа шығаруға арнады.

Жоғарыда Ә.Х.Марғұланның Шоқанның кейбір құнды мақалаларын 5 томдық жинаққа кіргізе алмағанын айттық. Олар Шоқаннын «Идыге», «Эдигей» атты аса құнды мақалалары еді. Аталған мақалалар 1904 жылы Петербургте Н.И.Веселовский шығарған Шоқанның бір томдық жинағында жарық көрді. Ал осы құнды зерттеулер ұлы ғалымның Кеңес өкіметі тұсындағы бірінші 5 томдық және екінші 5 томдық жинақтарына да кірмей қалды. Оған Кеңес өкіметінің саясаты кінәлі... Алтын Орда билеушілерінің бірі – Едіге биді Мәскеуге шабуыл жасаған деп айыптайды. 1382 жылы Куликово шайқасынан бір жарым жылдан соң Мәскеуді басып алып өртеген Едіге би емес Тоқтамыс еді. Сонда да орыс ағайындар Алтын Орда тарихына оң көзбен қарамайтыны белгілі. Шоқанның аталған екі зерттеуі осы күндері аса қадірлі болып тұр. Себебі биылғы жылы Алдын Орданың 750 жылдық мерейтойы кең көлемде тойланып жатыр...

Жалпы шоқантану ғылымы Қазақстанның егемендік жағдайында жақсарды деп те айта алмаймыз. Қазақ тілінде Ш.Ш.Уәлихановтың еңбектері 6 том болып шықты (2010), Б.Е.Көмековтің басшылығымен Мәскеуде жарық көрген Шоқанның «Таңдамалы» шығармаларын Алматыда «Арыс» баспасы қайта басып шығарды. Сондай-ақ Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты ұлы ғалымның еңбектерін 8 томдық көлемде басып шығарды.

Кеңес өкіметімен салыстырғанда қазіргі көптеген басылымдар ғылыми жобалар арқылы жүзеге асады. Мұндай жобаларға Министрлік миллиондаған қаражат бөледі. Ал, ақша жүрген жерде неше түрлі асыра сілтеушілік, кедергілер болады. Қысқаша айтқанда ондай ақшасы көп жобаны қолы жеткендер алады да, білікті ғалымдар шетте қалады... Қаншама телефильмдер үлкен қаражатқа тұсіріледі. Солардың өзінде қаншама кемшіліктер бар. Тіпті Шоқанның өмірбаяны туралы артық айтылатын тұстары да жетерлік...

Қорыта айтқанда, шоқантану ғылымы қазір тоқырап қалды. Кеңес өкіметі тұсындағыдай Шоқантанушы ғалымдар өсіп, жетілмеді. Академик Б.Е.Көмеков сияқты білікті мамандарды қазақтың ұлы ғалымының еңбектерін бастырып шығаруға пайдаланбады. Баска да шоқантанушы ғалымдар шеткақпай болып ескерусіз қалды... Әрине талай адам Шоқан еңбектерінің арқасында диссертациялар қорғады. Алайда қазақтың ұлы ғалымының еңбектері толық көлемде басылып, жарық көрмеді. Солардың бірі жоғарыда айтқанымыздай Едіге би туралы, яғни Алтын Орда тарихына және қазақ әдебиетіне қатысты өте құнды зерттеулер соншама басылымдарға кірмей қалғаны өте өкінішті...

Ш.Ш.Уәлихановтың аса құнды еңбектері халыққа жетіп жатқан жоқ... Ұлы ғалымның асыл мұрасы өгейдің күнін кешкені өте аянышты жағдай. Осы уақытқа дейін тарих факультеттерінде Шоқан еңбектеріне арналған арнайы курстар ұйымдастырылмаған. Қысқасын айтқанда тарихшы жас мамандар университет қабырғасынан Шоқан еңбектерін білмей шығады...

Академиктер Ә.Х.Марғұлан, Б.Е.Көмеков басқарған ардагер ғалымдар Шоқанның еңбектерін баспаға дайындауға күні түні отырып жұмыс істеген еді. Кеңес өкіметі басшыларының саясаты Қазақстан тарихы мен Ш.Ш.Уәлиханов мұраларына оң көзбен қарамаса да, ЮНЕСКО көлемінде Парижде өткізбесе де, қазақ ғалымының мерейтойын Одақ көлемінде жақсы өткізіп еді.

Тарих ғылымында көптеген жаңалықтарымен ерлік жасаған ұстазымыз Болат Ешмұхамбетұлының шоқантануды қыруар еңбегіне өте қысқаша шолу жасадық. Қазақстан өкіметі оның 80 жасқа толу мерейтойына орай қандай награда мен марапат берсе де артық болмас еді. Осы уақытқа дейін оның ғылымдағы орны еленбегені тарихи шындық. Ештеңе кеш жақсы ғой!..

Самат ӨТЕНИЯЗОВ,
Мадрид университетінің және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің профессоры, тарих ғылымының кандидаты

Бақтықожа ІЗМҰХАМБЕТОВ, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Республикалық «Ардагерлер ұйымы» Орталық Кеңесінің төрағасы

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» дейді Абай. Қазақтың қадірлі азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері Бақтықожа Ізмұхамбетовтің қазақ өнеріне, мәдениетіне, әдебиетіне ерекше қамқор болып жүргені көпке аян. Ол түрлі лауазымды қызметтер атқара жүріп өлең мен күй өнеріне ерте ден әуестенгенін біреу білсе, біреу білмейді. Қазақтың даңқты ақыны Жұмекенмен бір топырақта түлеген авторымыз ел ағасы жасынан ақсақалдыққа қадам басқан шақта өмірден көрген-түйінгені мен естіген шежірелі әңгімесін қара өлең үйқасына салып, жүрек сөзін ерген екен. Сол жолдарды оқырман назарына өзгертпей ұсынуды жөн көрдік.

«ЕЛІМ-АЙДЫ» ЕСКЕ АЛЫП...

Өтіпті басымыздан талай бір күн,
Қайғырып, еске алатын дүркін-дүркін,
Жарқылдап, қуанатын күндер де көп,
Осылай өтеді екен өмір шіркін!

Қазақ елі болған-ды жай ғана аман,
Басқа туды кеңеттен сайқал заман.
Опырылып ақбоз үй шаңырағы,
Қалмады қараша үй де шайқалмаған.

Жаулардан сырттан келген тап-тап беріп,
Ғасырлар ата жұртты сақтап келіп,
Қазақты қара түнек қайғы басты,
Боздақтар ел қорғайтын тұзаққа еніп.

Тап болды да тарихтың тар кезеңі,
Болмағасын шығар тау, басар жері,
Айырылып туған елден амалсыздан,
Талай жердің қазағы қалмап еді.

Қырылып, қанша адам аштан өліп,
Тірілер мал-мүлкімен қашты келіп.
Айдалып ит жеккенге жазықсыздар,
Күн кешті талай адам жасырынып.

Артта қалды бос жұрттар, молалармен,
Мыңғыраған мал кетіп, қоралар кең.
Кетпесең елден ауып, қайран қазақ,
Кәмпескі, колхоз келіп, тоналар ең.

Отырған ата-баба қоныстанып,
Қаңырап, қала барды жер бос қалып.
Атылып, қамалғанға түрме толып,
Қаңғырды, қайғырды ел естен таныр.

Жиырма төрт жыл азаппен жүріп өткен,
Құтыла алмай қасірет, қияметтен.
Шежіресін, атақты Халифа Алтай,
Жазыпты сол жылдардың сырын шерткен:

Билеушінің шыдамай қыспағына,
Мың тоғыз жүз басының тұстарында,
Алтай мен Тарбағатай аймағының,
Халқы ығысты көршілес тыс жағына.

Осылай шетке көшу басталған-ды,
Бөтен ел көшкендерді қарсы алмады.
Болмады тыныш өмір бұл жақта да,
Қақтығыс келгендермен басылмады.

Отыз үште Алтайдан асып әрі,
Үлкен көш шұбырумен Ганьсу барды.
Цинхай өтіп, Лхасо, Гималайдан,
Бхопалда көрдік біз мұсылманды.

Сапарды Кашимирде жалғастырып,
Өтіп біраз қаладан тау астырып,
Әкелді Мұзапар-Абат деген жерге,
Жауыны тұрады екен қоймай күйіп.

Қиямет қыл көпірі секілді еді,
Зұлжила асуының өткелдері.
Қор болдық тағы жаңа келген жерде,
Көбейіп ауру енді дес бермеді.

Бұл уақыт қырық бірдің күзі еді,
Талайлар ауруынан түзелмеді.
Осылай одан әрі Пенжап астық,
Азайып жаңбыр мұнда себеледі.

Бұдан әрі шашырап әр тарапқа,
Пішәуір, Бопал, Шатрал, Дир, Субатқа,
Шашылып әр тарапқа несібеміз,
Кездестік таусылмайтын түрлі азапқа.

Мың тоғыз жүз қырық бесте кеттік әрі,
Біз Канпорға, Лахорға қалғандары,
Бізді бірі қытай деп, бірі жапон,
Ең көргендей, есімде таңғалғаны.

Үйлер салып, аталып «Қазақ-абад»,
Тіл үйрендік тезірек, күндерде аз-ақ,
Теріден көрік жасап, қолғап тігіп,
Күн көрдік сауда жасап, ел аралап.

Бұл жерге де орнығып тұра алмадық,
Аш құрсақ, ыстығына шыдамадық.
Қайта оралып Бопалға, Дели астық,
Топ болдық қозғалысқа үлт-азаттық.

Қырық жетінің он төрті тамызында,
Азаттық жетті әуелі Пәкістанға.
Бір күн өтіп, осы айдың он бесінде,
Босанды отарлықтан Үндістан да.

Тыныштық орнамады азаттықтан,
Кез келді дін арасы шатақ шыққан,
Қырғи қабақ қырқыстан қан төгіліп,
Бірі болды Пәкістан, бірі Үндістан.

Қақтығыстың таяғы қазаққа да,
Тиді жүрген ортада аз-ақ қана.
Күнәсіз құрбан болып біраз адам,
Амалсыз кеттік әрі Пәкістанға.

Мың тоғыз жүз елуде түркиялық,
Мехмет Ирфанменен кездесе алдық.
Түркияға көшкіміз келетінін,
Бауырлас журналистке айтып қалдық.

Үндістанға жеткенде үш мың едік,
Бір жылда екі мыңдай адам өліп,
Жеті жылда өмірге ұрпақ келіп,
Мың төрт жүзге жаңа елде азар келдік.

Сол жылдар, таба алған жоқ іздеп кімді,
Жоғалды сайда саны, құмда ізі.
Күн кешіп босқын қазақ қайыршылап,
Саналды өмірінің күн тізбегі.

Түркиядан біз қуткен хабар жетті,
Қуанғаннан ұмыттық таукыметті.

Пәкістанда босқын боп жүрген бізге,
Түркияға қардаштар келсін депті.

Карашиден Басрага он бір күнде,
Кемемен ұзақ жүзіп жол жүргенде,
Йемен, Кувейт, Бахрейн елін өтіп,
Келіп түстік әйтеуір зор дегенде.

Әрі қарай поезбен Бағдат астық,
Шекара өтіп Түріктің жерін бастық,
Ұрфа, Халеп, Адана қалып артта,
Стамбулда қонақтай орналастық.

Қарсы алды Түрік елі ағайындай,
Жасалды бәрімізге барлық жағдай.
Қалайша естен кетер осы тарих,
Өзгеше басталды өмір алға қарай.

«Қазақ кент» түрікшесі «Гүнешлі көй»,
Шағын аудан тұратын қазақ өңкей.

Сол күнге бірі жетсе, бірі жетпей,
Сүйегі қалды алыста, жат өлкеде.

Паналап дүниенің бөтен елін,
Қашқын қазақ өткізіп өлермен күн,
Итшілеп, тіршілігін жалғастырып,
Аңсады жылдар бойы өмірді еркін.

Ашылды деп тарихтың жаңа беті,
Алыстағы қазаққа хабар жетті.
Тезірек артта қалған қайран елге,
Аяқ басып, көруді арман етті.

Оралып өз еліне біраз қазақ,
Ұмытылып бара жатыр көрген азап.
Келеді өз халқының ортасында,
Болашаққа сеніммен, алға қарап.

Десек те ағайын көп әлі шетте,
Қайтатын Отанына келешекте.

Бұзылмай жылдар бойы сақталыпты,
Тілі, діні, өнері, әдет-ғұрпы.

Отыз бір, отыз үште біраз адам,
Нәубетке сол кездегі шыдамаған.
Үш жүзден астам үйдің адамдары,
Түрікмен өтіп, шұбырып Иран барған.

Тұрады көбі қазір Гүлстанда,
Оқыған, іскер, түрлі жұмыстар да,
Таған Көрке, Қажымұқан, Исламдар,
Аса құнды кітаптар жазған мұнда.

Біраз қазақ жүр қазір Ауғанда да,
Бір кезде үш мың үйдей барған онда.
Байбақты, Есентемір, Адайлардың,
Ұрпағы әлі күнге қалған сонда.

Мекендеп әлемдегі біраз елді,
Әкетіп, тағдыр сейтіп қазағымды,
Көк туы желбіреген елін көріп,
Енсесі көтеріліп жүр барлығы.

Тағдыр айдап шетелде жүрген қазақ,
Қала алар ма ұзақ жыл ұлтын сақтап.
Тіл жоғалып, өзгеріп әдет-ғұрып,
Жат болып кетпейміз бе бір тұрмасақ?

Қайтадан жасағыштап тарихты,
Біраз жыл шатастырдық біз халықты.
Қолдадық залым соқыр саясатты,
Бір атпен атамақ боп барлық ұлтты.

Деп жүрдік бәрімізде Отан біреу,
Көп ішінде жүрсек те төменгілеу.
Орталыққа асырып бар тапқанды,
Ұралап басылған жоқ митингілеу.

Болсақ та байтақ елдің ұландары,
Келеді заман бізді сынап әлі.
Жоғалта ала жаздаған тіл менен дін,
Әлі де төрімізге шыға алмады.

Жылдар өтіп көбейді текті қазақ,
Тебеміз жүр ғой көкке жетпей аз-ақ.
Оқу оқып, игеріп талай тілді,
Батыстың көп еліне кеттік тарап.

Бауырлар алыстағы жүргей аман,
Күн тумағай басына құдалаған.
Ұрпақ өсіп, кеңейіп шаңырағы,
Басында шуағы мол тұрғай заман.

Тілейік алыста сіз, ауылда біз,
Өмірді қазағыма қайғы-мұңсыз.
Халқымның басындағы бақ таймағай,
Алланың болғай бізге көзі дұрыс.

Біз қазақпыз пейілі кең, қарапайым,
Қалатын тастай қатып, жазатайым.
Тілейміз айналаға жақсылықты,
Күтеміз соны өзгеден біз әрдайым.

Өтіп талай өмірдің өткелінен,
Туған елге келе де жетпей жүрген,
Тарыдай шашыраған бауырлардан,
Қазағымның иісі кетпесе екен.

Ағайынды тараған шар тарапқа,
Сағынып біз жүрейік мына жақта.
Күтейік жолаушыдай жолға кеткен,
Еліне оралар деп болашақта.

Ер жігітке...
кеуде керген, жарамас.
Бай емеспін, кедей емес, ортамын.
Қайғысы мен қуанышы аралас,
Жолаушымын,
...өз жолыммен жортамын!

Тас қаланың...
талғамынан өте алмай,
Ауыл жаққа бұрып кетем ат басын.
Арман, Мұрат, Мақсаттарға жете алмай,
Орта жолда
қап қойғаннан сақтасын !

Өзіме тән...
биігім бар шығатын.
Таусыз орта көріпеді жат маған.
Табиғаттың тылсым сырын ұғатын,
Әлі талай
орталардан бақ табам!

Сын сағаттың...
қоңырауы соғады.
Орта мектеп, орта білім алғаным.
Білгенімнен білмейтінім көп әлі,
Өмір өзі
оқытады қалғанын.

Жырға толы...
Сырға толы нар-кеуде.
Отырамын тауларымды тақ қылып.
«Ұлы Дала дипломы» бар менде,
Қырда жүріп
қой бағатын,
ат мініп!

АРША

Жұпарын жұтып аршаның,
Көк кия тауды аңсадым!
Жанбағыс үшін қам қылған,
Күйбеннен мынау шаршадым...

Сергітіп ойды, миымды,
Көтердің көңіл күйімді!
Иеті жаман бәледен,
Аластап тұршы үйімді?!

Пенденє дарыт киенді,
Сақтап жүр дәйім иенді?!
Көрейін сені төрімнен,
Жап-жасыл арша, жиі енді!

Жараткан сені, Құдайым!
Жақсылық әкел ылайым!
Жартасқа біткен аршадай,
Қасқайып мен де тұрайын.

ТАУ БҰЛАҒЫ

Қаталасаң – шөлінді қандырады.
Жабыркасаң – жанынды жандырады.
Шымырлатып жіберер тамырыңды,
Қасиетіннен айналдым, тау бұлағы!

Сенің мөлдір тамшыңнан нәр аламын.
Тіршілікке тамырдай тараламын.
Көусеріңнан тамсанып ішкен сайын,
Қайта келіп өмірге жараламын!

Қасқа бұлақ қайтадан туылайын?
Туылайын оңымнан туып, Айым!
Арылайын бойдағы былғаныштан,
Тазалашы жанымды, жуынайын...

Алашым аман,
дәстур мен салтын сақтаған!

Қобыздың үні...
Зарлы да мұңды, қайғылы.
Қаңменен келген,
жерімнің бар байлығы.
Ұлтымды сақта,
Рухымды оят, күдірет,
Аспандап тұрсын,
Алаштың асқақ айбыны!

Қобыздың үні...
Қорқыттың көрі – азалы.
Әркімнің бар ғой,
алдынан тосқан ажалы.

Мақсат ЕРЕЖЕП

Менің мұңым...

Өзінді аңсап жеткен ем, жырақтардан.
Саған ғана мөлдірім, сыр ақтарғам.
Шабытымның шапқыла, қайнар көзі,
Бастау алған өлең ғой бұлақтардан!

Таусылған ба адамның арман, мұңы?
Татымайды тамшыма,
Жалған құны.
Өлең – Өмір үзіліп кетері анық,
Сен суыңнан тартылып қалған күні...

ҚОБЫЗДЫҢ ҮНІ

Қобыздың үні...
Оғыздың күні кешегі.
Аласапыран дүние,
алайда-дүлей еседі.
Шетсіз де шексіз,
осын-ау сайын далада,
Керуенін керіп,
Сақтар мен Ғұндар көшеді.

Қобыздың үні...
Ұлытты Ұлы Даланы!
Бабалар кешкен,
зұлматтар зулап ағады...
Қаңбақтар қаңғып,
бөрідей соққан боранған,
Боздала боздап,
бозінген даусы талады.

Қобыздың үні...
Қазақтың көші – «Ақтабан»
Шұбырып талай,
тар жолды тайғақ таптаған.
Алапат аштық,
Көрсе де қорлық-сұмдықты,
Қызықтырғанымен
қайыры жоқ ешкімге,
Өмірдің мынау,
қызыл да жасыл базары.

Қобыздың үні...
Көңілдің шерлі күйі еді.
Аманат қылған,
ұрпаққа Ұлы сыйы еді!
Сүйемдей жерде,
сүйегі жатыр бабамның,
Сатылып кеттін,
Өзегім өрт боп күйеді...

АЛТЫН САҚА
(Бекзат Саттарханова)

Жиырма жасын – жасын,
жарқ етіп тосын жайылды.
Жаңғырып жатты жаһан мың!
Атағы аспан айырды,
Сиднейде «Алтын сақаның»!

Сақамның жанып шоқ түсі,
Осылай бағын сынайтын!
Ал, оның шымыр соққысы,
Қуаты бергін, Құдайым!

Жеңістің жыры шат әнді,
Мақтанып мәз боп жүрдім мен!
Күндердің күні сақамды,
Жоғалтып алдым,
Кім білген?..

Жүрсем де жылап,
қайтейін бірақ...
Маңдайға сені жазбапты.

Жиырма жас қалды қиылып.
Ертегі – Өмір-ай,
Алдапты...
Әкетті ажал иіріп.
Әкетті ажал иіріп.
...Иіріп «Алтын сақамды»!

МЫНА КӨКТЕМ...

Әр көктемнің мінездері әркілы,
Қанша көктем жаңбыр көрмей жан қиды?
Бұл көктемнің көк белінен шынымен,
Қардың иісі,
Ардың иісі аңқиды...

Алматының мұлде бөлек,түр-түсі...
Бұл көктемнің бұлт астында күлкісі.
Қар жамылып жатқан анау ауылдың,
Қыр үстінде кісінейді жылқысы.

Мына көктем менікі ме, шынымен?
Жыр тілеген,
Сіркіреген үнімен.
Қаламыңды – қол шатыр қып отырмын,
Ағыл-тегіл жаңбыр жауды түнімен!

МЕНІҢ МҰҢЫМ

Менің мұңым,
Мұң емес қой, ұғынам...
Тәуелсізбін, ашық аспан, тұнық ән!
– Сенің мұңың,
Қасірет пе мәңгілік,
Тілсіз, дінсіз мәңгүрттердің мұңынан?..

Менің мұңым,
Мұң емес қой, ұғынам...
Тауда тудым, тауға қарап ұлығам!
– Сенің мұңың,
Қайғылы ма, жоқ әлде,
Елсіз, жерсіз босқындардың мұңынан?

Менің мұңым,
Мұң емес қой, ұғынам...
Жылу алып жүрген жанмын, жырынан!
– Сенің мұңың,
Қаралы ма ақыры,
Аш, жалаңаш азған елдің мұңынан?..

Менің мұңым,
Мұң емес қой, ұғынам...
Тобамды айтып, төсегіме жығылам!
– Сенің мұңың,
Естігенге жайсыз ба?
Үйсіз-күйсіз жүргендердің мұңынан?..

Менің мұңым,
Мұң емес қой, ұғынам...
Ақиқаттан қайда қашып тығылам?
– Сенің мұңың,
Айтшы досым, ауыр ма?
Жетімдердің жүректегі мұңынан?..

ӘЛМЕРЕК АБЫЗ БАБА!

Аңыз Дала –
күніренген күй едің,
Абыз Баба –
Әулие, Көсем, Би едің.
Жау жағадан алғанда,
Қонысқа қол салғанда,
Саған арқа сүйедім.
Жандары сірі ел үшін,
Сүйемдей ғана жер үшін,
Шашылып кеткен сүйегім.
Рухың әр-кез қолдасын,
Ұрпағың жолын ондасын,
Қасиеттім,
Киелім.
Ұлағайыр жерге де,
Ұлағатты елге де,
Иемін Баба?..
Иемін!

...Иемін деймін,
Ен далам жатыр сатылып.
Ақиқатын айтатын,
Арыстар кетті атылып.

Белінен басып зандарды,
Елге тұтқа жандарды,
Қамады торға қатырып...
Бөгделер бұзып қанымды,
Саудаға салып арымды,
Ұрпағың шықты шатылып...
Айдың күнің аманында,
Жаһандану заманында,
«Ah ұрып» қалдым, «ah ұрып».
Жаныма шуақ шашайын,
Қаныма қуат қосайын,
Рухыңды Баба, шақырып?!

Панасы жоқ пақырға,
Пана болған – Бабамсың!
Ел үшін туған батырға
Дана болған – Бабамсың!
Зәресі өбден ұшқанның,
Есі болған – Бабамсың!
Иеті жаман дұшпанның,
Десі болған – Бабамсың!
Жер бетінен жоңғарды,
Жойып берген – Бабамсың!
Тасқа басып таңбамды,
Қойып берген – Бабамсың!
Көш адасып қалғанда,
Бағыт берген – Бабамсың!
Жалғасы бар жалғанға,
Жарық берген – Бабамсың!

Қасиетті Қарадала,
не өтпеді басыңнан?
Тарих көрем,
сенің әр-бір тасыңнан.
Қиындықты көп көріп,
Сан соқпақты өткеріп,
Жаужүрек болдым жасымнан.
Түбімді білдім ақыры,
Дүниенің дүр батыры,
Асылдан тегім,асылдан...
Кер заман кесіп барлығын,
Шығарып үкім жарлығын,
Жауларым екен жасырған...
Ендеше менің қақым бар,
Алатұғын ақым бар,
Мынау «Алтын Ғасырдан»?!

Тілекшін іштей сүйінсін,
Дұшпаның сырттай күйінсін.
Жаңғырып қайта рухым,
Жұмылсын жұртым жиылсын.
Рухың Баба тік тұрып,
Тылсым сырын ұқтырып,
Тәңірдің нұры құйылсын.
Пәле-жала тыиылсын.
Қырсықтың жолы қиылсын.
Еліме естер еге боп,
Ақиқат – алтын жебе боп,
Адрынамыз иілсін.
Қазына байлық шашылмай,
Жымқырып шетел асырмай,
Еншіміз елге бұйырсын!

ҰШПА ДОПТЫҢ ҰШҚЫРЫ

Қазақстандағы волейболдың қалыптасуы неден басталғаны туралы сөз өткенде осы бір тендесіз текті спорт өнерін елімізде негізін қалаған, аты әйгілі волейбол шебері, сонау 1970–1971 жылдары Алматының «Буревестник» командасының құрамында екі дүркін Европа чемпионы атанып, 1969 жылы КСРО біріншілігінің жеңімпазы болған Октябрь Жарлығаповты міндетті түрде еске аламыз. Еске ала отырып, дарынды жанның салып кеткен сара жолы мен тактикалық ойын моделін бүгінгі күні кәсіби деңгейде өнер көрсетіп жүрген жастарымызға сабақ ретінде үйретіп жатса артық болмас па еді деген ойдың қамаулында қаламыз. Қазақ спорт тарихында әрбір спортты жекелей алып қарасақ сәнлақ ағаларымыздың салып кеткен сара жолын көреміз. Мысалы, жеңіл атлетикада – Гүсман Қосанов пен Әмин Тұяқов, күресте – Қабден Байдосов, әбілсейіт Айқанов, Амангелді Гапсатаров, Аманжол Бүгыбаев, Асқантай Иманқұлов, бокста – Шоқыр Бөлтекұлы, әбдісалан Нұрмаханов пен Серік Қонақбаевтар, көгалдағы хоккейде – Қазбек Байболов, футболда – Тимур Сегізбаев, Құралбек Ордабаев пен Сәйілдә Байшақовтар, суға жүзуде – Бақи Елгондиев және баскетболда – Әлжан Жармұхамедов, волейболда – Октябрь Жарлығапов, Заңғар Әжрекешев пен Жәнібек Сауранбаевтардың есімдеріне де айырықша тоқталып, мақтанышпен айтамыз.

Әрбір спортты жан тәнімен жақсы көріп, барынды бере білсең, қайтарыма да игілікті болары сөзсіз. Аттары аталған ардагерлеріміз өздері өмірінің мәні деп таңдап алған спортқа бар ғұмырын арнап, жемісін көре білген айшықты тұлғалар. Сондықтан да жас буынға алдыңғы толқын ағаларының айбынды жолынан үлгі алса деп тілеймiз.

Бүгінгі әңгіміміз, волейболдан Қазақстан спорт тарихында аты алтын әріппен жазылып қалған, 1970-1971 жылдары Алматының «Буревестник» командасының құрамында екі дүркін Европа чемпионы атанып, 1969 жылы КСРО біріншілігінің алтын жүлдесін жеңіп алған, дарынды спортшы, білікті бапкер Октябрь Жарлығапов туралы болмақ.

Еліміздің атын әлемге танытқан дарын иесін айтпас бұрын жалпы волейбол спортынның тарихын парақтай кетсек.

Бұл ойынды ағылшындар «кол добы» деп ойлап шығарғанда осыншалықты әлемге таралып кететін спорт түрі болатынын білмеген шығар.

Бүгінгі таңда волейболдан олимпиада, Европа, Азия чемпионаттары, халықаралық жарыстармен қатар әр елдегі ішкі біріншіліктер дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Бұл спорт түрін жас та, кәрі де ойнайтын болғандықтан жер шарына кең таралғаны анық.

Қазақстанда волейбол 20 ғасырдың 60-70 жылдарында асқан қарқынмен дамып, қол добы ойынының алтын кезеңі басталғанын тарихтан біламіз.

Сонау 1929 жылы Қазақстанда тұңғыш рет Алматы мен Фрунзе (Қырғыз КСР) қалаларының командалары арасында волейболдан кездесу өтті.

Сол жылы Алматы малдәрігерлік институты құрылады. Айтулы білім шаңырағына дәл сол жылы аты әйгілі волейбол тарланы, қазақстандағы кәсіби волейболдың негізін қалаушы Октябрь Жарлығапов оқуға түседі.

Октябрь Жарлығаповты сөз өткенде Қазақстан волейболының қалыптасу кезеңі мен «Буревестник» командасының тарихи жеңісін еріксіз еске аламыз. Октябрь Қадырбайұлының талантты ойыншы ғана емес, бапкерлік білікті қырын көре білген қырағы көз ресейлік мамандар «Одақтың жастар құрамасының бас бапкері болыңыз» деп шақырғанда: «Көңілдерініз ақмет. Өз елімде, өз бауырларымның қасында боламын. Бар кәбілетім мен күш-жігерімді қазақтың намысы үшін жұмсауым керек» деп жауап берген екен.

Міне, нағыз патриот спортшының туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін осы кәзі ауыз сөзінен біламіз. Ұлан жұрты Октябрь Жарлығапов секілді біртуар спортшылардан кем болған емес қой. Ал, Октябрь Жарлығаповтың тәрбиелеген төл шәкірті, қазақтың тағы бір арда туған асыл ұлдарының бірі Жәнібек Сауранбаев 1965 жылы КСРО құрамасының сапында әлем кубогінің жеңімпазы атанса, 1966 жылы Әлем чемпионатының кола жүлдесін жеңіп алады. Сонымен қатар, талантты жан 1967 жылы Европа біріншілігінің чемпионы болды. Жәнібек Сауранбаев әлемнің сайыпқыран сәнлақ волейболшыларымен иық тірестіріп, Кеңес одағы құрамасының ең үздік ойыншыларының қатарынан орын алған қазақ жігіті. Дегенмен, сол кездегі Кеңес үкіметінің солақай саясатының кесірі дарабоз спорт сәнлағын айналып өтпеді. Жәнібек Сауранбаев Кеңес одағы құрамасының сапында суырылып алда тұрса да, қазақ болғаны үшін Олимпиада ойындарынан шеттетілін отырады. Ал Октябрьдей тау тұлғалы жанның шәкірттері Заңғар Әжрекешев пен Марат Мәденовтер «Буревестник» командасын КСРО халықтары спартакидасының қола жүлдесін, ал 1968 жылы Одақ чемпионатының күміс медалін алуына себепкер болғаны бүгінде баршаға аян. Осылайша, Октябрь негізін қалаған, қатарында қаракөз қазақ жастары бар команда 1969 жылы КСРО чемпионатында топ жарып, тұңғыш рет жеңістің алтын тұғырына көтеріледі. Команда құрамының басым бөлігін қазақстандырып қана қоймай, осындай ауыз толтырып айтарлықтай тарихи биікке жеткізе білген Октябрь Қадырбайұлының басты арманы да осы еді.

Еліміздің волейболдағы жарқын жетістігін сөз өткенде Октябрьдей тұлғалы жанның бапкерлік мектебінен шыққандардың бірі Вячеслав Шапранға да тоқтала кетуге болады. Кезінде аты аңызға айналған жұлдызды «Буревестник» командасының белді ойыншысы атанған Шапран, КСРО бойынша халықаралық спорт шебері, Қазақстанға еңбегі сіңген спорт қайраткері, ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушы, КСРО чемпионы, Европа кубогының екі дүркін жеңімпазы атанып, бірталай талантты тәрбиелеген білікті бапкер, кәнігі маман.

Октябрьдің тағы бір талантты шәкірті Нелли Щербакова АДК командасын КСРО чемпионы атағына жеткізсе, Махмұтов пен Щербакованың шәкірттері АДК ойыншылары Елена Чебукина мен Ольга Кривошеевалар 1988 жылы КСРО құрамында Сеул олимпиадасының чемпионы атанды.

Бірнеше жыл бойы КСРО-дағы жоғары құрама командада өнер көрсеткен, Әлем кубогының жеңімпазы атанған Октябрь Жарылғапов пен Жәнібек Сауранбаев сол бір жылдары еліміздегі ең үздік жаттықтырушы болып танылып, ел спортының тарихында алтын әріптермен аттары жазылып қалды.

Қазақстандағы волейбол тарихының беттерін аударып отырғанда 1965-66 жылдары Октябрь Жарылғапов пен Олег Антроповтың шәкірттері Әлем чемпионатында күміс медальдың иегері атанса, 1967 жылы Европа чемпионы атағына ие болғанын көреміз.

1970-1971 жылдары Алматының «Буревестниг» екі рет катарынан Европа чемпионатының кубогін жеңіп алады. Біз Октябрь Жарлығаповтың жемісті жолы мен жүлдызды шәкірттерінің есімдерін айта отырып, сол жылдары қазақ волейболының КСРО аймағында теңдесіз шебер ойындарымен көшбасшы болғанына көз жеткіземіз.

Алла берген таланты, табанды еңбекқорлығының арқасында Октябрь Қадырбайұлы бар жоғы 17-18 жылдың айналасында қазақ волейболын адам айтса сенгісіз шыңқау биікке шығарған. Ұшпа доптың ұшқыры, Октябрьдей қазақтың бағына туған жанның қазақ волейболының дамуына қосқан үлесі шексіз болды.

«Топырағына түспеген дән өнбейді» дейді бабамыз. Ал, Октябрь Қадырбайұлы болса, волейбол спортында қазақтың келешегі үшін сепкен дәнін топырағына жеткізе білген дара тұлға десек болғандай.

Дана Абай: «Өткірдің жүзі, кестенің бізі, өрнегін сендей сала алмас» деген болса, Октябрь атамыздың ойын аланындағы көрсеткен талантты өнерін, ұлы Абай тенеген теңеулерге тұғелдей сай келетінін айтса артық болмас. Тума таланттың бойында тұңғыш тұрған дарын, сын сағаттарында тау сыындай арқырап ағатын еді. Дарабоз спортшының кезінде ойын аланына арыстандай атылып шығып, жолбарыстай әбжіл қимылға салып, тұлқі бұланмен көрсеткен аламан өнеріне таңдай қағып, тамсанбаған жан болмапты. Сол бір дүбірлі кездесулерді көзімен көрген көнекөз жандар күні бүгінге дейін сағынышпен сол кездерді еске алады. Ол кісінің ықпалымен ірігесін қалап кеткен волейбол мектебінен қаншама шәкірттердің қанаты қатайды. Шәкірттерінің ізбасарлары да бүгінде өз алдына таланттар тобын тәрбиелеп, дарынды жастардың қатарын көптеп шығарып келеді. Ұрпақтар жалғасы деген осы болар.

Қазақ жерінде 1955-1972 жылдардағыдай волейбол ойыны секілді бірде бір спорт түрі бұқаралық сипат алып, биік деңгейге көтерілмеген екен.

Тіпті елге танымал қоғам, өнер, мәдениет, әдебиет салаларының марқасқалары да осы спорт түрімен айналысып, осы күнге дейін волейболды саламаттылық өмір салтына айналдырып келеді.

Олардың арасында әйгілі ақын, жазушы Олжас Сүлейменов, Нұртай Әбікаев пен Амангелді Шабдарбаев секілді ел ағаларының қатары қалың. Аттары аталған ағаларымыздың бозбала шақтарында Октябрь Жарлығаповтың ықпалымен волейбол ойнағанын біреу білсе, біреу білмес. Сол елімізге белгілі үш азамат әйгілі волейбол маманы Жарылғаповтың төл шәкірті болып саналады. Әлемнің азаматы деңгейіне көтеріліп, арғымақ шабысты жарлармен миллиондаған оқырманның жүрегін жаулап, қайраткерлігімен ерекшеленген заманымыздың заңғар тұлғасы Олжас Омарұлы Сүлейменов те спорттан құр алақан емес. Әсіресе, волейбол десе ішкен асын жерге қояды. Қазірдің өзінде уақыт тауып спорт залға бас сұғып қана қоймай, халықаралық ардагерлер арасында өтетін тартысты жарыстарда әжептеуір ойын көрсетіп жүргенін көзіміз көрді.

Кейінгі жылдары волейбол аулалық спорт түрі болып келгені рас. Содан кейін әр жыл сайын бұл спорт түрі қаркын алып кеңінен дами бастады. Алматы сол кезеңдері волейболға құмар халықтың қайнаған ошағы болды. Стадиондарға мыңдаған адамдардың қарасы толып, спорт залдарда нағыз шеберлердің ойындарын тамашалауға көз тіккен халықта есеп болмаған. Тартыска тола ойындарды көре отырып, волейболға деген халықтың сүйіспеншілігі одан әрмен арта түсті. Бүгінде еліміз егемендік алғалы бері волейбол сол баяғы қырлы да қызықты ойын түрі болып, дамып келеді. Денсаулық пен саламатты өмір салты жаршысының бірі ретінде волейболға деген қызығушылық жоғалған емес. Волейбол – спорттың текті бір түрі деуге келетін сияқты. Бүгінде елімізде ерлер мен әйелдер арасындағы ел чемпионаттарымен бірге ардагерлер волейболы құрылып, жасы 60-70 алқымдаған ағаларымыз ала допты әуеде ұрышқыа иіріп, денсаулықтарын жақсартып жүр.

Елімізде волейболдың әуесқой түрінен бөлек, кәсіби деңгейдегі қал-ахуалы көңіл қуантарлық жағдайда болмай тұр. Мысалы, Ұлттық команда құрамының жасара түскенінің себебінен бе әлде білікті волейбол мамандарының жетіспеушілігінен бе, әйтеуір еліміздің бас командасы соңғы кездері сүренсіз ойындар көрсетіп жүр. Еліміздегі волейбол клубтары жайлы әңгіме бір төбе.

Осындай сәттерді Октябрь, Жәнібек, Заңғар, сынды асқар таудай алып ағаларымыздың даңғыл жолын еріксіз еске алуға тура келеді. Біздің волейболда қазір көш бастайтын, аттары аталған ағаларымыз секілді намысы биік, шеберліктері жоғары серке ойыншылар жоқтың қасы. Тұлғалар арқылы тәрбие жұмысы да жемісін бермей тұрған секілді. Ендеше, Ұлттық құраманың тізгінін ұстаған жандар белсене іске көшпесе осы бір текті спорт түрі тығырыққа тіреліуі әбден мүмкін.

Назым Хикметтің «Мен жанбасам лапылдап, сен жанбасаң лапылдап» деген сөзін еске ала отырып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жұмыла жұмыс істеу керек. Ойын аланында от болып лапылдаған патриот, шебер ойыншылардың ойынын көруге ынтық жанкүйер әзірге тартысты кездесулердің тамашасын көре алмай келеді. Сондықтан болар додалы ойындарды тамашалауға баратын халықтың қарасы сирел бара жатқан сияқты. Көпшілікті волейбол аландарына тарту үшін алда тұрған қадау-қадау мәселелерді қалай шешуін жолын қарастыратын кез жетті.

Ол үшін мамандардың Октябрь ағамыз салып кеткен сара жолдан сабақ алып, бүгінгі күні «ескінің көзі, жібектің бөзі» болып арамызда жүрген алдыңғы толқын ардагер ағаларымыздың тәжірибесіне жүгінсе нұр үстіне нұр болар еді...

Ақын ОРДАБАЙҰЛЫ

ДҮНИЕ-КЕРУЕН

Ғылымның шыққан шыңына

Қазақ химия ғылымы аса ауыр қайғыға ұшырады. 2020 жылдың 9 шілдесінде «А.Б. Бектуров атындағы Химия ғылымдары институты» бас директоры, көрнекті ғалым, ҚР ҰҒА академигі, химия ғылымының докторы, профессор Еділ Ерғожин 79 жасқа қараған шағында дүниеден озды. Еділ Ерғожұлы Ерғожин 1941 жылы 7 қарашада Алматы облысы, Ескелді ауданы, Екпінді ауылында дүниеге келген. 1963 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетін үздік бітірді. 1974 жылы «Жаңа ионалмастырғыш және тотығу-тотықсыздану полимерлерінің синтезі және түзілу заңдылықтарын зерттеу» тақырыбында докторлық диссертациясын өте жақсы қорғады. Қазақ КСР ҒА Химия ғылымдары институты Ионалмастырғыш шәйірлері зертханасының меңгерушісі, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті Химия факультетінің Жоғары молекулалық қосылыстар химиясы кафедрасының меңгерушісі, деканы, бірінші проректоры және ректоры, «А.Б.Бектуров атындағы Химия ғылымдары институты» АҚ директоры, бас директоры және Ионалмастырғыш шәйірлер және мембраналары зертханасының меңгерушісі, ҚР ҰҒА вице-президенті (1994-1995), Білім және ғылым вице-министрі (1999-2002) болып жұмыс істеді. ҚР ҰҒА академигі Е.Е.Ерғожин «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының заңын, Қазақстан Республикасының Ғылыми және ғылыми-техникалық саясатының тұжырымдамасын және «Ғылым» мемлекеттік бағдарламасын әзірлеуші жұмыс тобын басқарды. Ол алғаш рет сорбцияланатын иондарға қатысты олардың өткізгіштігі мен селективтілігін реттеудің және басқарудың ерекше әдістерін жасады. Алғаш рет үлгі ретінде төмен молекулалық қосылыстар сызықты және тігілген полимерлердің полимер тәрізді түрленуінің механизмдерінің және металл иондарымен, органикалық қосылыстармен кешен түзуінің салыстырмалы бірқатар ерекшеліктерін анықтады. Ол металл-кешентүзуші ионның қатысуы мен иондану дәрежесі мен молекулааралық өзара әрекеттесу дәрежесінің өзгеруін ескере отырып, Бьерум түзілу функциясы мен ионит кешендерінің тұрақтылық мәндерін есептеудің өзіндік алгоритмін жасады. Ол жетілдірілген физика-химиялық және электрохимиялық сипаттамалары бар жаңа гетерогенді, гомогенді, интерполимерлі және биполярлы ионалмастырғыш мембраналар алудың перспективті әдістерін жасады және олардың негізінде өнерәсіптік электрдиализ қондырғылары мен суды тұзсыздандыру қондырғылары әзірленді. Әзірленген технология Алматы электрмеханика зауытына енгізілді. 1982 жылы Е.Е.Ерғожин жаңа мембрана технологиясы саласындағы приоритетті ғылыми бағытты дамытқаны және

ғылыми жетекші ретінде «EDUсериялы электрдиализ қондырғыларын жасау және халықшаруашылығына енгізу» еңбегі үшін ғылым және техника саласы бойынша Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Академик Е.Е.Ерғожин Лейпциг (Германия), Чарльз (Чехия) университеттерінде, 1 Ренн (Франция) университетінде, Ариэзона және Техас (АҚШ) университеттерінде, Анкара, Ыстанбұл, Ескишехир (Түркия) университеттерінде дәріс оқыды. «XXI ғасырдағы ғылым. Жаңа міндеттемелер» атты Будапешт қаласында өткен I Дүниежүзілік ғылыми конференциясында Қазақстан Республикасының ғалымдар делегациясын басқарып, Париждегі ЮНЕСКО-ның Штаб-пәтерінде өткен Халықаралық дөңгелек үстелге (2000 ж.) Түркістан қаласының 1500 жылдығына арналған баяндамамен қатысты. Академик Е.Е.Ерғожин жоғары молекулалық қосылыстар химиясы, ион алмасу және мембраналық технологиялар саласында жемісті жұмыс істейтін химиктердің әлемге әйгілі ғылыми мектебін құрды. Ол 13 доктор, 95 химия ғылымдарының кандидатын және 4 философия докторын (PhD) даярлады. 32 іргелі монографияның, 7 оқулықтың, 72 шолу мақаланың, 1410 ғылыми мақаланың авторы, онын 550-ден астамы халықаралық, сонымен бірге 348 КСРО авторлық куәліктері, ҚР және шетелдердің алдын ала патенттері, инновациялық патенттері алынды. ҚР ҰҒА академигі Е.Е.Ерғожиннің редакциясымен 20-дан астам монографиялар, биобиблиографиялар, Қазақстанның жетекші ғалым-химиктерінің тандаулы еңбектері, республикалық және халықаралық ғылыми конференциялар материалдары жарық көрді. Оның өмірі мен шығармашылығы туралы 3 кітап, түрлі энциклопедиялар, журналдар мен газеттерде 200-ден астам мақала жарық көрді. 1989-2002 жж. Аралығында «ҚазКСР ҒА-ның хабарлары, химия сериясы» журналының бас редакторы болды. 2003 жылы академик Е.Е.Ерғожин «Қазақстанның химия журналы» ғылыми журналының негізін қалады.

Академик Е.Е.Ерғожиннің аты Қазақстанның Алтын Құрмет кітабына енгізілген, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, С.И.Вавилов атындағы медальмен, Әл-Хорезми алтын медалімен және дипломымен (Иран, Тегеран) марапатталған. Ол тәуелсіз халықаралық «Платиналық Тарлан» меценаттар клубы, «Алтын Адам-Жыл Адамы» сыйлықтарының лауреаты. Ғылым мен білімнің дамуына, жас ғалымдар мен мамандарды даярлауға, Қазақстанның химия ғылымының нарықтық жағдайға бейімделуіне және әлемдік аренаға шығуына қосқан орасан зор үлесі үшін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев алғыс жариялап, «Алтын барыс» белгісі беріліп, «Ғылым мен ғылыми серіктестікке қосқан үлесі» үшін Алтын медалімен және РФ Президенті жанындағы Ресей мемлекеттік басқару академиясының «Парасат» орденімен марапатталды. Оған «Франция ғылымының маршалы» құрметті атағы беріліп, Өнерәсіпке көмек ассоциациясы (Франция) Наполеон медалімен марапатталды, «Байқоңыр» ғарыш айлағынан зымыран ұшырудың қоршаған ортаға әсерін бағалау» Ресей-Қазақстандық бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді катысқаны үшін ҚР медальдары беріліп, Ресей Федерациясының Космонавтика федерациясы С.П.Королев атындағы медальмен марапатталды. Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы Алтын медалімен марапатталды. Оксфорд әлемдік ғалымдар саммитінің Сократ комитеті шешімімен ғылыми-зерттеулер саласындағы Халықаралық сыйлыққа ие болып, «The Name in Science – Ғылымдағы есім» құрметті атағы беріледі. Аты әлемнің көрнекті ғалымдарының дүниежүзілік реестріне енгізіліп, «Дүниежүзілік ғылымға қосқан үлесі үшін» Данқ медалімен марапатталды.

Е.Е. Ерғожин АҚШ-тың Нью-Йорк академиясының академигі, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Құрметті профессоры, Вена қаласының Халықаралық университетінің Құрметті профессоры, Американдық химия қоғамының мүшесі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Құрметті профессоры, Ескелді ауданының және Алматы облысының құрметті азаматы болды. Еділ Ерғожұлы Ерғожиннің жарқын бейнесі халықтың жүрегінде мәңгі сақталады. «А.Б.Бектуров атындағы Химия ғылымдары институты» АҚ ұжымы және Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы Еділ Ерғожұлының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның туыс тары мен достарына қатты қайғыңды қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Мұрат ЖҰРЫНОВ,
ҚР ҰҒА президенті

Қажы-ағаңнан қалған мұраға ие болуымыз керек

Қажығали Мұхамедқалиұлы өзінің өрнегі бар, мінезі де, болмысы да ешкімге ұқсамайтын бір көркем адам. Мен осы қазаға сенгім келмей отыр. Бізге тек қана әріптес аға емес, өзіміздің бауырымыздай болып кеткен. Адам баласы мәңгілік емес қой.

Қажығали ағамы артында тамаша әңгімелер қалдырды. Ол өзіне жарнама жасамайтын, өзіне назар аударуға тырыспайтын адам еді. Жақсы роман жазды. Мен сол романның жалғасы болады деп ойлайтын едім. Өкінішке қарай, ағамыз арамыздан кетіп қалды.

Бір сөйбен айтқанда қазақ әдебиетінде өзінің тұтас бір ұрпаққа жалғасып келеді. Өзіміз де ағаларымыздың өкшесін басып

келеміз. Әр ұрпақ ауысқан сайын ерекше аландаймыз. Өйткені жазушылық деген көрінген адамның қолынан келмейді. Мейірімді адамдар, қайраткер адамдар көп болуы мүмкін. Бірақ әдебиетте ешкім қайталанбайды. Біз қателесіп, біреуді біреумен салыстырып жүрміз. Әдебиетке келген, өзінің атын дәлелдеген, жұрт мойындаған адам ол жеке бір әлем, жеке бір көз дүниеге қарайтын. Біз ең мақтаулыларды ғана мақтап жатамыз, әйтпесе әдебиеттегі адамның әрқайсының өз орны бар. Ол еш уақытта қайталанбайды.

Өкінішке қарай, енді біз Қажыағаңнан қалған мұраға қайтып оралып, ие болып, ұмытпауымыз керек. Жаны жәннатта болсын!

Мейірхан АҚДӘУЛЕТ

Ән өнерінің абызы...

Кеңес ағамыз бізге, жас композиторларға өзінің ақылын айтатын бірегей, ұлы тұлға десек те артық болмас. Өйткені әрбір шығармамызды апарып көрсеткен кезде арқамыздан қағып, «дұрыс жолда келе жатырсың» деп қолдауын аямайтын... Егер дұрыс болмаса, «мына жерін түзендер, дұрыстап жазыңдар» деп ақыл беріп отыратын. Расында да өнерге, оның ішінде эстрада өнеріне жаңы ашитын ұлы тұлғалардың бірі еді.

Мен алғаш шыққан кезде де әнімді тыңдап, «шығармашылығың ұнайды» деп өз ықыласын білдірген. Әрдайым қарап, бақылап жүретін. Өзі анда-санда «Сейдолла Бәйтерековтен кейінгі Тілес Қажығалиев, Талғат Сарыбаев сынды жақсы композиторлар кеткеннен кейін жалғызсырап қалдым» деп айтып жүретін.

Кеңес ағамыздың қазасынан кейін музыка саласы ақсап қалды. Ақылын, ойын үнемі бөлісіп жүретін еді. Ол кісінің берген ақылын дұрыс орындап, барлық мүмкіндігімізді салуға, өзі айтқан жолдармен жүруге тырысамыз. Кеңес Дүйсекеұлы сонындағы мәдениет қызметкерлеріне үлгі-өнеге болған, азаматтық ұстанымымен де көпшіліктің құрметіне бөленген ән өнерінің абызы еді.

Ағамыздың жатқан жері жайлы болсын! Артында қалған жақындары, тұяғы Нұркен аман болсын! Баян жеңгемізің дені сау болсын! Қайғыңып көңіл айтамын!

Жеңіс СЕЙДОЛЛАҰЛЫ

«Қазақ газеттері» ЖШС және Серіктестікке қарасты басылымдардың еңбек ұжымдары Қазақстанның баспагерлері, полиграфистері және кітап таратушылары президенті
Жанат СЕЙДУМАНОВТЫҢ
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Республикалық «Ана тілі» газетінің ұжымы әнші Саят Медеуовке
анасы НҰРҒАЙШАНЫҢ,
әкесі ҚАБЫЛДЫҢ
қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«АДАЙ» КҮЙІ АСҚАҚ РУХ СЫЙЛАЙДЫ

Александр Сон – қазақ тілінде таза сөйлейді. Қаратал ауданындағы Кәлпе ауылында туып, қазақы тәрбие көрген. Бүгінде І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенті. Қазақ тобында оқитын ол мемлекеттік тілде эссе, әңгімелер жазып қана қоймай, Абай, Ілияс, Мұқағали өлеңдерін жатқа оқиды.

Александр бала кезінен көршілері, достары қазақ болғандықтан: «Мен неге қазақша сөйлемеймін» деп ойлайды. «Қазақ тілін меңгеруде ешқандай қиындық тумады. Бір-екі жылдың ішінде толық меңгеріп кеттім. Өйткені, 4-5 жасымнан бастап қазақпен қазақша сөйлестім» дейді кейіпкеріміз.

Кәріс кейіпкеріміз қазақ мектебін бітірген. «Бастауыш сыныпты орыс тілінде оқыдым. 5-сыныпқа көшкенімде орыс сыныбы жабылып, ата-анам: «Үштөбедегі мектепке ауысасың ба, әлде жоғары сыныптарды қазақ тілінде жалғастыра бересің бе?» деп сұрады. Сонда ата-анамнан алыстағым келмеді ме, достарымды қимағаннан ба, қазақ сыныбына барамын деп шештім. Алғашында сыныптастарым орысша сөйлеп, қиналған еді. Сөйтсем, олар мені қазақша түсінбейді деп ойлаған екен. Өзара тіл табысқан соң еркін сөйлесіп кеттік. Арамыздағы «тіл қақпаны» жойылды» дейді Александр. Жүрегі қазақ деп соққан жан ата-анасына айтып, қарындасын да қазақ мектебіне бергізген.

Көркем әдебиетке қызығушылығын 5-сыныпта пән мұғалімі Эльмира Бақытқалиқызы оятқан. Өлеңдерді мәнерлеп оқып үйренгеннен кейін жарыстарда бағын сынай бастайды. Сөйтіп, кейіпкеріміз 7-сыныпта республикалық «Жарқын болашақ» байқауында «Сөз шеберіне» қатысып, ІІІ орынды қанжығалап қайтады. Одан бөлек, «Жарқын болашақтың» «Жазушы» номинациясында ІІІ орын, облыстық «Көркем сөз – көркем ой» байқауынан І орын иеленген.

«Қазақ әдебиетін қатты ұнатамын. Бірақ тіл ережелеріне келгенде осалдығым байқалып қалады. Ал әдебиетті жаныммен жақсы көремін» деген Александр Абай, Ілияс оқуларына қатысып, жүлделі орындарды иеленген. Сондай-ақ, ол Абай, Ілияс, Мұқағали, Мағжан, Фаризаның өлеңдерінен бөлек, І.Есенберлиннің «Көшпенділерін», Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңызын» жастана оқыған.

«Алғашында өлең, проза, поэмаларды оқыған кезде көп қиналдым. «Қазақ астарлап айтуды жақсы көреді» деп ұстазым көп айтатын. Оған өлең, проза, поэмаларды оқығанда көз жеткіздім. Өйткені, бір оқығаннан автордың оқырманға жеткізгісі келген ойын түсінбейтінмін. Үшінші, төртінші рет оқығаннан кейін ғана ұғатынмын».Міне, Ескендірдің басынан өткен осы оқиға оның көркем әдебиетті таңдауына ықпал еткен.

Айпақшы, Александрдың қазақша есімі – Ескендір. Жоғары оқу орнына түскенінде ұстаздары, топтағы достары қазақшасының тазалығына тәнті болып, есімін қазақшалайды. Ойлана келе Ескендір деп атауды ұсынған. Оған қуана келіскенін айтқан ол: «Абайдың «Ескендір» поэмасындағы Александр Македонскийге балап, мені Ескендір деп атаймыз дегенде бірден келістім. Себебі, есім ұнады. Содан бастап кәрістің Ескендірі атандым» дейді.

«Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» демекші, Ескендір домбырада ойнауды да үйренген. «Адай» күйін тыңдаудан жалыққан емеспін. Асқақ рух сыйлайды. Не үшін екенін білмеймін, күй тыңдасам жүрегім атқақтап, толқып кетемін» деген кейіпкеріміз домбыра үйрену курсына жазылып, үш ай қатысқанын айтты. Нәтижесінде, «Еркем-ай» сынды үйренуге оңай күйлерді меңгерген.

«Қазақ тілінің өмірінде алатын орны қандай?» деген сауалымызға: «Тілді білгенім, ең алдымен мол мүмкіндіктерге жол ашты. Туып-өскен елімнің тілінің тарихын, сөздік қорының байлығына, тазалығына тәнті болдым. Бүгінгі таңда жеткен жетістігімнің барлығы – ұлттық тілдің арқасы. Соның арқасында Қазақстан халқы Ассамблеясының 27-ші сессиясында Елбасы Н.Назарбаевпен жүздестім. Одан бөлек, республикалық «Мың бала» жобасына қатысып, бас жүлдені ұтып алдым. Егер мен қазақ тілін жетік білмесем, осындай дәрежеге жетпес едім» деп жауап берді.

Ескендір еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің тату-тәтті өмір сүріп жатқанын қазақ халқының қонақжайлылығының арқасында деп біледі. Ол кең-байтақ қазақ жерінде тұрып жатқан өзге ұлт өкілдерінің барлығы да қазақ тілін меңгеруге тырысуы қажет деп ойлайды.

«Үй-ішіммен орыс тілінде, әжеммен ара-арасында кәріс тілінде сөйлесемін. Соның өзінде, кәріс тілін жақсы білмеймін, тек қана түсінемін. Отбасым қазақ тілін түсінгенімен, ойларын жеткізе алмайды. Кейде бірден қазақша әңгімелесіп не болмаса жауап беретін кездерім болады» дейді Ескендір. Ол дүние есігін ашып, мекен еткен елінің тілін меңгеріп, салт-дәстүрін игеріп, әдет-ғұрпымен таныс болудың да өз артықшылығы бар екенін айтады.

Міне, еліміздің ертеңіне айналып, «Мәңгілік Ел» жолында аянбай тер төгетін осындай өскелең ұрпақты көріп, бір жағынан оларға сүйсініп, төбең көкке бір елі жетпей тұрса, ал енді екінші жағынан кейбір өз тілін өзекке тебетін, мұрнын шүйіре қарайтын қаракөздерімізді ойлап, қатты қынжыласың. Шіркін, осындайда олар жүрегі қазақ деп соққан Ескендірдей жандардан үлгі алса ғой дейсің.

Еңлік ҚАБДЕШ

Алматы облысы

БІРЛІГІМІЗ ЖАРАСҚАН...

Алматы облысында алғашқы этномәдени орталықтар өткен ғасырдың 80–90 жылдары құрылып, Жетісу халықтарының қауымдастығы атты бірлестік ұйымдастырылған. Кейін облыстық ассамблея құрылғаннан соң өңірдегі барлық этномәдени орталық ассамблеяның құрамдас бөлігі болып енді. Біз осы жолы корей этномәдени бірлестігі туралы жазуды жөн көрдік.

Өңірдегі корейлердің этномәдени бірлестігі 1996 жылдың сәуірінде тіркелген. 2002 жылы Алматы мен Талдықорған облыстары біріккен уақытта, бірлестік аймақтық корей мәдени орталығы ретінде қайта құрылып, 2006 жылы Қазақстан корейлері қауымдастығының құрамына енді. Бірлестіктің мақсаты – корей этносының адамгершілік-сауаттылық құндылықтарын сақтап, жастарды ата-ананы және отбасы мен қоғамның игілігі жолындағы таза еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу. Этномәдени бірлестіктің қызметі тілді дамытуға және ерекше ұлттық мәдениетті сақтауға бағытталған. Сондай-ақ қайырымдылық шараларға барынша атсалысып, материалдық көмек көрсету жұмыстарында белсенділік танытады. Орталық өз жұмысын аудандық этномәдени бірлестіктер төрағалары арқылы жүргізеді. Ал «Қазақстан – Корея» достық қоғамы аймақтық қоғамдық бірлестігі 1995 жылдан бері жұмыс атқарып келеді. Бұл азаматтардың ұлттық, діни және әлеуметтік айырмашылығына қарамайтын ерікті негіздегі бірлестік. Аталған бірлестіктің төрайымы Клара Ханның айтуынша, қоғамның негізгі мақсаты – еліміз бен корей халықтары арасындағы достық пен өзара түсіністікті нығайту. Сонымен бірге екі елдің арасындағы мәдени, іскерлік және ғылыми байланыстардың дамуына қолдау көрсету.

Ұйым қоғамдық қозғалыс белсенділеріне сүйеніп, әкімдік пен Алматы облысындағы ҚХА өткізген шараларға белсенді түрде қатысып отырады. Бірнеше жыл қатарынан жыл бойы мәдени қоғамның ұйымдастыруымен «Тәуелсіз елдің тарихы. Ұлы дәстүрлер» атты форум өткізіліп жүр. Алматы облыстық КХА төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай «Бірлестік ұлттық дәстүрлерді қайта түлетіп сақтауда, корей халықтарының тарихы мен тілін үйренуге бағытталған мәдени-ағартушылық жұмыстарды жүзеге асыруда зор үлес қосып келеді. Бірлестік өкілдері республикада азаматтық қоғам қалыптастырудың өзекті мәселесі жөніндегі бұқаралық пікірталастар мен дөңгелек үстелдерге белсенді түрде қатысып, басқа да этномәдени орталықтарымен бірге ұйымдастырған барлық мемлекеттік шараға атсалысады. Сондай-ақ әр түрлі кеш пен көрме, өзге де шараларды өткізуде де белсенді» дейді.

Алматы облысындағы «Қазақстан – Корея» достық қоғамының мұрындық болуымен бірнеше мәдени шара өткізілуде. Бүгінде қоғамның бастамасымен денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік жобалар бойынша Оңтүстік Кореяның тиісті мекемелерімен қарым-қатынас орнатылған.

Назерке КӘКІМОВА

Талдықорған қаласы

ДОСТЫҚ – ҚЫМБАТ ҚАЗЫНА

Еліміздің басты байлығы – халықтың бірлігі, осы баға жетпес байлықтың арқасында елімізде ынтымақ, тыныштық пен тұрақтылық қалыптасқан. Бұл маңызды негіздер Қазақстанның дамуына жол ашқаны баршамызға белгілі.

Қазақстан Республикасының дамуы, әрине, халықтың жағдайының жақсаруымен тікелей байланысты. Орталық Азиядағы өзге елдердің тұрмыс-ахуалымен салыстырғанда, біздің жағдайымыз біршама жақсы екені бәрімізге белгілі. Осындай керемет мемлекетте өмір сүруді нәсіп еткен Жаратушы иемізге шүкіршілік айтуды ешқашан ұмытпауымыз керек деп ойлаймын. Халық бірлігін қамтамасыз етуге Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев үлкен үлес қосты. Барша ұлттардың басын біріктіріп, бір халыққа айналдырды. Бүгінгі Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев та татулық жолын жалғастырып, Қазақстан халқына Жолдауында татулық пен ынтымақты сақтай білуіміз керек екенін баса айтты. Сондықтан барша ұлттың айрандай ұйыған бірлігін сақтау үшін, бәріміз жұмыла еңбек етуіміз керек. Ол еңбектің бірі – мемлекеттік тілді ұлтаралық тіл ретінде қолдану дер едім. Мен үшін осы мәселе өте нәзік әрі бүгіннен қалдырмай қолдануымыз керек қадам деп есептеймін. Осы бағыттан ауытқымасақ, келешегіміз жарқын болады деп сенемін.

Ең бастысы әрі бірінші жайт, жастар арасында отансүйгіштік сезім күшейген. Екіншіден, тілге деген құрмет, сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де байқалып келеді. Ең бастысы мемлекеттік тілдің аясын қоғамның әр саласында да кеңейте білуіміз керек. Иә, өкінішке қарай: «Қазақ тілінсіз де өмір сүре аламыз, тіл үйренуге қабілетіміз жоқ» дейтіндер де бар. Бұл сөзімізбен жастарға қандай үлгі-өнеге көрсетеміз? Болашақ жастардың қолында дегеніміз – барлық жауапкершілікті оларға жүктеп қою ғана емес қой. Үлкендердің көрсеткен жолы, берген тәрбиесі, насихатты сөзі, ұлағатты үлгісі арқылы да болашағымызды айқындаймыз. Жастарға өсиет етіп, бірлікті сақтай білуіміз керек деген сөзді ұдайы айтып жүрміз. Ал мемлекеттік тілді негізгі тілі ретінде қолдануға мүмкіндік берсек, мақсатымызға жеткеніміз емес пе?

Қазақстан – небір зобаланды, небір қиындықты бастан кешкен мемлекет. Бірақ, әрдайым ғасырлар көшінде жасап, гүлденіп, тағдырдың өткелектерінен аман өтіп келеді. Соның нәтижесінде, қазақ халқы – тәуелсіздігін алды, бейбітшілікке қол жеткізді. Ал, оның негізі, түп-тамыры халықтың бірлігінде, татулығында, біртұтастығында.

Қазақ елінде татулығы жарасқан 130-дан аса ұлт өкілі тұрады. Олардың барлығының жүрегінде бір ел, бір арман, бір сенім бар. Олардың күллі арманы мен болашағы Қазақстанмен байланысты. Еліміздің тату-тәтті шаңырағының астында алаңсыз өмір сүруіміз бірінші Алланың жазғаны, екінші халқымыздың түзу пейілінің арқасы. Арманы мен мақсаты бір, кемел келешекке бір ниетпен қол созған, ынтымағы мен бірлігі жарасқан ұлт болмаса, республикамыздың бірлігі баянды болмас еді. Дегенмен, әлем елдері қызғана да, қызыға да қарайтын мемлекетіміз бейбіт өмірінің тұғырын биік ұстауда. Себебі, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратын алтын асықтай ұлдары, күміс қасықтай қыздары, данагөй қарттары бар.

«Қазақстанның болашағы қазақ тілінде. Тілсіз ұлт болмайды. Өз тілімізді сақтау, өз тілімізді құрметтеу отаншылдық рухты оятуға қызмет етеді. Әрі ол – ата-баба алдындағы ұлы парызымыз да» деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, мемлекеттік тілдің мәртебесін асқақтатып, оның қолданылу аясын кеңейтуге, дамытуға атсалысу, сонымен қатар білім ордаларынан бастау алуы тиіс. Адам баласы тек қана білім арқылы дүниенің құпия сырын ашады. Білімнен тағылым алып, болашағын болжап, келешегіне бағыт белгілейді. Білім алдымен тіл арқылы игеріледі. «Тіл бесікте бекиді, үйде қалыптасады, бойға ұялайды, шаңырақта шыңдалады, мектепте дамиды, сөйлегенде жетіледі, жазғанда қалыптасады» деген Асылы Османованың сөзімен толық келісемін.

Еліміздегі бірлікті мақтана да, тамсана да ән-жырымызға қосуға болады, қосып та келеміз. Жыл сайын дүркіретіп атап өтілетін 1 мамыр – ұлттар достастығы мерекесі оның айқын мысалы емес пе?! Сондықтан да, елімнің жанашыр патриоты ретінде, ұлтым татар болса да, жаным қазақ екенін айтқым келеді. Қазақстанымның әр жетістігін, әр бақытты сәтін кеудемді көкке көтере мақтана айтамын. Татулық пен ынтымақтың не екенін көріп өскеннен кейін, оны жалғастыру – азаматтық парызымыз. Ата-бабаның маңдай терімен, төккен қанымен келген киелі аманатқа тәуелсіз елдің ұландары қиянат жасамайды деп сенемін. Көгімізде Көк Тудың мәңгі желбіреуі, асқақ әнұранның шырқалуы үшін мен де, сіз де, ол да қолдан келгенше еңбек етуі керек. Адамның адал әрі таза еңбегі ғана оны биікке көтереді. Біз үшін ең бастысы мемлекетіміздің биіктен көрінуі. Сондықтан, еліміздің еңселі, Тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуы жолында аянып қалмайық.

Қазақстан – Ұлы Дала Елі! Қазақстан – татулық пен бірліктің мекені!

Руфина ИВАНОВА,
татар диаспорасының өкілі

ТАЛДЫҚОРҒАН

ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ

Құрылтайшы және шығарушы:
«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Бас директор – Редакторлар кеңесінің төрағасы
Шәмшидин ПАТТЕЕВ
қабылдау бөлмесі 272-87-30
kaz_gazeta@mail.ru
www.kazgazeta.kz

ANA TILI

- Бас редактор **Жанарбек ӘШІМЖАН**
- Бас редактордың бірінші орынбасары **Нұрперзент ДОМБАЙ**
- Бас редактордың орынбасары **Қарагөз СІМӘДІЛ**

Бөлім редакторлары:
Нұрболат СҰЛТАНҒАЗИЕВ – Тіл мәселелері және этнография
Ақбота МҰСАБЕКҚЫЗЫ – Білім, ғылым және мәдениет
Бағдагүл БАЛАУБАЕВА – Әлеуметтік мәселелер және ақпарат

«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдіктері:
Ғалым ОМАРХАНОВ 8 775 750 9444 (Нұр-Сұлтан)
Жанғабыл ҚАБАҚБАЕВ 8 771 769 6322 (Ақтөбе обл.)
Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИЕВ 8 (7292) 40-41-01 (Маңғыстау обл.)

Ⓐ материалдың жариялану ақысы төленген

Меншікті тілшілер:
Өтеген НӘУКИЕВ (Атырау) 8 701 518 46 81
Орал ШӘРІПБАЕВ (Семей) 8 705 661 14 33
Оразалы ЖАҚСАНОВ (Қостанай) 8 777 230 71 84
Жарқын ӨТЕШОВА (Мәскеу) Zharkyn-1@yandex.ru

Фототілші Азамат ҚҰСАЙЫНОВ
Беттеуші Нұржан АСАНОВ
Корректор Нұрлайым БАТЫР
Хатшы-референт Назгүл БЕЙСЕМБАЕВА

Қоғамдық негіздегі кеңесшілер:
Ғарифолла ӘНЕС – филология ғылымының докторы
Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ – филология ғылымының докторы, профессор
Аягүл МИРАЗОВА – педагог-ұстаз, Қазақстанның Еңбек Ері
Талас ОМАРБЕКОВ – тарих ғылымының докторы, профессор

- Апталық Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 28 наурызда №17007-Г куәлігі берілді.
- Газет аптасына бір рет, бейсенбі күні шығады.
- «Ана тілі» газетінде жарияланған материалдардың авторлық құқы «Қазақ газеттері» ЖШС-ға тиесілі, жарнаманың мәтіні мен тіліне редакция жауапты емес.
- «Ана тілінде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Газет авторларынан мақалалардың 3 беттен (14 кегль) аспауын, электрондық нұсқасымен қоса әкелуін сұраймыз. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, қолжазба кері қайтарылмайды.
- Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында жасалды. Индекс 65367. Офсеттік басылым.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
050013, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 175, 4-қабат

РЕДАКЦИЯ ТЕЛЕФОНДАРЫ:
2-72-49-78 (қаб.бөлмесі/факс)
Бөлім редакторлары: 267-40-07
E-mail: anatili_gazeti@mail.ru

Таралымы 15 000

Кезекші редактор
Нұрболат СҰЛТАНҒАЗИЕВ

- Газет: Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17 үй. «Дәуір» РПБК ЖШС-нда, Тел: 273-50-53; Ақтөбе қаласы, Смағұлов көшесі, 9/2, «Хабар-Сервис» ЖШС баспаханаларында басылып шықты

Тапсырыс №1032/870